Баққаны ылғи сұмдық боп,
Ағайын болды жалақор
Ту ұстар ерің қалмады,
Шерге айналды арманы.
Аш бүйіріңнен қаралып,
Орыстың салған қармағы.
Бара жер, басар тауың жоқ,
Тайы болдың таңбалы [4].

Осындай саяси мәні бар тұжырымдар жасаған Дулат қазақ халқының енжар, жағдайын қатаң сынға алады, ел, халық болып қарсы тұруға шақырады. Олай болмаған жағдайда болашақта қазақ халқы дінінен, тілінен, ділінен айырылып, мүлдем орыстануға бара жатқанын жан айғайымен дәлеледейді:

Ойланбайсың біреуің
Енді алмаған нең қалды
О, бұл күнің де күн екен
Ендігі күнің мұң болар!
Аталынын арты азып,
Әумесер тентек жыр болар
Жапырақты шынарың
Сояуы қалып сұм болар.
Жеріңді алар тіліктеп,

Мұшеңді санар жіліктеп.
Ел қамын жеген еріңді
Қойдай сояр бүліктеп [4].

Қандай көрегендік ой-пікір! Дулаттың болжаған көрегенділік саяси-құқықтық идеялары кеңес мемлекеті тарапынан да іс жүзіне асырылды, болжаған саясаты қарқындап жүргізілді, ұлттық менталитет аяққа тапталынды. Ойшылдың патриоттық идеялары бүгінгі күні де өзінің көкейкестілігін жоймайды. Жаһандасу сияқты ұлттың тіліне, діліне, дініне қара түнек түсіретін, ұлтсыздануға жол ашатын процеске қарсы тұруға Дулаттың ой-пікірлері күрес құралы сияқты.

Зерттеуші М. Мырзахметов Дулат шығармашылығының саяси мәніне, мынандай дұрыс баға береді ,,Дулат творчестовосының басты ой сарыны мен өзекті тақырыптары сол кезеңнің саяси-әлеуметтік өмір шындығына тікелей байланысты туындап жатқан құбылыстар болатын-ды. өйткені отаршылдық мүддені көздей отырып, еріксіз сырттан танылған ... ел билеу жүйесі өмірге енген тұста... өмір кешкен Дулат ақын шығармаларының тақырыптары да осы шындыққа орай туындап жатты. [5].

Дулат Шортанбай сияқты ойшылдардың сапынан Мұрат Мөңкеұлы да ерекше орын алады.

Мұрат Мөңкеұлының саяси-құықтық идеялары Шортанбай және Дулат сияқты ойшылдарға қарағанда өткірірек болып, отаршылдыққа бағытталған саяси-экономикалық, әлеуметтік-құқықтық саясатын нағыз өршіген кезде, яғни XIX ғасырдың соңында өзінің ой елегінен өткізді, шиеліністердің зардаптарына қатаң сын айтты. Мұраттың ең негізгі, орталық идеясы – сол кездегі империяның әкімшілік реформа жасау арқылы қазақ жеріне баса-көктеп кіріп, пайдаланып отырған жерлерін тартып алуы. Осы мәселе Қазақстандағы барлық қатынастарды ушықтырғанын батыл түрде саяси-құқықтық мәселе ретінде көтереді. Бір өлеңінде ол былай деп жазады:

Еділді тартып алғаны -
Етекке қолды салғаны.
Жайықты тартып алғаны -
Жағаға қолды салғаны.
Ойылды тартып алғаны -
Ойдағысы болғаны.
Маңғыс таудың үштүбек
Оны дағы алғаны [6, 146 б.].

Сонымен қатар ойшыл жерді тартып алудан туындайтын, отарлау саясатының тікелей жемісі ретінде көшпелі қазақ қоғамындағы қара қылды қақ жарған әділетті және гуманистік, демократиялық санаттағы билер институтының дағдарысқа ұшырап, мемлекеттік басқару аппаратының парақорлық, чиновник-менменділік, әділетсіздік сияқты жағымсыз жақтарының енуін қатаң түрде сынға алады. Бидің әділетсіздіктен айырылуын және басқару жүйеге, әділсот ісін іс жүзіне

асыруға патша өкіметінің жергілікті органдарының қалауымен болған шала сауатты адамдардың тартылуын өте қауіпті екенін дәлелдеді. Шешен, ел арасынан суырылып шыққан дарынды дара билердің шектетілуін қайғылы оқиға ретінде суреттеді:

Ел биледі бір сымпыс,
Екі бұты таралған

Замана қайтіп түзелсін:
Қоңсыдан туған би болды
Бұ сықылды күй болды
Көрген жұртқа тақ болды

Қара кісі хан болды,
Қоспақтан туған қортықша
Қатарға шығып, нар болды, [6, 147-148 бб.] - деп заманның әлеуметтілігінің жойылуын қатаң сынға алады.

Мұрат бұл салдардың тек саяси-құқықтық қатынастарға ғана емес, сонымен қатар қазақ халқының моральдық, рухани санасына керітартпалық, жағымсыз әсер еткенін де өз еңбектерінде ашына жазады. Басқа этнос мәдениетінің ғасырлар бойы, эволюциялық дамудың нәтижесінде қалыптасқан дәстүрлі болмысына идеологиялық агрессияның болуы, көшпелі қоғамның барлық қатынастарын нақтылы шиеленістіргені хақ. Сәкен Өзбекұлы атап көрсеткендей ,,халқымыздың этностық санасына жасанды бұл процесс ... тосқауыл болды, рухани, құқықтық өмірімізде орны толмас дағдарысқа ұшыратқанын мойындауымыз қажет” [7, 44 б.]. Ойшылдардың кейбір көрегендік ойлары тіпті бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның саяси-құқықтық дамуының бүгінгі мәселелерімен де тығыз байланысты екенін аңғарамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Уалиханов Ш. Таңдамалы. - Алматы: Жазушы, 1985. – 560 б.
2. Алпысбаев Құныпия. Халық мұңына үн қосып ... // Қазақ әдебиеті, 5.12.2003.
3. Ахметов З. Елдіктің жыршысы, еркіндіктің жоқшысы. // Қазақ әдебиеті, 19.07.2002.
4. Социалистік Қазақстан, 16.01.1991.
5. Мырзахметов М. Екі күймек бір жанға әділет пе?: Дулат Бабатайұлының творчествасы туралы // Алматы ақшамы. - 1988. - 12 желтоқсан.
6. Зар заман. Жыр-толғаулар. / Құраст. С.Д. Дәуітов.- Алматы: Жалын, 1993. - 176 б.
7. Өзбекұлы С. Көшпелі қазақ өркениетіндегі құқық. - Алматы: Мектеп, 2002. – 224 б.

3.6. Қазақстан Республикасында эколого-энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің құқықтық реттеу мәселесі

Талап Кайратович Нурекешов
Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің
докторанты (Семей қ., Қазақстан)

Қазақстан экономикасының дамуының тұрақты моделін құру эколого – энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің құқықтық тетіктерін жетілдіру мәселелерін шешусіз мүмкін емес болады. Ел Үкіметі энергия қорларын нәтижелі және тиімді пайдалану мен тұтыну саясаты оны тұтынудың өсуін ұстап тұруға және қоршаған ортаға ықпал ету деңгейін елеулі көлемде қысқартуға әкелуі тиіс екенін түсіне отырып әрекет етеді. Осы саладағы іс – шаралар өнеркәсіпті, электр энергетикасын, тұрғын үй – коммуналдық және көлік салаларын жаңа технологиялар мен инновацияларды қолдануды ынталандыру арқылы жаңғыртуға ықпал ететін болады.

Соған байланысты Қазақстан басшылығы еліміздегі энергия қорларының елеулі көздерінің бар екеніне және дамыған энергетикалық инфрақұрылымның барлығына қарамастан энергетикалық саясаттың негізгі басымдықтары ретінде энергияны үнемдеу және энергияның нәтижелілігін арттыру бағытын таңдап алды. 2020 жылға қарай ЖІӨ – нің энергия сыйымдылығын 40% төмендету бойынша міндет қойылды.

Энергияны үнемдеу және энергияның нәтижелілігін арттыру бойынша іс – шараларды заңнамалық қолдау шеңберінде 2012 жылы «Энергияны үнемдеу және энергияның нәтижелілігін арттыру туралы» және «Қазақстан республикасының энергияны үнемдеу және энергияның нәтижелілігін арттыру бойынша кейбір заң актллеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңдары және оларға сәйкес заңға тәуелді актлер қабылданды. Сондай – ақ «2012-2015 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында энергияның нәтижелілігін арттыру бойынша кешенді жоспар» және 2011-2020 жылдарға арналған тұрғын үй – коммуналдық шаруашылықты жаңғырту бағдарламасы қабылданды [1]. 2013 жылдың тамыз айында Қазақстан Үкіметі «Энергияны үнемдеу - 2020» Республикалық бағдарламасын бекітті [2].

Соңғы жылдар ішінде Қазақстан Республикасында энергияның нәтижелілігін арттыру және энергияны үнемдеу мәселелеріне ерекше көңіл бөлініп келеді. Қазіргі таңда осы сала бойынша нормативтік – құқықтық база құрастырылған және ҚР мемлекеттік органдары экономика салаларын жаңғырту, техникалық реттеу тетіктерін енгізу, кәсіпорындардың энергетиканы есепке алуы, басқару сапасын арттыру және өндіріс қызметкерлерінің біліктілігін арттыру, сондай – ақ тұрғындар арасында энергияны үнемдеуді насихаттау және энергияның нәтижелілігін арттыру жобаларының инвестициялық қызығушылық-

тарын арттыру толыққанды жүйесін құру бойынша белсенді жұмыс жасап келеді.

Мысалы, Қазақстан республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 қаңтардағы «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өсім – Қазақстанның жаңа мүмкіншіліктері» Қазақстан халқына Жолдауы және энергияны үнемдеу саласы бойынша 2010- 2014 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының жеделдетілген индустриялды-инновациялық дамуы бойынша мемлекеттік бағдарламасында ЖІӨ энергия смыйымдылығын 2015 жылы 10% және 2020 жылға қарай 25% төмендету бойынша міндет қойылды. Алайда «Энергияны үнемдеу - 2020» Республикалық бағдарламасы ЖІӨ энергия сыйымдылығын 2020 жылға қарай 40% төмендету бойынша амбициялық міндет қояды.

Сонымен қатар энергияның нәтижелілігін арттыру бойынша кешенді өңірлік және салалық жоспарлар жүзеге асырылуда. Осы саланы стандарттау бойынша Техникалық комитет құрылған.

Осы саладағы мемлекеттік саясатты дамытудың маңызды кезеңі 2012 жылдың қаңтар айында Қазақстан Республикасы «Энергияны үнемдеу және энергияның нәтижелілігі туралы» және «Қазақстан Республикасының энергияны үнемдеу және энергияның нәтижелілігін арттыру мәселелері бойынша кейбір заң актлеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңдардың қабылдануы болды

Аталған заңдар шеңберінде 22 нормативтік – құқықтық акт қабылданды, олар қарастырады:

1) қыздыру лампаларын пайдалануға кезеңдеп тиым салуды енгізу;

2) өнеркәсіп өнімдері мен қызметтерінің барлық түрлері үшін энергияны тұтыну нормативтерін енгізу (барлық өнеркәсіп кәсіпорындары осы нормативтерге сәйкес болуға міндетті);

3) көліктің барлық түрлеріне, электр қозғалтқыштарға, сондай – ақ ғимараттар, құрылыстар және олардың жобалық құжаттарына энергия нәтижелілігі бойынша міндетті талаптар енгізу;

4) ғимараттар мен құрылыстардың энергия нәтижелілігі класстарын енгізу және оларды анықтау мен қайта қарау ережелерін енгізу;

5) өнеркәсіп кәсіпорындары мен ғимараттарында энергоаудит жүргізу ережелерін қабылдау;

6) жылына 1500 т.у.т. (1050 т.н.э.) артық тұтынатын кәсіпорындарда энергоменеджмент жүйесін енгізу бойынша талаптар енгізу;

7) энергияны үнемдеу және энергияның нәтижелілігін арттыру бойынша құзыретті орган, облыс әкімдігі және ірі энергия қорларын өнеркәсіптік тұтынушы араларында үш жақты негізде жасалынатын энергияны үнемдеу мен энергияның нәтижелілігін арттыру бойынша типтік ерікті келісімді бекіту. Мұндай келісім жасаған субъектілер үшін

жергілікті өкілетті органдар қоршаған ортаға лақтырулардың төлем ставкасын арттырмауға құқылы болады;

8) жергілікті атқарушы органдардың энергияны үнемдеу және энергияның нәтижелілігін арттыру мәселелері бойынша қызметін бағалау тетіктерін енгізу;

9) энергоаудит және (немесе) энергияны үнемдеу сараптамасын жүзеге асыратын, сондай – ақ энергоменеджмент жүйесін құру, енгізу және ұйымдастыруды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау бойынша оқу орталықтарының қызмет ережелерін бекіту.

Жаңа заңнамалық базаның әрекет етуінің басты тетіктерінің бірі мемлекеттік энергетикалық реестр құру болып табылады (бұдан әрі - МЭР), оның субъектілері жылына 1500 және одан жоғары т.у.т. (1050 т.н.э.) көлемінде энергетикалық қорларды тұтынатын жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар, сондай – ақ үлесі мемлекетке тиесілі болып табылатын мемлекеттік мекемелер мен компаниялар болып табылады. Мемлекеттік мекемелерден басқа МЭР барлық субъектілері әрбір бес жыл сайын кемінде бір рет міндетті энергетикалық аудиттен өтеді. Сондай – ақ МЭР барлық субъектілері энергоменеджмент жүйесін енгізуі және ұйымдастыруы тиіс болады.

Соған байланысты энергоменеджмент жүйесінің СТ РК ISO 50001-2012 стандарты. Қолдану бойынша талаптар мен басшылық» бекітілді және ғимараттарда энергоаудит жүргізу әдістемесі құрастырылды. Энергияның нәтижелілігі жағынан алып қарағандағы негізгі құжат ретінде 2013 жылдың тамыз айында Қазақстан Үкіметі «Энергияны үнемдеу - 2020» Республикалық бағдарламасын бекітті (бұдан әрі – Бағдарлама), оның құрамында экономиканың жекелеме салалары бойынша ағымдағы жағдайға талдау жасалған және мақсаттар анықталып, оларға қол жеткізу бойынша іс – шаралар жоспары берілген.

Бағдарламада келесі міндеттер қойылған:

• өнеркәсіптің энергия нәтижелілігін жаңғырту және арттыру;

• энергия және жылу желілеріндегі жоғалту деңгейін төмендету;

• тұрғындар арасында энергияны үнемдеуді кең көлемде насихаттау;

• энергияны үнемдеу және энергияның нәтижелілігін арттыруды ынталандыратын тетіктер құрастыру және енгізу;

• энергия қызметін көрсететін компаниялардың қызметін ынталандырудың тетіктерін қалыптастыру;

• энергияны үнемдеу және энергияның нәтижелілігін арттыру саласына мамандар даярлау;

• көлік саласында отынның тұтынылуын төмендету;

• 1 кВт сағ электр энергиясын және 1 Гкал жылу энергиясын өндіруге жұмсалатын шығындардың үлес салмағын төмендету.

Сонымен бір мезетте ҚР 2030 жылға дейінгі отын – энергетика кешенін дамыту тұжырымдамасы мен «жасыл экономикаға» көшу тұжырымдамасындағы энергия нәтижелілігі саласы бойынша мақсатты көрсеткіштер «Энергияны үнемдеу - 2020» бағдарламасында берілген мақсаттармен салыстырғанда үлкен айырмашылыққа ие болып отыр.

Соған байланысты оларға қол жеткізудің шынайылығын есепке ала отырып ҚР заңнамалық базасындағы энергияны үнемдеу бойынша мақсатты көрсеткіштерді өзара үйлестіру қажет болады.

Қазақстан Республикасының қажетті заңнамалық базаны қалыптастырудағы елеулі жетістіктеріне, энергияны үнемдеу мен энергияның нәтижелілігін арттыру саласында елеулі прогресске қол жеткізілгеніне қарамастан 2016 жылдан кейінгі кезеңді күту қажет болады, осы кезде жүргізілген энергетикалық аудиттердің нәтижелері бойынша жоспарланған іс – шаралар жүзеге асырыла бастайды. Осы саладағы жоспарланған шараларды жүзеге асыруды қолданыстағы заңнамаларды жетілдіру және ұйымдық – ақпараттық сипаттағы шаралар қолдану арқылы елеулі көлемде алға жылжытуға болады.

Энергетикалық қатынастарды нормативтік – құқықтық реттеудің бірыңғай, кешенді, қарама – қайшылықсыз жүйесін құру ОЭК және отындық емес энергетиканы нәтижелі дамытудың міндетті шарты болып табылады.

Қазақстан дамуының қазіргі кезеңінде балама энергетика еліміздің энергия қажеттіктерін жеткілікті көлемде қамтамасыз ете алмайды. Сонымен қатар мұндай технологияларды енгізудің кейбір теріс жақтары да бар: лек тығыздығының шектеулілігі (қуат мөлшері) және энергияның осындай көздерінің көпшілігінің уақыт ішінде өзгерушілігі болып табылады, мұның өзі олардың өздік құнының жоғары болуын, дәстүрлі энергия қондырғыларымен салыстырғанда олардың капитал салудың үлес салмағының жоғары болуымен негізделеді. Мұндай жағдайдан шығу жолы дәстүрлі және балама энергетиканың оптималды тепе – теңдігін қалыптастыру және балама энергия көздерін дамытумен қатар энергияны үнемдеу бойынша нормативтік – құқықтық базаны бір мезетте қалыптастыру бойынша тиімді саясат жүргізу болып табылады.

Қазақстандағы энергетикалық қатынастардың қазіргі жағдайы Қазақстан Республикасының энергетикалық қатынастарды заңдық реттеуді жүйелеуді қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуін есепке ала отырып энергетиканың әр түрлі түрлерінің тепе – теңдігін қамтамасыз ету мақсатында энергетикалық кодексін құрастыру және қабылдау қажеттігін негіздейді.

Бұл кодификациялық акт энергетикалық жүйелердің, өнеркәсіптің отын салаларын, отындық емес энергетиканы реттейтін тар ведомстволық атк емес, энергетикалық қатынастарды кешенді құқықтық реттеуді қамтамасыз етуі тиіс маңызды салааралық заң актсі болуы тиіс. Бірыңғай жүйеге қалыптасқан және қалыптасып келе жатқан энергетикалық қатынастардың барлық түрлерін үйлесімді кіріктірілуі,

еліміздің бірыңғай отын – энергетика кешенін және балама энергетиканы қалыптастыру мен дамытуға ықпал ететін бастапқы нормалардың болуы, энергетиканы реттеудің тиімді деңгейі мен негізгі параметрлері анықталуы тиіс.

Энергетикалық кодекс энергетикалық қатынастарды реттеудің маңызды құралы болуы тиіс және конституциялық, кәсіпкерлік, азаматтық, экологиялық, әкімшілік, еңбек, қаржы, салық, жер қойнауын пайдалану туралы заңнамалар, кеден заңнамаларымен бір қатарда энергетикалық заңнамалар жүйесін қалыптастыруды аяқтауы тиіс.

Тұжырымдамалық жағынан алып қарағанда Энергетикалық кодексті жүйе құрушы акт және отын – энергетика қорларын, энергетикалық материалдар мен өнімдерді, энергетикалық қызметтерді өндіру мен тұтыну саласындағы заңнамалар жүйесін одан әрі қалыптастырудың негізі ретінде қаралуы тиіс.

Энергетикалық кодекстен ГЭК мекемелері мен энергия қорлары мен энергетикалық қызметтерді жекелеме тұтынушылар қызметіне байланысты, сондай – ақ мемлекеттік құрылымдардың түрлі меншік нысанындағы шаруашылық жүргізуші субъектілермен бірлесе қызмет етуімен байланысты қалыптасатын нарықтық қатынастар негізіндегі экономиканың, саясаттың және құқықтың ерекше бірлесе әрекет етуінен тұратын энергетика кәсіпорындарының қызмет етуінің ерекшеліктері көрініс табуы тиіс.

Энергетикалық кодекстің немесе өзге жинақтаушы актінің құқықтық реттеу пәні қатынастарды реттеудің құқықтық, ұйымдастырушылық, экономикалық негіздері мен принциптері, отын – энергетика кешені мен отындық емес энергетиканың қызмет етуін ұйымдастыру саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясат негіздері, мемлекеттік билік пен басқару органдарының тиісті өкілеттіктерінің белгіленуі, өркениетті энергетикалық нарықты қалыптастырудың және оның субъектілерінің өзара және нарықтық қатынастарды реттеуші ретіндегі мемлекетпен кемсітушіліксіз экономикалық өзара қатынастарын қалыптастырудың құқықтық шарттарын жасау болып табылады.

Құқықтық реттеудің тағы бір мәселесі ҚР азаматтық кодексінде энергияның азаматтық құқық объектсі ретінде берілмеуі болып табылады.

Дәстүрлі дербес құқықтық көзқарастарға сәйкес энергия материалдық мүлік болып табылмайды, бірақ сонымен қатар игілік болып табылады, адам қажеттіктерін қанағаттандыру қабілетіне ие, сондай – ақ белгілі бір сандық параметрлер мен сапалық қасиеттерін есепке алынуын қарастырады. Сол себепті энергияны азаматтық құқықтың мүліктік объектілері жүйесіне енгізу, энергиямен қамтамасыз етудің құқықтық рәсімделуін қамтамасыз ету және құқықтық қорғаудың тиісті тетіктерін құру талап етіледі. Алайда азаматтық құқық объектілерін белгілі бір мазмұнда заңдық жағынан бөліп қарастыру энергия үшін орын қалдырмады. «Мүліктік» меншіктің дәстүрлі

тұжырымдамасы мүліктік қатынастар ұғымының негізін материалдық объект болып табылатын заттай мүлікке меншік құқығы болып табылатын мүліктік қатынастар ұғымы ретінде болуын қарастырады [3,18 б.].

Энергетикалық қатынастарды бірыңғай, кешенді, қарама – қайшылықсыз, тиісті жүйесін құру ОЭК-тің және отындық емес энергетиканың нәтижелі дамуының міндетті шарты болып табылады.

Соған байланысты энергияның азаматтық құқық объектсі ретіндегі ерекше құқықтық табиғатын есепке ала отырып Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінде энергетиканы азаматтық құқықтың ерекше дербес түрі ретінде бекіту, энергияны тиісті құқықтық режимімен бірге мүліктік игіліктердің түрінде анықтау туралы ұсыныс негізделеді.

Сонымен қатар қазіргі таңда ғылыми әдебиеттерде және заңнамаларда энергия көздерін баламалық, дәстүрлілік, сарқылмайтын және жаңартылған белгілері бойынша айқын жіктеу берілмеген, мұның өзі мемлекеттік бағдарламалар құрастыру мен энергетиканың белгілі бір салаларын ынталандыру шараларын қабылдау кезінде түсінбеушілікке және аталған саладағы мемлекеттік стратегияның ұйымдық жағынан бұзылуына алып келеді.

Энергия көздерін бірыңғай жіктеуді құрастыруды ұсынамыз, ол өзінің шартты сипатына қарамастан заңнамалық және әкімшілік деңгейлерде балама энергия көздерін пайдаланатын субъектілерді ынталандыру және тұрақты даму тұжырымдамасын тәжірибеде жүзеге асыру мәселелерін неғұрлым нақаты шешуге мүмкіндік береді.

Табиғи қорларды сарқылатын және сарқылмайтын деп бөліп қарастырады (соңғысына негізінен су және климаттық қорлар жатады). Өз кезегінде сарқылатындарды жаңартылатын (өсімдік және жануарлар әлемінің өнімдері) және жаңартылмайтын (жер қойнауының минералдық қорлары) деп бөліп қарастырады. Жаңартылатын қорлар - тұтыну мақсатымен жартылай алынғаннан кейін өздігінен қалпына келуге қабілетті табиғи қорлар.

Энергияның дәстүрлі көздеріне қазіргі әлемдік энергетикалық баланста үстемдік құрып отырған мұнай, табиғи газ, тас көмір және оның өнімдері, ал дәстүрлі емес көздерге (немесе басқаша айтар болсақ «балама») әзірге халық шаруашылығында сирек қолданылатын энергия көздері жатқызылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Постановление Правительства Республики Казахстан от 1 ноября 2010 года № 1146 «Об утверждении Программы модернизации жилищно-коммунального хозяйства до 2020 года» // Информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан «Адилет»: http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1000001146.

2. Постановление Правительства Республики Казахстан от 29 августа 2013 года № 904 «Об утверждении Программы "Энергосбережение - 2020"» // Информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан «Адилет»: http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1300000904.

3. Городов О.А. К понятию энергетического права // Вестник Санкт-Петербургского университета. Сер. 14. Выпуск 1. 2010.

3.7. Средневековое государство кереитов

Аманжол Күзембайұлы
доктор исторических наук, профессор кафедры
Костанайского государственного педагогического университета
(Костанай, Казахстан)
Еркін Аманжолұлы Әбіл
доктор исторических наук, профессор
Костанайского государственного педагогического
университета (Костанай, Казахстан)
Тамара Қайыржанқызы Әлібек
кандидат исторических наук, профессор
Костанайского государственного педагогического
университета (Костанай, Казахстан)

Кереиты впервые появляются на исторической арене около середины VIII в. Наиболее ранние сведения о кереитах домонгольской эпохи содержатся в "Ляо ши", когда в эпоху владычества монголоязычных киданей в Центральной Азии после уйгурского господства упоминается группировка цзубу. [1] Центральную группу цзубу исследователи отождествляют именно с кереитами. Кроме кереитов (центральная группа) в цзубу входили найманы (сев.-зап. группа), меркиты (сев. группа), согдийцы (сог-по).

Цзубу не входили в число "коренных" монголов и в состав внутренних киданьских племен, поэтому до выделения в отдельный союз, входили, скорее всего, в состав Уйгурского каганата. Известно, что население Уйгурского каганата было разноязычным - помимо тюрков он-уйгур и токуз-огуз, некоторых самодийских племен, в состав каганата входили еще и монголо-язычные отуз-татары (тридцать племен татар), позже выделилась племенная группа токуз-татар (девять племен татар).

Правитель всех цзубу носил титул далай хан. В конце IX - начале X века обострились отношения кочевников с киданьской империей Ляо, центр которого находился в Северном Китае. Ожесточенные столкновения и гибель в 984 г. Далай-хана привели к поражению цзубу.

Правители кочевников, ища способы укрепления своей власти, обращаются к одной из мировых религий – христианству в его несторианской форме. Около 1007 или 1008 года хан кереитов направляет посольство Мерв-скому митрополиту и вместе со своим народом принимает христианство и имя Маргуз (т.е. Маркус – Марк). Христианами становятся найманы, онгуты, часть монгольских племен. Объединившееся государство цзубу стало серьезным противником Ляо. Кидани были вынуждены признать хана Уба (Увар) царем всех кочевников. В 1069 году цзубу нанесли поражение войскам Ляо. Однако, в конце XI в. степное государство вновь ослабело. В войне в 1092 г. хан Маргуз II был захвачен в плен и казнен. Кереиты были включены в состав империи Ляо.

В 1125 г. государство киданей распалось, и кереиты вновь получили независимость. Возглавили их правители с титулом буюрук хан, первый из которых, Маргуз Буюрук хан, был одновременно и ханом монголов. К югу от кереитов, на границе с Китаем образовалось владение белых татар, большую часть которых составляли тюркоязычные онгуты.

После обретения независимости у кереитов образовался улус – особая форма кочевого государства. Сам термин “улус” означал “народ”, “народовластие” и обозначал самоуправляющуюся политическую систему, включающую в себя определенную территорию и население, не совпадал с родоплеменной организацией, а стоял над ней. [2] Границы территории были относительно четко обозначены и охранялись конными разъездами. Собственно кереитский улус делился на “племена” - военно-потестарные образования. В некоторых источниках говорится о военно-административном делении, при котором население развертывалось по административным единицам (тумен, тысяча, сотня, десяток), выставляющим в случае войны соответствующее число воинов. [3] Так, в «Сокровенном сказании» описывается построение кереитских войск при битве с Чингисханом: «В таком случае, - говорит Ван-хан, - мы бросим против них Хадаги с его Чжиргинскими богатырями. В помощь Чжиргинцам бросим Тумен-Тубегенского Ачих-Шируна. В помощь Тубегенцам бросим Олан-Дун-хаитов. В помощь Дунхаитам пусть скачет Хоришилемун-тайчжи, во главе тысячи Ван-хановских гвардейцев-турхаудов. А в помощь тысяче турхаудов пойдем уж мы, Великий средний полк». [4]

В 50-х годах XII в. обострились отношения кереитов с Китаем. Маргуз хан, возглавивший борьбу кочевников против захватчиков, был схвачен в плен и казнен. Рашид-ад-дин считает главным виновником правителя татар Нор-Буюрук-хана: «В то время татарские племена были весьма многочисленны и могущественны, однако постоянно выказывали покорность государям Хитая и Джурджэ. В ту эпоху главой татарских князей был некто, называвшийся Нор-Буюрук-хан. Юрт он имел в местности, называемой Буир-наур. Как-то воспользовался

удобным случаем, захватил [в плен] царя кераитов, Маркуз-Буюрука, и отправил [его] к государю Джурджэ. Последний, пригвоздив его к «деревянному ослу», умертвил». [5]

Супруга Маргуза Кутуктай-Херикчи, о которой источники пишут, что «ее лицо блистало и волновало своей красотой», решила отомстить татарскому правителю. По легенде, она отправила в подарок татарам сто баранов, десять кобылиц и сто больших бурдюков кумыса, спрятав в бурдюки сотню богатырей в полном вооружении. Когда татары начали пировать, к месту пиршества доставили телеги с бурдюками, из которых неожиданно вышли кереитские воины. «Богатыри вышли наружу и с другими слугами жены государя [Кутуктай-Херикчи] схватили татарского царя и убили его, а также большую часть эмиров татарских племен, которые там были. Сущность сего известна тем, что этим способом жена Маркуз-хана взыскала кровь своего мужа». [6]

После его смерти ханство возглавил Курджакуз (Грегориус) Буюрук хан. Его брат с титулом гурхан правил монголами. Рашид-ад-дин сообщает о сыновьях Курджакуза: Ерке-Кара, Тай-Темир-тайши, Бука-Темир (Юла-Магус), Илка-Селенгун и Керей-дай по прозвищу Джакамбу – «Великий эмир страны» по-тангутски. Последний получил свое прозвище во время пребывания в тангутском плену. [7] Еще ребенком он попал к тангутам, дослужился до правителя области и даже породнился с правящим домом, выдав свою дочь за правителя тангутов. [8]

Источники сообщают, что сам хан имел свой юрт в местности Орда-Балагасун, гурхану и сыну Тогрулу выделил земли в Яг-Ягбан, другим сыновьям Тай-Темир-тайше и Юла-Магусу – в местности Карагас-Бургус. «Если они будут вместе, то не [будет] мира; после же моей смерти они не оставят улуса кераитов ни с ночи до утра, ни с утра до ночи!», считал хан. [9]

Кроме владения Курджакуза в источниках встречается упоминание о другом независимом владении кереитов, возглавляемом Сарыг-ханом. Он, будучи «государем кераитов», подвергся нападению татар племени алчи. Превосходящие силы противника преследовали Сарыг-хана, он был вынужден все время отступать, но увлеченные грабежами татары потеряли бдительность. Кереиты неожиданно атаковали передовые отряды татар и пленили одного из татарских вождей, Кумус-Синджана. Лишь предательство одного из воинов, предупредившего татар о планах кереитов, позволило им одержать победу.

Потерпевший поражение Сарыг-хан обратился за помощью к Кур-джакуз-хану, закрепив союз династийным браком. Его дочь Торе-Каймыш вышла замуж за Курджакуза, сын Каджир (Кадыр) получил возможность набрать войска из кереитов и разгромил татар, освободив для отца «улус Керей-чин». [10] С этого времени улус Сарыг-хана стал вассальным владением Кур-джакуза.

В 1171 г. престол занял сын Курджакуза – Тогрул хан. Начало его правления ознаменовалось ожесточенной борьбой за власть между Тогрулом и его дядей – Гурханом. После смерти отца Тогрул был отослан на границу, при поддержке Гурхана в орде укрепились Тай-Темир и Бука-Темир. Однако остальные братья, значительная часть знати поддержала Тогрула. Тай-Темир и Бука-Темир пытались обратиться за помощью к правителю меркитов Токте, но были схвачены и казнены. К власти пришли Тогрул и Ерке-Кара, однако, их правление было недолгим, их дядя Гурхан вновь овладел ставкой, вынудив Тогрула бежать с сотней верных ему воинов. Очевидно, Ерке-Кара, устранив при помощи Тогрула своих братьев, решил захватить власть и пошел на сговор с дядей. Только при поддержке монгольских вождей, в частности, влиятельного Есугай-бахадура, хану удалось одержать победу и изгнать Гурхана, однако после этого власть кереитов над монголами значительно ослабла. Ерке-Кара бежал к найманам.

Обстоятельный анализ этой эпохи дан в монографии Л.Л. Викторовой "Монголы". После разгрома Киданьской империи (Да Ляо) чжурчженями в 30-х годах XII века ведущая роль в Центральной Азии перешла к кереитам, а кереитские и монгольские земли, по мнению Викторовой Л.Л., остались фактически независимыми от империи Цзинь. Союзниками кереитов в их борьбе против найманов и меркитов в течение всего XII века всегда выступали монголы. Важно отметить, что монголы сохраняли свои традиционные брачные связи с киданями, они брали жен из хунгиратских и олхонутских племен, а Ван-хан не раз бывал при дворе кара-китайских гурханов. Кереитское ханство охватывало земли от верховьев Селенги на севере до излучины Хуанхэ на юге, от Хангайских гор на западе до земель хунгиратов и татар в районе Буир-Нора и Халхин-гола на востоке. На севере кереиты граничили с монголоязычными ойратами и меркитами, на западе с найманами, на юге с тангутами государства Си-Ся и подчиненным им тогонами или "а-ша".

В начале 80-х годов Тогрул начинает поддерживать монгольского князя Темучина, пытаясь через него укрепить свое влияние среди монголов. Отец Темучина Есугей был союзником и побратимом Тогрула, но после его смерти возглавляемый им улус распался. Темучин, пытаясь найти сторонников в борьбе за наследство отца, завязывает отношения с правителем кереитов. Как сообщается в «Сокровенном сказании», Темучин рассудил так: «Ведь когда-то Ван-хан (Тогрул – авт.) кереитский побратался, стал андой с батюшкой Есугей-ханом. А тот, кто доводится андой моему батюшке, все равно что отец мне». [11]

В результате Темучин становится вассалом кереитов. Первая успешная совместная акция состоялась около 1184 года, когда Темучин подвергся набегу сильного племенного союза меркитов. Тогрул возглавил коалицию из кереитов, их вассалов джаджиратов во главе с

Джамухой и кият-борджигинов Темучина. В 1185 году меркиты были разбиты.

С этого момента начинается постепенное ослабление кереитов и усиление монголов Темучина. В 1189 году Темучин был избран ханом части монгольских племен, что было санкционировано Тогрулом. Однако данная акция вызала начало новой войны между монгольскими племенами. В начавшемся конфликте Темучина с Джамухой последний одержал победу, но усиление нового хана продолжалось.

В то же время, в орде кереитского хана начались междоусобицы. В 1194 году к власти при помощи найманов приходит младший брат Тогрула Ерке-Кара, однако его правление оказалось недолгим. Уже через два года, в 1196 году Тогрул, проведший это время в Тангуте, во владениях кара-китаев и уйгуров, вернулся и при активной помощи Темучина вернул престол и вновь стал правителем кереитско-монгольской конфедерации.

Вскоре, в 1198 году вспыхнула война Китая с татарским племенным союзом. Кереиты приняли сторону Китая и вместе с монголами выступили в поход. Совместные китайско-кереитские действия привели к полному разгрому татар, за что Тогрулу был пожалован китайский титул ван, т.е. «царь», что было официальным признанием суверенных прав Тогрула в Централь-ной Азии. С этого момента Тогрула называют также Ван-ханом.

В «Жами-ат таварих» Рашид-ад-дина приведены имена ряда известных кереитов эпохи Ван-хана: «старшие эмиры» Тегин-Кури и Итурген-Юдака, Гурин-бахадур, «почтенные эмиры» Ала-Бука и Тайыр, приближен-ные Сангуна Билге-беки и Тудан, конюшие (аткачи) Ван-хана Бадай и Кышлык, эмиры Куйду, Кури-Силиун-тайши, Ку-Темир.

Очередная совместная военно-политическая акция кереитов и монголов состоялась в 1199 году. После смерти найманского правителя Инанч-бильге хана начинается междоусобица между его сыновьями Таян-ханом и Буюрук-ханом. Кереиты решили воспользоваться случаем и сокрушить своего традиционного противника. Вновь объединив в составе одного союза Джамуху и Темучина Ван-хан выступил против Буюрука.

Однако, кереитский правитель не учел двух факторов. Во-первых, найманы перед лицом военной угрозы забыли о вражде и объединились, во-вторых, противоречия между Джамухой и Темучином привели к расколу кереитско-монгольского союза. В ходе военных действий Джамухе удалось настроить Ван-хана против Темучина и лишь наличие общего противника сохранило альянс между ними.

В период между 1200 и 1203 годами Ван-хан и Темучин совместными усилиями разгромили коалицию монгольских племен под руководством Джамухи, которого поддержали найманы, меркиты и татары. После этой победы Темучин уже не нуждался в помощи

кереитов, поэтому отношения между союзниками стали быстро ухудшаться.

Согласно монгольским источникам, формальным поводом к конфликту стал отказ Ван-хана выдать свою дочь замуж за старшего сына Темучина Джучи и женить одно из своих внуков на дочери Темучина. Ван-хан заподозрил монгольского хана в связях с найманами и отказал в заключении династийного союза. Сын Ван-хана Сангун в союзе с Джамухой начинает войну против Темучина.

В начавшейся войне монголы потерпели поражение и Темучин был вынужден бежать и скрываться в лесах Хингана, тщетно пытаясь помириться с кереитами. Осенью 1203 года он сумел с небольшим отрядом скрытно подойти к ставке Ван-хана и напасть на нее. В ожесточенном сражении кереиты были наголову разбиты, Ван-хан и его сын Сангун бежали. Вскоре Ван-хан был убит на границе с найманами в стычке с одним из найманских пограничных патрулей. [12] Сангун также вскоре погиб и Кереитское государство практически перестало существовать.

Источники сообщают, что один из военачальников Ван-хана, Кайран-бай, происходивший из канглы, «бросил семью и в сопровождении нескольких всадников умчался на северо-запад».[13] Другой военачальник Он-хана, Ку-Тимур, после смерти своего повелителя, услышал, что «Сангун (сын Ван-хана – авт.) находится в стране кыргызов и …в тех районах усилился, оставил дом и все состояние и ушел». [14]

Оставшиеся кереиты были разверстаны по тысячам, сотням и десяткам. В монгольских источниках это описано очень красочно, словами: «ниспровергнув таким образом Кереитский народ, он приказал раздавать его во все концы». [15] Многие воины были включены в состав формирующейся гвардии – торгоутов: «пусть будут у них сменной стражей, кешиктенами, Ван-хановы Кереиты» - приказывал Чингисхан. [16] Многие кереитские воины добровольно пошли на службу к Чингисхану. Так, попавший в плен после разгрома кереитов Хадах-Бахадур заявил Чингисхану: "Мы бились три дня и три ночи. Увидав своего природного государя, я подумал: "Возможно ли схватить его и предать на смерть?" Нет! сказал я себе. Я не могу покинуть своего государя. Буду биться еще, чтобы дать ему возможность прорваться, налегке бежать и спасти свою жизнь. Теперь же, если повелишь умереть - умру, а помилуешь - послужу". Чингисхану понравилась речь Хадах-Бахадура, и он соизволил сказать в ответ следующее: "Разве не настоящий муж-воин тот, кто не мог покинуть своего природного государя, кто сражался для того, чтобы дать ему возможность налегке уйти и спасти свою жизнь? Это - человек, достойный дружбы". И не дозволил его казнить, но милостиво соизволил повелеть: "За жизнь Хуилдара пусть Хадах-Баатур и сто

Чжиргинцев служат его семье. И сыновья их пусть служат детям и внукам Хуилдара». [17]

Дальнейшая истории кереитов связана уже с Монгольской империей и ее правителем – Темучином, получившим после победы над кереитами титул Чингисхан.

Вместе с тем, чтобы детально разобраться в этнической ситуации на территории Казахстана и сопредельных стран в пост-монгольский период, нам необходимо проанализировать роль и место кереев в этногенезе народов, населяющих эти территории. Это позволит нам реконструировать ход миграционных процессов и с определенной долей вероятности воссоздать историю кереев в составе Золотой орды и государств, возникших на ее основе.

Примечания:

1. Викторова Л.Л. Монголы. Происхождение народа и истоки культуры. - М., 1960, С. 164-165.
2. Владимирцев Б.Я. Общественный строй монголов. – Л., 1934, С. 46-59.
3. Кадырбаев А.Ш. Очерки истории средневековых уйгуров, джалаиров, найманов и киреитов. – Алматы, 1993, С.5 4.
4. Сокровенное сказание. Монгольская хроника 1240 г. под названием Mongrol-un Niruca tobciyan. Юань Чао Би Ши. Монгольский обыденный изборник. М-Л. 1941.
5. Рашид-ад-дин. Сборник летописей. Т. I. кн. 1, С. 130.
6. Там же, С. 131.
7. Кычанов Е. И. Монголо-тангутские войны и гибель государства Си Ся. Татаро-монголы в Азии и Европе. – М., 1977. С. 46.
8. Там же, С. 130.
9. Там же, С. 114.
10. Козин С.А. Сокровенное сказание. – М., 1941. – С. 95.
11. Кадырбаев А.Ш. Очерки истории средневековых уйгуров, джалаиров, найманов и киреитов. – Алматы, 1993, С. 53.
12. Кадырбаев А.Ш Очерки истории средневековых уйгуров, джалаиров, найманов и кереитов. – Алматы, 1993, С. 56.
13. Рашид-ад-Дин. Сборник летописей. Том 1. Книга первая. – М., -Л.: Изд-во АН СССР, 1952. С. 133.
14. Сокровенное сказание. Монгольская хроника 1240 г. под названием Mongrol-un Niruca tobciyan. Юань Чао Би Ши. Монгольский обыденный изборник. М-Л. 1941.
15. Там же.
16. Там же.

3.8. Жаңа замандағы Қазақстанның діни-мәдени кеңістігі (В.В. Григорьевтің берген бағаламасы)

Агила Мустахимовна Нургалиева
тарих ғылымдарының докторы, доцент. М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті (Орал қ., Қазақстан)
Аягуз Каиргалиевна Нурманова
PhD доктор, аға оқытушы. М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті (Орал қ., Қазақстан)

Төңкеріске дейінгі тарихнама мұрасы тарих ғылымына жаңа көзқарасты қалыптастыруда ерекше құнды болып табылады. Қазақстан аумағында исламды зерттеу дәстүрінің терең тарихи тамыры қалыптасты.

XIX ғасырда Қазақстанда исламды зерттеудің тарихнамалық дәстүрінің қалыптасуы орын алды. Қазақ халқының діни-нанымдары, ресми ресейлік діни саясат ерекшеліктері, Қазақстанда исламның таралу дәрежесі мен келешегі көптеген жарияланымдарда кеңінен талқыланады. XIX ғасырдың бірінші жартысында жарық көрген зерттеулердің көпшілік бөлігін Дала облыстарындағы орыс әкімшілігінің өкілдері жүзеге асырды. Қазақ даласында экспедициялармен болған немесе онда тұрақты тұрған және жұмыс істеген географ ғалымдар, табиғат зерттеушілері, тау инженерлері, әскери мамандар өздерінің негізгі міндеттерін орындаудан өзге, міндетті түрде қазақ халқының өмір сүру салтының ерекшеліктеріне, төл мәдениетіне назар аударды. Олардың көпшілігіне бұл ресми түрде міндетке айналды. Қазақтарға арналған еңбектердің авторлары, дегенмен, басқа да бөгде адамдар секілді, өз еңбектерін жазуда көбіне жеке әсерлер мен бақылауларды басшылыққа алды. Олардың еңбектері сипаттамалық түрге ие болды, бөгде бақылаулар мен талдаулар барынша аз болды, абстрактілі теориялық пайымдаулар болмады. Осылайша, көпшілік ғалымдар өздері байқаған құбылыстардың мәнісіне терең ене алмады.

XVIII-XIX ғасырлардың жарияланымдарын сипаттай отырып, осы мәселе бойынша Л.А. Словохотовтың 1905 жылы Орынбор ғылыми мұрағат комиссиясының еңбектерінде жариялаған мақаласынан үзінді пікірін мысалға келтіруімізге болады. Ол эмоциялық мәнерде және шұғыл жазылған, дегенмен біздің ойымызша, нақты жағдайды дұрыс көрсетеді. Оны сөзбе-сөз келтірейік: «өз тұрмысының бірегейлігі, біраз уақыт саудамен және Ресей үшін саяси мәнге ие қырғыздар басқа да орыс бұратаналар секілді жазба әлемнің назарын өзіне аударды, осылайша қырғыздардың тұрмысы мен тарихы туралы бірқатар тарихи-этнографиялық жұмыстар, мақалалар мен газет жазбалары дүниеге келді. Көп жағдайда бірінші тікелей әсермен жазылған аталған еңбектер бағалаудың субъективизмімен қателесті». Зерттеудің жоғары емес ғылыми деңгейінің себебін ол, «бұл жұмыстармен тек қана жергілікті

баспа органдары және жергілікті әкімшілік қызмет тұлғалары айналысқан», деп көрсетеді [1, с. 21-22].

Орынбор өлкесінде қызмет еткен, 1858 жылы Хиуа тапсырмасына қатысқан қазақ даласының едәуір бөлігін Оралдан Тобылға дейін және Сыр-Дарияның орташа ағымына дейін аралаған М. Галкин байланыс орнату мүмкін еместігін алға тартып, материалдар жинақтаудың қиындықтарына шағымданды: «ортаазиялықтардың күдіктенетіндігі соншалық, олардың елдерін сол жерде толық зерттеу мүмкін емес. Кез келген еуропалықты үнемі қадағалайды, ең қарапайым мәселені оны басқаша мағынада түсіндіруге және жауап беруге тырысады. Осындай сұрақтар қиыншылықтар тудырады, бірақ ең қарапайым бақылау және жергілікті жерлерді қарастыру ауыр жағдайлармен жүзеге асырылды» [2, с. 199].

XIX ғасырдың екінші жартысында исламтануда ислам дінінің көпғасырлық дәстүрлерімен Орта Азияны жаулап алуға байланысты Ресей шығыстануының жекелеген саласы ерекше орын алады. Ресейдің қазақ тұрғындары арасында діни саясатына қатысты авторлардың бағасы маңызды өзгеріске түсті. Бұл ғылыми орталарда ислам тағдыры және оның Ресей мемлекеті тарихындағы алатын орны пікірталастарының бастамасымен тікелей байланысты болды. Бірақ бұл кезеңде де қазақ даласында ислам туралы дербес зерттеулер дүниеге келмеді.

Академиялық ғылым Ресейдің ұлттық және діни саясатына қатысы бар жекелеген ескертулермен ғана шектелді. Аймақтық басқару аппаратында қызмет еткен шенеуніктер өз еңбектерінде мемлекеттік саясатты дәріптеп, орыс тілі мен мәдениетінің өркениеттік міндетіне баса назар аударды. Өз қызметінде олар айқын баяндалған идеяларды басшылыққа ала отырып әрекет етті. Мәселен, Орынбор генерал-губернаторы Н.А. Крыжановский Орыс Географиялық қоғамының Орынбор бөлімінің ашылу салтанатында сөйлеген сөзінде: «Орынбор өлкесін мекендеген әр түрлі тайпалардың сипатын, тарихын, артықшылықтарын, кемшіліктерін, дінін және жоралғыларын мұқият зерделеу жағдайында ғана табысты болуы мүмкін. Бұл танымсыз әрекет ету қиынға соғады немесе дұрыс тек ойланбай әрекет етуге болады» [3, с. 26-27].

Қазақ даласында империялық әкімшіліктің жоғары буынында көптеген жарияланымдарға қарамастан, әсіресе, рухани сала бойынша адекватты түсініктер болмады, ол жөнінде, Н.А. Крыжановскийдің өзі мойындады: «көшпелі қырғыздардың өмір сүру салты, олардың баспаналары, жылжу тәсілдері, өзара қарым-қатынастары, тамағы мен істері Інжілдік кезеңдерді еске түсіретініне күмән жоқ» [3, с. 27]. «Қырғыз далалары белгісіз. Қырғыздар туралы Ресейде жалған ұғымдар дамыды, бұл, әрине, толық білместіктен әлдеқайда нашар» [3, с. 27].

Генерал-майор С.Б. Броневскийдің Жеке Сібір корпусы штабының бұрынғы бастығымен өзара жазбаларында қазақтардың діншілдік

сипатына деген ресми көзқарасы айқын көрсетілген: « ... қырғыздарда надандық пен сенбеушілік орнаған; олар атауы бойынша ғана мұсылмандар болып табылады [4, с. 170-171].

Ірі жүйелі ғылыми зерттеулерді жазу үшін маңызды шарттардың бірі шығыс тілдерін, атап айтқанда, түркі тілдерін білу болып табылады. Ал мұндай мамандар ресей ғалымдары арасында азшылықты құрады.

Орта Азия мен Қазақстандағы жаңа аумақтарды тиімді игеру мақсатында өкімет осы аумақтарды басқару үшін және болашақ реформаларды дайындау үшін шынайы ақпарат алуды қажет етті. Сондықтан да аталған жерде тұратын халықтардың тілдерін, тұрмыс ерекшеліктерін және тарихын жақсы білетін адамдар қажет еді және кейде әкімшілік құрамына қазақ даласында белгілі шығыстанушы мамандар тартылды. Мәселен, академиялық бағыттағы орыс шығыстануының ең көрнекті өкілдерінің бірі Василий Васильевич Григорьев 1851 жылы Орынбор генерал-губернаторлығына тағайындалды. Ол жерде ерекше тапсырмалардың шенеунігі, Орынбор шекара комиссиясының генерал-губернаторы Кеңсесінің бастығы, Орынбор қырғыздары облысының басқарушысы болып жұмыс істеді. «Көшпенділер тұрмысына, мұсылман дініне, көрші Азия елдерінің тарихына қатысты арнайы мәліметтерді талап ететін өзінің қызметіне Василий Васильевич егжей – тегжейлі дайындалды», - деп, оның замандасы Н. И. Веселовский жазған [5, с. 206].

Ішкі істер министрлігінде жұмыс істей отырып, болашақ жас шығыстанушы, Орыс Географиялық қоғамының өзгертілген жарғысының жобасын сыни талдап В.В. Григорьев былай деп жазады: «ғалымдар дерексіз әуестікті қанағаттандыру үшін емес, практикалық міндеттерді шешу үшін жұмыс істеу керек». Шығыстанушы өзінің ғылыми және практикалық еңбегінде патриоттық ойларды басшылыққа алды [6, л. 10]. 1854 жылдың қаңтарынан 1863 жылдың қаңтарына дейін В.В. Григорьев 1859 жылы облыстық басқармасы деп атауы өзгертілген, Орынбор шекара комиссиясының төрағасы болып қызмет етті. Василий Васильевич орыс билігімен басқарылатын және бағынатын, көшпелі халықтарға арналған бірқатар танымал мақалаларды жазуды жоспарлады.

Аталған зерттеу міндетін белгілі шығыстанушы Н.И. Веселовский былайша сипаттайды: «ол қырғыздар, башқұрт, татарлар және т.б. өзге де ұлт өкілдері туралы сөз қозғағысы келді, және олар қандай жағдайда болғандығын, олардың ұлттарының сақталуы немесе олар үстем ұлтпен бірігіп орыстануы мүмкін болуы керек пе; істер мән-жайлар талабымен сәйкес жүргізіле ме, немесе Ресей мен азиатшылардың мүдделеріне зиян келтіруде ме деген мәселелердің жауабын іздеуге тырысты» [5, с. 199]. В.В. Григорьевке дейінгі Ресей саясатының аталған аспектілері зерттеушілердің назарын аудартқан жоқ, сондықтан осы тақырыпқа жарияланған мақалалар жоқтың қасы. Орынбор өлкесінде жұмыс істеген кезінде В.В. Григорьев «День» деп аталатын

газет бетінде сұлтан Мендали Пиралиев деген лақап атпен үш мақала хат жариялады [7]. Кейінірек ол аталған тақырыптың дамуын жалғастыру мақсатында бірқатар мақалалары басылды. В.В. Григорьевтің зерттеу және әдеби еңбектерінің хронологиялық тізімін Н.И. Веселовский құрастырып, кітабына қоса берілген. Олардың басым бөлігі қазақ даласы мен Орта Азия істеріне арналған.

XIX ғасырдың соңғы ширегінде орыс тарихнамалық және этнографиялық жұмыстарының негізгі тақырыбы өркениеттік міндет болды, аталған мәселе В.В. Григорьевтің шығармашылығында да орын алды. Ол орыс мәдениетінің азиялық мәдениеттен артықшылығына сенімді болды, дегенмен орыс өркениетін білім беру мен тиімді басқаруды енгізу арқылы баяу, бірте-бірте таратуды талап етті.

1874 жылы ғалымның «Орта Азияға қатысты орыс саясаты» атты тарихи очеркі жарияланды. Очеркте қазақтарға қатысты Ресей саясатының жаңсақтықтары талданады: «Біз қырғыздардың Поволжье татарларымен этнографиялық жағынан ұқсас екендігін көрдік. Сондықтан жүз жиырма жыл бойы олармен барлық хат хабарлар татар тілінде жүргізілді, және толық сенімділікпен, оларға түсінікті сөйленісте болғандығын жазады «..» және мұның тағы бір нашар салдары қырғыздардың өткен жүзжылдықта барлығы шаманистер болды және болып қала бергендіктен олар мұсылмандар деген қате түсініп қалыптасты. Бұл халықтың Ресейге шартты қосылу кезеңінде, кейбір хандар және сұлтандар арасында ислам догмасы жөнінде көмескі түсініктері дамыды және оның кейбір дәстүрлерін орындады, аталған кезеңде қырғыз даласында бірде бір мешіт болмады. Бірде-бір молда қоғамдық мұсылман қызметіне қырғыздарды жібермеді. Осы кезден бастап қырғыздар шын мәнінде оларға мұсылман ретінде қарағандықтан ғана, олар мұсылман дініне кіргізілді» [9, с. 233-234]. Оның қазақ даласы мұсылмандандыру ісінде Ресейге борышты деген ойы күмән келтіреді. Сонымен, шығыстанушы былай тұжырымдайды: «Мұсылман насихаты Қырғыз даласында Ресей тарапынан өткендігі, көбінесе ресеймен көршілес бағытта (Хиуа, Бұхара және бұрынғы Қоқан хандықтары) мекендеген қырғыздар мұсылмандарға айналды» [9, с. 234].

В.В. Григорьев қазақ халқының Ресейге «шартты қосылуы» дәуірін айта келе: «Петербургте біраз уақыт орнаған, қырғыздарға көзқарасы бойынша, олар қарапайым, білімсіз малшылар», деп түйіндеді [9, с. 235].

В.В. Григорьев исламмен байланысты, үстем еткен еуропо-центристік таптаурын ықпалынан құтылмады. Шығыстанушы, атап айтқанда, мұсылман дін басыларын «зиянды тап» және «мұсылмандық халықтар арасында» алғашқы бұзақылар деп атай отырып, жағымсыз көзқараста болды, оларды көшпелілердің орыстану ісінде бітіспес қарсыластар қатарында көрді [10, с. 14,15].

Қазақтарға қатысты ресей саясатын зерттеу үшін, соның ішінде конфессиялық салада ірі ресейлік шығыстанушы В.В. Григорьевтің еңбектері ерекше қызығушылық тудырады, себебі жаңа кезеңдегі Қазақстанның діни-мәдени кеңістігінің жалпы сипаттамасына қосымша ерекшеліктер енгізуге мүмкіндік береді. Ғалым еңбектері Қазақстанда еңбек еткен және қазақ даласының тарихи және этнографиялық зерттеулерімен айналысқан практиктерімен жазылған көпшілік еңбектер арасында ерекшеленеді. Ресми түрде тарихнама Қазақстанның тарихымен терең айналыспады және елеулі қысқаша пікірлермен шектелді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Словохотов Л.А. Народный суд обычного права киргизов Малой орды // Труды Оренб. ученой архивной комиссии. – Вып. 15. – Оренбург, 1905.
2. Галкин М.Н. Этнографические и исторические материалы по Средней Азии и Оренбургскому краю. – СПб., 1868.
3. Записки Оренбургского отдела РГО. – Вып. I. – Казань, 1870.
4. Броневский С.Б. Записки генерал-майора о киргиз-кайсаках Средней Орды // Отечественны записки. – Ч. 41. – 1830. – № 134.
5. Веселовский Н.И. Василий Васильевич Григорьев по его письмам и трудам. 1816-1881. – СПб., 1887.
6. РГИА. Ф. 853 (Григорьев). Оп. 1. Д. 10.
7. Письма из Зауральской степи // День. – 1862. – № 28, 32, 35; Корреспонденция из Оренбурга. Там же. – № 52; Из Верхнеуральска. Там же. – 1863. – № 4.
8. О русских интересах в подвластных нам оседлых странах Средней Азии // Москва. – 1867. – № 23, 24, 32, 53, 54; Письма султана Мендали Пиралиева в редакцию газеты // Русский мир. – 1873. – № 52, 61, 73, 74, 80, 89, 94, 98, 102; Об отношениях кочевников к оседлым // Журнал министерства народного просвещения. – 1875. – февраль; Россия и Азия. Сборник исследований и статей по истории, этнографии, географии, написанных в разное время В.В. Григорьевым. – 1876.
9. Григорьев В. Русская политика в отношении Средней Азии: Ист. очерк // Сб. государственных знаний. – Т. 1. – СПб. – 1874.
10. Веселовский Н.И. Василий Васильевич Григорьев по его письмам и трудам. 1816-1881. – СПб. – 1887. Раздел Приложения.

3.9. Рухани жаңғыру бағдарламасы бойынша Қызылорда облысындағы қасиетті жерлер тарихының кейбір мәселелері

Нұргүл Төлепбергенқызы Өтембетова
Қазалы көлік-техникалық жоғарғы колледжінің оқытушысы
(Қызылорда қ., Қазақстан)
Қамарсұлу Қайратқызы Төлепберген
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-саяси ғылымдар»
кафедрасының оқытушысы, магистр. Қорқыт Ата атындағы
Қызылорда мемлекеттік университеті (Қызылорда қ., Қазақстан)

Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің 2017 жылғы 12 сәуірде жариялаған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында, патриотизм кіндік қанының тамған жерінде, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады [1], - дейді. Сол себепті елбасымыз «Туған жер» бағдарламасын ұсынып отыр. Бұл бағдарламаның басты міндеті, білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізуді, экологияны жақсартуға және елді мекендерді абаттандыруға баса мән беруді, жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды толықтай танып білуді және қалпына келтіруді көздейді. Осы бағдарлама аясында елімізде «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы жасалды. Бұл жобаны жүзеге асыру мақсатында Ұлттық музей жанынан республикалық «Сакралды Қазақстан», яғни «Қасиетті Қазақстан» ғылыми зерттеу орталығы құрылған болатын. Орталықтың басты жұмыстарының бірі дала-этнографиялық экспедициясы арқылы материалдар жиналып, жүйелендіруі тиіс. Қазіргі уақытта «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» атласына 100-ден аса объектілер тізімі жасақталған. Оған Қазақстанның табиғи ландшафт объектілері, археологиялық және архитектуралық ескерткіштер, ерекше ардақ тұтатын діни нысандар және тарихи тұлғалардың және саяси оқиғалармен байланысты киелі орындары енген. Олар мынадай аталымдармен бөлінді:

1. Ерекше бағаланатын табиғи мұра ескерткіштері. Ел аузында киелі аталып кеткен, кейбіреуі қазірдің өзінде мемлекет қарауында тұрған табиғат құбылыстарының нәтижесінде пайда болған орындар.

2. Археологиялық ескерткіштер және орта ғасырлық қалалық орталықтар. Бұл топқа қалашықтар, бекіністер, петроглифтер, қорымдар, халқымыздың қалыптасуында ерекше рөл атқарған, Қазақ мемлекетінің, Ұлы Жібек жолының құрылуына ұйытқы болған орта ғасырлық қалалар кіреді.

3. Діни және ғұрыптық орындар. Бұндай қасиетті орындарды әулие феноменімен байланыстыруға болады. Түркі кезеңіне дейінгі дәуірдегі аттары аңызға айналған, көне түркі дәуірі және орта ғасырлардағы,

сонымен бірге XIX аяғы - XX ғасырдың басына дейінгі тарихи тұлғаларды қамтиды.

4. Тарихи тұлғаларға қатысты қасиетті орындар. Қазақстан тарихында елеулі орын алатын, бүкіл өмірін қазақ елінің бостандығы мен егемендігіне арнап, үш жүздің батыр-билерін жиып, елдік маңызды мәселелерді шешкен хандар, қазақ хандығының тәуелсіздігі үшін күрескен қазақтың батырлары, ұлт-азаттық қозғалысының жетекшілері, қолбасшылар, ғылым мен білімге, мәдениетке үлес қосқан мемлекет және қоғам қайраткерлері, ақындар, ғалымдар, ағартушылар туралы мәні зор жерлер алынып отыр.

5. Саяси, тарихи оқиғаларға байланысты қасиетті орындар. Қазақ даласында қазақ халқының бірлігі үшін болған шайқастарды, ерлікті, батырлықты, қайсарлықты насихаттайтын, елдің бірлігін білдіретін ескерткіштер мен ел жадында өшпес із қалдырған қасіретті орындар. Қоғамның, мемлекеттің тарихында ерекше орны бар мемлекетіміздің жаңа нышандары еніп отыр.

Осы бағытта жұмыстар Сыр өңірінде де қарқынды жүзеге асырылуда. Бүгінгі күні облыс әкімдігінде «Рухани жаңғыру» жобалық офисі жұмыс жасауда, сондай-ақ облыс әкімінің бекітуімен «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасын жүзеге асыру жөніндегі облыстық жұмысшы тобы құрылды. Оның құрамында елімізге белгілі ғалымдар, өлкетанушылар, жергілікті атқарушы органдардың, оқу орындарының басшылары, мәдениет, руханият, білім, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері бар. Сонымен қатар «Қасиетті Қазақстан» ғылыми зерттеу орталығымен тығыз байланыс орнатып, орталық тарапынан Қазақстандағы жалпыхалықтық маңызы бар 100 нысан тізіміне облыстан 12 нысан таңдалып алынған. Олар «Ірі орта ғасырлық қалалық орталықтар және Қазақ хандығының астаналары» санатына жататын Жанкент, Сығанақ, Шірік-Рабат және Жент қалашығы. «Діни және ғибадат орындары» санатына Оқшы ата, Қорасан ата, Төлегетай-Қылышты ата кешенді мазары, Бегім ана мұнарасы, Қорқыт ата мемориалды кешені, Бұқарбай батыр кесенесі мен Жанқожа батыр мазары және Қызылорда қаласындағы Христос Спаситель шіркеуі бар.

Жанкент қалашығы. Қазалы ауданы территориясындағы Өркендеу ауылдық округінің орталығына іргелес жатқан биік төбе сияқты топырақ басқан қорғанның орнында VII - XIV ғасырларда Жанкент, Янгикент қаласы өмір сүрген. Түрікмен тарихшысы Абұлғазы Баһадүрдің айтуынша, оғыз еліне жүздеген жыл астана болып келген, Сыр өзенінің аяғында тұратын ұлы мұра - Жанкент қаласы еді. Оғыздар осы жерді ерте заманнан мекендеп, патшалары астана қала - Жанкентте отырған. Жанкент шаһары Сыр өзенінің сол жақ бетінде, Қазалы қаласынан 15 шақырым жерде жатыр.

Ең алғаш рет П.И. Лерх 1867 жылы зерттеу жұмыстарын жүргізді [2.51 б.]. Сонымен қатар, Жанкентті С.П. Толстов, Қорқыт Ата атындағы

Қызылорда мемлекеттік университеті мен Әлкей Марғұлан атындағы археология институты және Мәскеудегі И.Н. Миклухо-Маклай атындағы этнология және антропология институтының ғалымдары зерттеген.

Жанкент қалашығы төрт бұрышты «Т» бейнелі сұлбасы шығыстан батысқа қарай кеңейе созылған. Қаланың көлемі 415×230 м (шығыс бөлігінде 320 м). Қаланың шығыс қабырғаларын қуалай жүретін басты көшесі қала қорғанын екінге бөледі. Басты көшеден аула, үйлерді кіші бөліктерге бөлетін қиылыстар мен кіші көшелер және үлкен үй аула, ғимараттары тарайды. Солтүстік батыс бөлігінде көлемі 100х100 м биіктігі 7-8 м, жан-жағынан, үстінен 3-4 м биіктегі цитадель қалдығы, төбе орналасқан. Ертедегі қаланың дуал-қабырғаларының шығысынан басқасы құлаған. Мұнара іздерімен созылған, биіктігі 8 м мұнаралары бір-бірінен тең ара қашықтықта. Дуалдың оңтүстік бұрышы жолмен кесілген [3. 59 б.].

Араб тіліндегі жазба деректерде Жанкент қаласы Карьят ал-Хадиса, ал-Мадинаал-Джадида деп аталса, парсы деректерінде Дих-и-Нау, түркі тілінде жазылған еңбектерде Янгикент атауларымен кездеседі. Қазақша аудармасында барлық атаулар «жаңа қала», «жаңа қоныс» мағынасын береді.

Жанкент қаласының зерттелу тарихы XVIII–XIX ғғ. басталады. Бұған себеп, біріншіден, ескерткіштің тоғыз жолдың торабында, яғни, Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстан жеріне баратын жолдардың қиылысында орналасуы болса, екіншіден, 1739 жылғы Әбілқайыр ханның Жанкентті бекініс ретінде пайдалану мақсатында қала орнын қайта қалпына келтіріп беру туралы Ресей патшасына жазған өтініші болса керек. Кіші жүз ханы Әбілқайырдың өтініші бойынша 1740–41 жылдары Сырдың төменгі, ағысындағы аймақты Орынбор атты әскер полкінің поручигі Д.Гладышев пен геодезист Муравин өздерінің Орскіден Хиуаға сапары кезінде аралап көреді. XIX ғасырдың ортасынан Сыр бойында алғашқы орыс бекіністері салына бастайды. Осыған байланысты өлкені зерттеу аясы кеңейіп, аймақтағы археологиялық ескерткіштер мен жергілікті халықтың өмір салты туралы, ақпараттар көбейе түседі. Бұл мәліметтер Ресей империясының П.И. Рычков, А. Левшин, А.И. Макшеев, В.В. Григорьев сынды әскери шенді қызметкерлердің еңбектерінде баяндалады. Олардың мерзімді басылым беттерінде жарық көрген хабарламалары мен есептері Қазақстан мен Орта Азияны зерттеушілер арасында үлкен қызығушылық туғызып, жан-жақты пікірталастардың тууына арқау болды [4].

Сығанақ - ортағасырлық қала орны. Қызылорда облысы Төменарық тау жыныстары станциясының солтүстік-батыс жағында 10 км жерде орналасқан. Қаланы 1867 жылы П.И. Лерх, 1906-1907 жж. И.А. Кастанье, 1947 жылы Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы жетекші А.Н. Бернштам зерттеген. Қала туралы алғашқы дерек X ғасырдағы парсы шығармасы “Худуд әл-Әлемде” кездеседі.

Ертедегі Сығанақ қыпшақ мемлекетінің сауда және саяси орталығы болған. Сығанаққа көшпелі елдер мал, ет, тері, жүн, т.б. әкеліп, өздеріне қажетті заттарын алған. Шыңғыс хан шапқыншылығынан бұрын Сығанақ Хорезмшах Текештің қол астында болған. 1219-1920 жж. Сығанақты Жошы әскері басып алып, қарсылық көрсеткендерді қырғынға ұшыратты. Осы кезден бастап қала Жошы ұлысының яғни Алтын Орданың құрамында болған. XII ғасырдың 2-жартысында қала қайта жандана бастап, Жошы ұрпақтары кезінде Ақ Орданың орталығы болып, онда теңге соғылған. XV ғасырдың 80-жылдары қаланы қазақ ханы Бұрындық биледі, ал маңы қазақ тайпаларының қысқы қоныстарына айналды. Осы кезден бастап Сығанақ пен оның төңірегі біржола қазақ хандығына қарады және негізгі саяси, экономикалық орталықтардың бірі саналды. XV-XVIII ғасырларда қала бұрынғысынша сауда және қолөнер орталығы болды. XVII-XVIII ғасырларда бірнеше рет жоңғар шапқыншылығына ұшырады. Осы шапқыншылықтар және басқа да әр түрлі себептерден қала бірте-бірте өзінің өмір сүруін тоқтатты. 1801 жылғы “Сібірдің сызба кітабында” Қазақстанның Сырдария алабындағы қалалардың бірі деп көрсетілген. Қаланың қазіргі орны 10 га жерді алып жатқан үлкен бес бұрышты төбе. Жан-жағында көптеген үйінділер, ертеде су жүргізілген құрылыс іздері сақталған. Археологиялық қазба барысында табылған заттарға қарағанда Сығанақ VI-XVIII ғасырларда өмір сүргендігі белгілі [5. 47 б.].

Шірік-Рабат. Т. Көмекбаев ауылынан 100 шақырым жерде орналасқан. Шірік-Рабат Қазақстандағы көне қала орны, археологиялық ескерткіш. Шірік-Рабат қаласы ең көрнекті ескерткіш. Қаланы алғаш рет Лерх ашқан. 1946-1949 жж. Хорезм археология этнография экспедициясы қазба жұмыстарын жүргізді. Ұзындығы 850 м, ені 600 м болып келген жазып төбеде орналасқан қала 42 га жерді алып жатыр [6. 68 б.].

Шірік-Рабат Белявтің жазбасында: биік қабырғалармен қоршалған қамал екен. Қамалдың жер астынан жасалған төрт жолы болған. Шірік-Рабат мұнаралары 1960 жылдарға дейін сақталған. Шірік-Рабат Жаңадария өзенінің сол жағасында биік жерде орналасқан. 2004 жылы археолог Ж. Құрманқұлов зерттеп, жаңа деректер бес құрлыс орнын тапқан. Зерттеу жұмыстары әлі де жалғасуда.

Жент қалашығы Жалағаш ауданы, Аққыр ауылынан оңтүстікке қарай 30 шақырымда, Жаңадарияның негізгі арнасының оң жағалауынан 4 шақырым жерде, оның бүйірлік көне тармағында орналасқан. Республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші.

Жент XII-XIII ғасырлардағы адамдар тығыз қоныстанған орасан зор аймақтың орталығы. Ортағасырлық суландыру жүйелерінің іздері, үй-жайлар, бекіністер бұл жерден шығысқа қарай, Жаңадарияның оң жағалауын бойлай Сырдарияға жанасып мәдени белдеуге дейін 40-50 шақырымға созылып жатыр.

Жент жөнінде Қазақ энциклопедиясында былай деп жазылған: «Жент – орта ғасырда Сырдарияның төменгі ағысы бойында болған қала. Жент Жаңадария өзенінің сол жағасында, мұсылман дүниесінің шекарасында туған қала. X ғасырда түрік оғыздарға қарағаң. XI ғасырда монғол шапқыншылығына дейін Жент Сырдария бойындағы басты қала болған» [5. 39 б.].

Археологиялық зерттеу тұрғысынан Жентті П.И. Лерх (1870 ж.), Каллаур (1900 ж.), И. Кастанье (1910 ж.) т.б. атағанымен орнын нақтылай алмаған. С.П. Толстов алғаш рет 1946 жылы Жент қаласының орнын көрсетіп, үстіңгі бетінен жинаған деректер бойынша, оның жасын XII-XYI ғғ. мерзіміне тұжырымдады. Зерттеушінің пікірінше XII-XIII ғғ. Жент Хорезм мемлекеті дүниежүзілік державаға айналу барысында тіректі қаласының бірі болған. Кейін 1958 жылы Б.В. Андрианов, 1961 жылы С.П. Толстов ескерткіш орнында зерттеу жұмысын жүргізді. 1960-70 жылдары ғалым Ә. Қоңыратбаев зерттеу жүргізген. Ал академик В. Бартольд өз зерттеулерінде Сыр бойындағы қалаларды хунуерлер салған десе, М. Қашқари Сыр бойындағы балшықтан соққан ең ескі қала Жент деп те жазады. Бүгінгі күні нысан ЮНЕСКО-ның тізіміне енгізілген.

Сонымен қатар Қызылорда облысынан «діни және ғибадат орындары» ескерткіштерінің тізіміне:

- Оқшы Ата мазары (кесене) – Шиелі ауданы жеріндегі ең көне архитектуралық ескерткішетер қатарына жатады. Жөлектен 6-7 шақырымда теміржолға жақын салынан. Қабірдегі кісінің аты – Ибраһим делінеді. Ә. Қоңыратбаев ол кісіні ұста болып, оқ жасағандықтан Оқшы Ата аталғандығын айтады. Оқшы Ата мазары XV-XVI ғасырда салынғандығын археологтар мен ғалымдар жазып қалдырған.

- Қорасан ата кесенесі - Жаңақорған ауданынан 40 шақырым арыда жатқан «Хорасан ата» кесенесі ақылгөй, данышпан, өз заманында емші, дінбасы болған Әбдіжәлил баб жатқан жер. Шамамен IX ғасырда өмір сүрген ол – Сыр бойына Ислам діні мен мәдениетін таратушылардың бірі, Әзірет Әлінің 8-ші ұрпағы саналатын Ысқақ бабтың інісі. Осы қос ұлдың әкесі, бұрынғы Шам шаһарының патшасы Әбдірахман баб көз жұмарында тағын тұңғыш ұлы Ысқаққа табыстапты. Ал Әбдіжәлил баб Йеменнің патшасы болған. Оның Хорасан ата атануының да өзіндік сыры бар. Ондаған мың қолымен Хорасан қаласын басып алған бас қолбасшыны ел бертін келе осы қаланың атымен атап кеткен көрінеді. Оның Қызылордаға келуі жөнінде Сыр бойын жағалап, Өзкент, Боршынкент, Жаптырсен, Жаркент арқылы Сейхундариянның сол жағалауына, одан бері Қызылқұм өңіріндегі Тотықұс аралын басып өтіп, Жаңақорғанды қоныстанған деген дерек бар.

- Бегім Ана мұнарасы – X-XII ғасырдың туындысы. Қазалы қаласынан 60-70 шақырымда, Арал ауданындағы Жаңақұрылыс ауылынан 35 шақырым жерде салынған. Алғаш рет орыс зерттеушілері зерттеген. 1979 жылы Қазақстан тарих және мәдениет ескерткіштерін

қорғау қоғамының экспедициясы зерттеген. Мұнара қам-кесектен өріліп, сырты күйдірген кірпішпен қапталған. Мұнара биіктігі 5,5-6 м, жалпы биіктігі – 10,5 м. Ел аузындағы аңызда Қарабура әулиенің қызына арналып салынған ескерткіш. 1989 жылы қайта жөндеуден өткізілген.

- Қорқыт Ата мемориалдық кешені - Сыр өңірінде дүниеге келген, артына өшпес мұра қалдырған, орта ғасырларда өмір сүрген оғыз дәуірінің өкілі – Қорқыт атаға арналып салынған. Архитектурасы ерекше көз тартатын Қорқыт Ата кесенесі еліміздегі тарихи ескерткіштер санатына жататын бірден-бір кешен. Сыр бойында орналасқан кесененің құрылысы 1980 жылдары басталды. Кешенді қайта қалпына келтіру жұмыстары 1997 жылы жүргізілді. Қорқыт ата кешенінде арнайы амфитеатр, музей, қылует салынған. 2014 жылы баба кесенесі толыққанды жөндеуден өтті.

Елімізде дүбірлеп өткен «EXPO-2017» халықаралық көрмесінің саяхаттық бағыты ретінде белгіленген Қорқыт Ата кешенінің жанынан биыл этноауыл бой көтерген болатын. Маусым-қазан айлары аралығында жұмыс істеген этноауыл шетелдерден келген көптеген қонақтарды қонақжайлықтарымен таң қалдырды.

- Бұқарбай батыр мазары. Кіші жүздегі Табын руының теке атасынан шыққан Бұқарбай Естекбайұлының (1822-1898) мазары. Бұқарбай батыр Кенесары көтерілісіне алғашқылардың бірі болып қатысып, 1847 жылға дейін көрнекті батырлардың қатарында аталады. Ол 1838 жылы тамызда Ақмола бекінісін алуға қатысты. 1850 жылы Бұқарбайдың жасағы Қазалы, Арал, Қосқорған бекіністеріне шабуыл жасап, казак-орыстар мен қоқандықтарды жеңді. Орыс тіліндегі деректерге қарағанда, Бұқарбай осы шайқастардың бірінде ауыр жараланып еліне қайтқан соң бейбіт еңбекпен айналысқан. Егін егіп, Сырдария сағасынан күні бүгінге дейін ұрпақтары пайдаланатын «Бұқарбай арығын» (ұзындығы 25 – 30 км) қаздырған.

Бұқарбай батырдың ерліктері ақын-жыраулардың мұраларында, тарихшы Е. Бекмахановтың зерттеулерінде, жазушы І. Есенберлиннің «Қahар» романында, зерттеуші Қ. Бердәулетовтың «Бұқарбай батыр» кітабында көрініс тапқан.

Қазіргі уақытта батырдың саз кесектен тұрғызылған мазары езіліп, бұзылған. Осы мазардың ізін қоршай отыра Жалағаш ауданы әкімінің шешімімен 1993 жылы ақ силикат кірпіштен кесене тұрғызылған. Жалпы аумағы 23х16,7х2,7 м болатын мазардың жоспары төртбұрышты, күмбезді кесене типтес бөлігі салынған.

- Жанқожа батыр мазары (зираты) - қазақ батыры, Сыр бойы қазақтарының Хиуа, Қоқан хандықтарының езгісіне және Ресей отаршылдарына қарсы ұлт-азаттық көтерілісінің басшысы Жанқожа Нұрмұхамедұлының (1795 - 1859) бейіті.

1967 жылы іргетасы қаланған ескерткіш силикат кірпішпен өрілген. Ұзындығы 6, ені 5 метр. Биіктігі 3 м, күмбезделген беті 5 метр. Жанқожа

батыр мазары Қызылқұм ауылдық округіне қарасты Кәукей ауылының Өзбекстанмен шекарасында орналасқан.

- Христос Спаситель шіркеуі (1890-1895). 1855 жылдары Перовск қаласында христиан дінін уағыздаушылар көбейіп, Христос Спаситель шіркеуі елеулі рөл атқарады. 1855 жылдың 13 қазанында жылжымалы шіркеу болып алғашқы рет ашылады. Оның негізін салушы поп Л. Гороховский болды. Ал қала христиандары үшін алғашқы тұрақты шіркеу 1863 жылы ашылды. Бұл шіркеу үйі 1868 жылы болған қатты жауыннан құлап қалады. Сол жылы күйдірілген кірпіштен салынып, төбесі жабылған шіркеудің жаңа үйін пайдалануға береді. 1890 жылы шіркеудің жаңа ғимараты салына бастайды. 1896 жылы пайдалануға беріледі. Шіркеу 250-300 адамдық. Бүгінгі таңда шіркеу христиандардың бас қосып, мінәжат етер негізгі орны. Бүгінгі күні ғимарат мемлекет қорғауына алынған, республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енгізілген.

Қызылорда облысы — киелі орындарға толы тарихи өлке. Қазіргі Сыр бойы – талай заманның куәгері болған, бағзы уақыттан бері талай ұрпақ ғұмыр кешіп, көш керуенін өткерген өлке. Мұнда қазақ халқының ұрпақтан-ұрпаққа жеткен тұрмыс-салттық өнерлерінің биік сатысы байқалады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы 2017 ж.

2. Т. Мәмиев. Жанкент опаты // Атамекен. – Алматы: Жалын, 1990.

3. Т. Мәмиев Кейінгі орта ғасырдағы Арал өңірінің қалалары (XIII-XVIII ғғ.). Алматы: ЖАК-тың редакциялық баспа бөлімі. 2001.

4. Ә.Ә. Тәжекеев, Ж.Т. Сыдықова Тұран өркениеті. http://e-history.kz сайты, 2011 ж.

5. «Сыр елі» энциклопедиясы, Алматы, 2005 ж.

6. Т. Дайрабай, М. Ахметов, Сыр еліндегі ескерткіштер. – Алматы, 2014 ж.

3.10. Адами капитал – мемлекет дамуының негізі

Солтанбек Касенов
Шет тілдер және іскерлік карьера университеті
(Алматы қ., Қазақстан)
Мұратбек Касенов
«Тана мырза» орта мектебі. (Тарбағатай ауданы,
Шығыс Қазақстан облысы, Қазақстан)
Әсел Сырымовна Ауденова
«Тана мырза» орта мектебі. (Тарбағатай ауданы,
Шығыс Қазақстан облысы, Қазақстан)

Бүгінде әлемнің дамыған елдерінде адами капиталды қоғам мен мемлекеттің, экономиканың негізгі тұғыры, басты қозғаушы күші деп қабылдап, XXI ғасырда адамзаттың озық ақыл-ойы, білім мен интеллектісі басты роль атқаратын болады. Қазір ғалымдар әлемде 251 мемлекетті санаса, оның 195-і тәуелсіздігін алған, егемен елдер. 193 мемлекет БҰҰ мүшесі [1].

Адамзат тарихында ел экономикасының қуатын, әлеуметтік әлеуеті мен саясатын, бір сөзбен айтқанда, қоғамның болашақ дамуын интеллектуалды адами капиталы айқындайтыны белгілі.

Бүгінгі өркениетті елдер экономикасының қарыштап дамуы кәсіби құзіреттілігі жоғары адами капиталға тәуелділігінде болып отыр. Кәсіби сарапшылар ең алдымен, кез-келген компанияның стратегиялық даму жағдайын бағалап, жоспарлауда материалдық-техникалық базасының қуатына емес, мекеме қызметкерлерінің адами капиталының әлеуетіне басымдық береді. Себебі, адам қоғамның материалдық және рухани байлықтарының тек тұтынушысы ғана емес, сол байлықтарды өндіріп-өңдеуші, инновациялық идеялар мен жаңа технологиялардың негізін қалап, оны жүзеге асырушы болып саналады. XXI ғасырда адамның қоғамдағы орны, оның атқаратын қызметі сапалық жаңа деңгейге көтеріліп, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық әлеуетінің интеллектуалды адам капиталына тәуелділігі онан ары артуда.

«Адам бойындағы барлық қабілет туа бітеді немесе өмірлік дағдымен қалыптасады. Әрбір адамның тұқымдық ерекшеліктеріне байланысты туа біткен қабілеттері болады. Тиісті қаржы бөлу арқылы дамытылатын адам бойындағы өмірде жүре қалыптасқан құнды қабілеттерді біз «адами капитал» деп атаймыз», дейді «адами капитал» терминін алғаш рет енгізген Нобель сыйлығының лауреаты, атақты экономист Теодор Шульц [2].

Белгілі бір халықтың, ұлттың, ұлыстың, этникалық топтың санын, құрамы мен құрылымын, аумаққа бөлінуін, өсу не кему динамикасын қоғамдық-тарихи жағдайлармен байланыстырып зерттейтін әлеуметтік ғылым саласы–демография (грекше демос – халық) деп аталады [3].

Ел аумағын халықтың қоныстанып, игеруі тарихи-географиялық жағдаймен байланысты болса, халық саны мен ұлттық құрамының өзгеруі әлеуметтік-экономикалық, сондай-ақ демографиялық факторлардың ықпалымен жүретіні белгілі. Демографиялық саясат кез-келген елдің өсіп-өркендеуі жолындағы басты стратегиялық тренд болып саналады.

Қазақстан жер көлемі жөнінен (2724,9 мың км^2) әлемдегі аса ірі елдердің ондығына кіргенімен, халқының саны жөнінен әлемнің 247 елі арасынан 74 орын алып, шағын елдер санатына жатады

Ресми дерек бойынша 2019 жылғы 1 қазанда Қазақстан Республикасының халқы саны 18 570,3 мың адамға жетіп, оның ішінде қала халқы – 10 837,8 мың (58,4%), ауыл халқы – 7 732,5 мың адамды (41,6%) құрады. 2018 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда халық саны 236,1 мың адамға немесе 1,3% өскен. Халық санының өсуі еліміздің 3 өңірінде: Нұр-Сұлтан(61 мың), Алматы (54 мың) қалалары мен Түркістан облысынды (42,7 мың) байқалды [4].

Біріккен Ұлттар Ұйымы әлем елдері халқының қартаю дәрежесін анықтайтын критерийлерін белгіленген. Классификация бойынша мемлекет халқының 65 және одан жоғарғы жастағы адамдардың үлесі 4% немесе одан төмен болса ол халық жас, 4-7% болса қартаю алдындағы халық, 7% және одан жоғары болса қартайған халық болып саналады. Еліміз бойынша бұл көрсеткіш 6,6% деңгейінде болса, жекелеген аймақтары, атап айтқанда, солтүстік, шығыс және орталық бөліктерінде жастарға қарағанда қарт адамдар санының аруына байланысты бұл межеге жетті. Ал, оңтүстік пен батыс және Нұр-Сұлтан қаласында дүниеге келген сәбилер санының артуынан халықтың қартаю көрсеткіші төмендеуде.

Жалпы, ҚР статистика агенттігінің болжамы бойынша, 2020 жылы бұл көрсеткіш еліміз бойынша 7,4% жетеді деп күтілуде. Басқа елдермен салыстырсақ, қазір Германияда – 24%, Ұлыбританияда – 20%, Украинада – 18%, АҚШ-та – 16%, Ресейде – 15%. Әрине біздегі көрсеткіш жоғарыда көрсетілген мемлекеттермен салыстырғанда әлдеқайда төмен [4].

Республика халықы ел аумағы бойынша біркелкі қоныстанбаған, халықтың орташа тығыздығы 1 км^2 6,6 адамнан келіп, Қазақстан халқы аумағы бойынша сирек қоныстанған (әлемде 184 орын) елге жатады.

Жалпы халықтың ел аумағына қоныстануына тарихи жағдайларға қоса, табиғат жағдайларының ерекшелігі мен өнеркәсіп орындарының шоғырлануы сияқты факторлар да әсер ететіні белгілі. Табиғат жағдайы анағұрлым қолайлы өңірлер деп – Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Алматы облыстары (Алматы қаласын қоса алғанда) саналады. Мұнда республика халқының 43,2%-ы тіршілік етіп, орташа тығыздық тиісінше, 1 км^2-ге 16,9; 6,9 және 7 адамнан келеді. Келесі – Солтүстік Қазақстан аймағы: Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Ақмола және Павлодар облыстарының аумағы. Мұнда ел тұрғындарының 16,25%-ы орналасып,

орташа тығыздық 1 км^{2}ге 5,2; 7,4; 5,7 және 6,5 адамнан келеді. Шығыс Қазақстанда республика халқының 7,68%-ы тұрып, орташа тығыздық 1 км^2-ге 5,4 адамнан. Орталық Қазақстанда (Қарағанды облысы) республика халқының 7,66%-ы орналасып, 1 км^2-ге 3,3 адамнан келеді. Халықтың сирек қоныстанған өңірлеріне батыс – Маңғыстау, Атырау, Батыс Қазақстан, Ақтөбе облыстары мен Оңтүстік Қазақстан аймағындағы Қызылорда облысы саналады Мұнда бүкіл республика халқының 19,61%-ы мекендеп, 1 км^2-ге келетін орташа тығыздық, тиісінше, 1,9; 3,7; 4,1; 2,3 және 2,6 адамнан келеді.

Республиканың солтүстік - шығысы мен Оңтүстік Алтайдың етегіндегі пайдалы қазбаларды игеруге байланысты мұнда өнеркәсіп орындары шоғырланған. Оңтүстік пен оңтүстік – шығыстағы егіншілікті Сырдария, Талас, Асы өзендерінің маңындағы аудандарда, Транс-Қазақстан, Түрксіб теміржолдарының бойында халық жиі қоныстанған. Өнеркәсібі дамыған аудандарда мамандардың қоныстануы нәтижесінде халықтың тығыздығы артты. Орталық, батыс және оңтүстік-батыстағы мал шаруашылығымен айналысатын аудандарда халық сирек қоныстанған. Республиканың бұл бөліктерінде табиғат жағдайлары мен жол қатынастарының нашар дамуы халықтың сирек қоныстануына өз әсерін тигізеді.

Ірі суару жүйелерінің салынуына байланысты халықтың біраз бөлігі оңтүстіктегі шөлейт және шөлді аудандарға қоныстанған.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жылдары өнеркәсіпті индустрияландыру және ауыл шаруашылығын қайта құру нәтижесінде халықтың қоныстануы мен тығыздығында елеулі өзгерістер болды. Өнеркәсіп орталықтары мен қалалық елді мекендерде халық саны мен тығыздығы артты. Батыс және Орталық Қазақстандағы жаңадан пайда болған мұнай, металлургия және химия өнеркәсіп орталықтарына республиканың басқа аудандарынан халық көптеп қоныс аударды.

Қазір қазақтар республика халқының 71%-ын құрап, негізінен, республиканың оңтүстігі мен батысында қоныстанған. Қазақ халқының саны басым облыстар: Қызылорда (94,2%), Атырау (89%), Маңғыстау (78,7%), Ақтөбе (70,7%), ең азы — Солтүстік Қазақстан (29,6%), Қостанай (30,9%), Ақмола (37,5%), Қарағанды (37,6%) облыстары.

Қала тұрғындары ең көп облыстар: Қарағанды (қала тұрғындарының үлесі 79,53%), Маңғыстау (41,70%), Павлодар (70,72%), Қызылорда (44,16%), Атырау (47,92%), Ақтөбе (56,2%), Қостанай (53,72%).

Облыс, сондай-ақ республикалық маңызы бар қала тұрғындарының жалпы санынан жастардың ең қомақты үлес салмағы Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларына, сондай-ақ Ақтөбе облысына тиесілі, мұнда 14 – 29 жас аралығындағы жастар 29%-ды құрайды. Тұрғындардың жалпы санынан жастардың ең аз үлес салмағы Солтүстік Қазақстан облысына – 22 %, Ақмола, Шығыс Қазақстан, Қарағанды және Павлодар облыстарына – 24 % келеді. Еліміздің демографиялық даму көрсеткішінде 2017 жылдың мамыр айында маңызды жаңалық болды.

Республика халқы саны 18 миллионға жетіп, 11 мамырда 18 миллионыншы адам дүниеге келді. Бұл бақыт Алматы облысы Талдықорған қаласының тұрғыны – Мүслима Саматқызына бұйырды [5]. Алматы (1 772 779 адам) мен Нұр-Сұлтан (1 006570 адам) және Шымкент (1 028,7 адам) республикалық маңызы бар қалалар санатына жатып, «миллионер» қалалар аталады. Үш қаланың миллионыншы тұрғындары кімдер десек? Алматының миллионыншы тұрғыны Бауыржан Қадырсызов 1981 жылдың 19 желтоқсаны күні дүниеге келсе, Нұр-Сұлтан тұрғыны Саида Мұхамедияр 2016 жылдың 4 шілдесі күні дүниеге келді. Ал енді Шымкент қаласының миллионыншы тұрғыны Айсұлу Еламанова 2018 жылдың 17 мамырында туған. Халық санының өсуі негізі екі факторға: табиғи және механикалық өсуге байланысты болса, кемуіне халықтың сыртқа кетуі мен туу көрсеткішінің кемуі сияқты факторлар әсер етеді. 2019 жылдың тоғыз айында елімізге 7 998 адам келсе, 34 198 адам кеткен (1 кесте).

1 кесте. Қазақстан халқының қоныс аударған елдері (қаңтар-қыркүйек, 2019 жыл)

№	Елдер	Кеткені	Келгені	Миграция сальдосы
1.	Ресей	30 362	2 197	-28 165
2.	Германия	2 085	155	-10 930
3.	Беларусь	297	49	-248
4.	Өзбекстан	220	2 900	2 680
5.	АҚШ	190	69	-121
6.	Қырғызстан	122	251	129
7.	Израиль	98	10	-88
8.	Қытай	92	686	594
9.	Түркия	65	86	21
10.	Канада	58	6	-52
11.	Басқа елдер	609	1 589	980
	Барлығы	**34 198**	**7 998**	**-26 200**

Кестеге қарай отырып, Қазақстандықтардың ең көп қоныс аударған елі Ресей екенін байқауға болады, яғни, ағымдағы жылдың тоғыз айы ішінде Ресейге 30 362 адам қоныс аударса, тек 2 197 адам ғана келген. Екінші орында Германия (2 085 адам) болса, үшінші орында Беларусь Республикасы көзге түседі (297 адам). Елден сыртқа кетушілер негізінен сол мемлекетті этникалық отаным деп санайтындар болса, келушілер – басқа елдердегі қазақ ұлты өкілдері екені белгілі. Кестеге көз салсақ, ең көп келушілер Өзбекстан Республикасына (2 900) тән. Ал, Қазақстан халқының жекелеген аймақтар бойынша сыртқы миграциясына көз салсақ, ең үлкен көрсеткіш – Шығыс Қазақстан облысының үлесінде - 5 383 адам басқа елдерге қоныс аударған болса, одан кейінгі көрсеткіштер: Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары болып табылады. Миграцияның оң сальдосы еліміздің тек үш аймағында: ең жоғары көрсеткіш - Маңғыстау облысына

тән болса, одан кейінгі орында Шымкент қаласы мен Алматы және Түркістан облыстарында байқалады (2 кесте).

2 кесте. Қазақстан халқының сыртқы миграциясы (қаңтар-қыркүйек, 2019 жыл)

№	Облыстар (қалалар)	Кеткені	Келгені	Миграция сальдосы
1.	Шығыс Қазақстан	5 383	366	-5 017
2.	Қарағанды	4 831	272	-4 559
3.	Қостанай	4 284	698	-3 586
4.	Павлодар	4 212	188	-4 024
5.	Солтүстік Қазақстан	3 287	439	-2 848
6.	Алматы (қала)	2 675	777	-1 898
7.	Ақмола	2 386	235	-2 151
8.	Нұр-Сұлтан	1 407	478	-929
9.	Ақтөбе	1 376	28	-1 348
10.	Батыс Қазақстан	1 285	90	-1 195
11.	Алматы	1 155	1 456	301
12.	Жамбыл	781	176	-605
13.	Маңғыстау	329	1 768	1 439
14.	Шымкент	293	622	329
15.	Атырау	267	126	-141
16.	Түркістан	196	261	65
17.	Қызылорда	51	18	-33
	Барлығы	**34 198**	**7 988**	**-26 200**

Қазақ жеріне түрлі әлеуметтік және саяси жағдайлармен келген басқа ұлт өкілдері өздерінің тарихи отанына кетіп жатса, елімізге қоныс аударушылардың негізгі бөлігі – этникалық қазақтар (оралмандар) болып табылады. Сондықтан қазіргі кезек күттірмей шешуге тиіс демографиялық басты проблеманың бірі – солтүстік, солтүстік-шығыс өңірлердегі халық санының күрт азаюы және соған байланысты еңбек күшінің жетіспеуі болып табылады. Теріскей облыстарды еңбек күшімен қамтамасыз ету болашақтағы маңызды стратегиялық мақсат болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. https://mnogofactov.ru/goroda-i-strany/skolko-stran-v-mire.html.
2. Клочков В.В. Человеческий капитал и его развитие. В книге: Экономическая теория. Трансформирующая экономика. / Под ред. Николаевой И.П. -- М.: Юнити, 2004.
3. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Әлеуметтану және саясаттану бойынша / Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ. 2006. – 569 б.
4. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті.
5. Айқын газеті, 4 шілде, 2017 жыл.

3.11. The Support of Teachers in the Professional Burnout Situation

Elnura T. Kurmanaliyeva
Candidate of Pedagogical Science, Associate Professor of "Psychology and Pedagogy". M.Kh. Dulaty Taraz State University (Taraz, Kazakhstan)
Togzhan Ye. Zhaparova
Teacher of "Foreign Languages" Department. M.Kh. Dulaty Taraz State University (Taraz, Kazakhstan)

Abstract
This article is devoted to the study of the impact of preventive education on reducing the level of emotional burnout of teachers. The article presents the results of the study, confirming the hypothesis of the study about the possibility of reducing the level of emotional burnout of a teacher and increasing the productivity of his activities through special training, which has aim to increase emotional competence.

The main figure in the educational process, of course, is the teacher: he is both the most important condition and an essential factor influencing many other conditions of development, education and upbringing of the student.

With an increase of job experience and the age of the teacher, an increase in the teaching load, the accumulation of fatigue inevitably occurs, an increase in anxiety experiences, a decrease in mood, and behavioral breakdowns. These clinical and psychological manifestations underlie the psychological phenomenon of "burnout" in the form of emotional and intellectual exhaustion, reduced working capacity, and depressive experiences, which, according to teachers, determines the stressful nature of professional activity and affects physical and mental health. It is clear that certain personality characteristics can be called risk factors in terms of the appearance of emotional burnout.

Emotional loads in pedagogical activity do not arise from time to time, but constantly, when determining measures of encouragement and punishment, resolving conflict situations, choosing methods and techniques of training, education, etc. The teacher's daily work is accompanied by a great neuropsychic load, since time poses new difficult tasks for him without enough time to think over or calculate the most successful solution. Each teacher has situations, the meeting with which or expectation of which has a strong emotional connotation, and which he seeks to avoid.

Thus, the constant mental tension of teachers is largely due to the characteristics of the professional activity itself.

In the 70s, some researchers paid attention a fairly common state of emotional exhaustion in people involved in various areas of communicative activity (teachers, doctors, social workers, psychologists, managers). As a rule, such specialists at a certain stage of their activity suddenly began to lose interest in it, formally relate to their duties, and conflict with colleagues on unprincipled issues. In the future, they usually developed somatic

diseases and neurotic disorders. The observed changes were found to be caused by prolonged exposure to occupational stress.

The term *"burnout"* appeared which in Russian language psychological literature translates as *"выгорание"* or *"сгорание".* Currently, there is a single point of view on the essence of professional burnout and its structure. In modern conditions, the teacher's activities are literally saturated with factors that cause professional burnout: a large number of social contacts per working day, extremely high responsibility, underestimation of professional significance among management and colleagues, the need to be in "shape" all the time. Now society is declaring the image of a socially successful person, this is the image of a self-confident person, independent and decisive, having achieved career success. Therefore, many people try to conform to this image in order to be in demand in society. But to maintain an appropriate image, a teacher must have internal resources.

Emotional burnout is a state of physical, emotional, mental exhaustion, a psychological defense mechanism developed by a person in the form of a complete or partial exclusion of emotions in response to traumatic effects. Burnout is most often seen as a long-term stress response or syndrome resulting from prolonged occupational stresses of medium intensity. In this regard, a number of authors designate emotional burnout syndrome as mental burnout syndrome or professional burnout syndrome [1, p. 67].

The relevance of this topic is due to increasing demands from society on the personality of the teacher, because the teaching profession is of great social importance. The ability to empathize (empathy) is recognized as one of the most important qualities of a teacher, however, the practical role of emotions in professional activity is assessed contradictory. We can say that teachers do not prepare for a possible emotional overload, do not form (purposefully) with him the corresponding knowledge, skills, personal qualities necessary to overcome the emotional difficulties of the profession.

Numerous studies show that teachers older than 35-40 years are most often affected by emotional burnout.

It turns out that by the time they have accumulated sufficient pedagogical experience, and their own children are already growing up and a sharp rise in the professional sphere can be expected, there is a decline. In people, the enthusiasm in work is noticeably reduced, the gleam in the eyes disappears, negativity and fatigue increase. We observed situations when a talented teacher becomes unsuitable for this reason. Sometimes such people themselves leave school, change their profession and miss the rest of their lives in communicating with children.

The professional burnout syndrome, as our observations show, is characterized by the teacher's emotional dryness, the expansion of the sphere of saving emotions, personal detachment, ignoring the individual characteristics of students and has a rather strong influence on the nature of the teacher's professional communication. It is known from practice that negatively colored emotional states of teachers reduce the effectiveness of

training and education, increase the likelihood of conflict in the teaching staff and lead to professional deformation.

Professional deformation of pedagogical activity can manifest itself in various aspects, hindering the full management of the educational process, interfering with the formation of a professional team. Most teachers in this situation note the presence of mental states that destabilize professional activity. The instability of the emotional state of the teacher in the learning process leads to the formation and development of the phenomenon of emotional burnout of the teacher and neuropsychic breakdowns in extreme situations.

After the phenomenon became generally recognized, a question naturally arose about factors that contribute to development or, conversely, inhibit it. Traditionally, they were grouped into two large blocks, features of professional activity and individual characteristics of the professionals themselves. V.Y. Orel calls these factors external and internal or personal and organizational [1, p. 67].

Considering the substantive aspects of activity as independent, T.V. Formanyuk identifies the personality, role and organizational factors of emotional burnout [2, p. 57].

V.V. Boyko identifies a number of factors - prerequisites that instigate emotional burnout: the conditions of the material environment, the content of the work and the social and psychological conditions of activity [3, p. 231].

K. Maslach emphasizes that burnout is not a loss of creativity, not a reaction to boredom, but “emotional exhaustion arising from the stress caused by interpersonal communication” [4, p. 397].

N.E. Vodopyanova and Y.S. Starchenkova defined burnout as: “Mental burnout syndrome is a multidimensional construct that includes a combination of negative psychological experiences and maladaptive behavior as a result of prolonged and intense communication stresses”, as well as: “a combination of persistent symptoms , manifested in negative emotional experiences and attitudes regarding their work (profession) and subjects of business communication” [5, p. 336].

Professional deformation of pedagogical activity can manifest itself in various aspects, hindering the full management of the educational process, interfering with the formation of a professional team. Most teachers in this situation note the presence of mental conditions that destabilize professional activities [6, p. 127].

The burnout syndrome, as observations show, is characterized by the teacher’s emotional dryness, the expansion of the sphere of saving emotions, personal detachment, ignoring the individual characteristics of students and has a fairly strong impact on the nature of the teacher’s professional communication. It is known from practice that negatively colored emotional states of teachers reduce the effectiveness of training and education, increase the likelihood of conflict in the teaching staff and lead to professional deformation [7, p. 65].

We believe that the psychological support of teachers in a situation of emotional burnout should be a priority line in the work of a school psychologist with teachers. It can be considered as a foundation, on which other components of the work can then grow, for example, assistance in organizing personality-oriented training, psychological education, etc. Without such a foundation, all other influences of psychologists, in our opinion, will be practically useless, and some situations may cause aggression from teachers.

In this regard, we specifically developed a preventive program to overcome emotional burnout, consisting of a special course “Emotional factor in teacher’s pedagogical activity”, aimed at increasing the teacher’s psychological literacy, developing their skills of self-regulation and self-management by behavior in difficult situations of pedagogical communication and the program teacher development of emotional flexibility of the teacher. Preventative work was carried out on teachers’ development courses at the Almaty Institute of Personnel Professional Development.

The prophylactic program was developed to overcome emotional burnout caused teachers to strive to improve the emotional component of their activities. The purpose of this program was to educate teachers about individual psychological personality characteristics of teachers, teaching effective ways of interaction and managing the emotional state, familiarizing teachers with the role of emotions in human activities, studying the psycho and physiological and psychological components of emotional states. Classes included lectures and conversations on emotions and emotionality, identifying the current level of psychological knowledge, skills, teaching teachers’ methods of introspection, self-control, solving situational problems, the use of psychological tools by teachers, discussion, summing up [8, p. 296].

During the lessons, the following tasks were solved: recognition and identification of their own negative emotional conditions that occur when communicating with asocial children; training in "non-directional" ways of responding to negative emotions and methods of regulating mental balance; removal of personal and professional clamps and restrictions; mastering the methods of contact with dysfunctional children of different ages and developing an effective style of interaction.

Theoretical knowledge of the fundamentals of psychology does not have a specific content for many teachers, many are not familiar with the laws of social psychology: social perception, communication, interaction. This refers to theoretical knowledge that allows us to understand them and effectively apply them in the educational process. The concrete content of the theory, understanding and sensory assimilation of individual and group changes in the process of interpersonal communication, and teachers received a scientific explanation during the work. As a result of real experience of participation in interpersonal situations and their active awareness, as well as self-awareness as a participant in these situations,

teachers received socio-psychological knowledge that will help them in the learning process [9, p. 859].

Familiarization of teachers with the characteristics of specific emotions that accompany learning activities and with the basics of their recognition technology, mastery of the technique of using various methods of emotional regulation were worked out in the course of correctional and educational work.

Theoretical studies were combined with practical exercises. They used technological techniques that allowed the teacher to better understand and learn about himself and his students. The use of specially developed technology for regulating emotional states, developing methods of verbal and non-verbal behavior updated the behavioral activity of teachers [10, p. 192].

The results of the seminar showed the possibility of a targeted increase in the psychological culture of the teacher. The ability of self-regulation and self-management by behavior in difficult situations of pedagogical communication cannot but affect the effectiveness of the educational process. Teachers began to pay more attention to the emotional component of their activities.

As our study showed, the high efficiency of managing the emotional state, the development of the teacher's emotional flexibility is ensured by the special content and form of organization of training sessions. The training is characterized by a special therapeutic atmosphere of goodwill and psychological safety. By mastering special, but rather simple tricks, teachers can improve their well-being, raise their mood, relax and become more active on a working day. During the classes, we used, among others, the techniques of body-oriented therapy.

At first parts of work, the participants had a desire to understand what non-verbal behavior is, how to decipher and understand the interlocutor by pose, gestures, facial expression. It should be noted that in the process of work there were intrapersonal changes of teachers. They learned a lot about themselves. There was an opportunity to change something in yourself, many began to respect their dignity more, to experience increased self-confidence. Self-esteem, expectation of a positive attitude from others and interest in oneself have increased.

The skill was developed to read the emotional state of the interlocutor by non-verbal manifestations, the ability to express one state by non-verbal means, to comprehend the qualitative changes that occurred with the group and individual participants in the lessons. The ability to sensitively perceive both the features of one's own behavior and the actions of another person, freedom and variability in communication became objects of improvement and development for the participants in the correctional program. At the end of classes discussion of the characteristics of emotional states, first in small groups, then the whole group [11, p. 195].

The training program for the development of emotional flexibility of the teacher included a system of game exercises. The main thing in the training is the implementation of an individual approach, the creation of conditions for personal growth. Therefore, techniques were used that rely on the natural driving forces of personal development - activity and the system of its relations. That is why we tried in any technique to create the conditions for the activity and reproduction of a system of relations that are personally significant and individually colored, have sharp emotionally rich experiences. In these emotionally saturated moments, a correction occurs: a revolution in consciousness, distribution and restructuring of the elements of consciousness is the result of acute emotional experiences. The essence of such a restructuring is in the creative process, in achieving a new look, a new consciousness [12, p. 159].

The condition for successful work and the logical result was kind, laid-back relationships between participants, because their psychological activity and emancipation depend on their activity, the depth of emotional inclusion, and their willingness to share their experience.

We have obtained data on the effectiveness of preventive work using a specially organized course aimed at improving the psychological literacy of teachers and training sessions on the prevention of burnout. Consequently, a special course and training, being a kind of methods for revealing and improving the human potential of verbal and non-verbal self-expression, are based on the actualization of feelings and emotions, they are effective means of prevention and overcoming professional burnout, contribute to the regulation of the teacher's emotional state, emotional responsiveness, which accordingly affects the results of pedagogical activity. Numerous studies of factors affecting burnout have not answered the question of what is leading in the occurrence of this phenomenon. What is its main reason, personality traits or characteristics of activity, features of interaction with clients or factors of the work environment? All this is a reflection of the general methodological issue of the interaction of the individual and the profession. The solution to these problems is especially important, first of all, for the development of measures to prevent burnout and maintain the teacher's professional health at a high level.

Considering the problem of the teacher's working conditions, we see that the profession of a teacher can be classified as "stressful, requiring self-control and self-regulation from him". The manifestations of stress in a teacher's work are diverse and extensive. So, frustration, anxiety, exhaustion, depression, emotional rigidity and emotional devastation are the first to stand out - this is the price of responsibility that the teacher pays.

Also, emotional "burnout" is initiated by a complex of factors, including the individual psychological characteristics of the teacher and the specific characteristics of professional activities of an emotional nature. It should be noted that emotional "burnout" is a rather insidious process, since a person exposed to this syndrome often has little awareness of its symptoms. He

cannot see himself from the outside and understand what is happening. Therefore, he needs support and attention, not confrontation and blame.

But, necessarily, a teacher, called not only to teach, but also to help his students, take care, educate, be responsible for people, must take care of himself. And be able to notice the first signs of burnout in time. Seek help, learn how to cope with stress, change “minus to plus”. After all, a teacher, especially at the present stage, must also be a psychologist. And if he can find an approach to a huge number of his students, then he must be able to listen and help himself.

References:

1. V.Y. Orel The phenomenon of "burnout" in foreign psychology: empirical research and prospects // Психологический журнал. – 2001. – т. 22., № 1. – p. 67.

2. T.V. Phormanyuk Emotional Combustion Syndrome as an Indicator of Teacher Professional Disadaptation // Вопросы психологии – 1994. – № 6. – p. 57-59.

3. V.V. Boyko The syndrome of "emotional burnout" in professional communication. – СПб., 1999. – p. 231.

4. Maslach, C., Schaufeli, W. B., Leiter, M. P. Job burnout / C. Maslach, W. B. Schaufeli, M. P. Leiter // Annual Review of Psychology. – 2001. - Vol. 52. – P. 397-422.

5. N. Vodopyanova, Y. Starchenkova, Burnout syndrome: diagnosis and prevention. 2nd edition. / St. Petersburg, p. 2009. – 336.

6. Z.B. Madaliyeva, About emotional regulation in the pedagogical process // Kazakhstan high school. – № 3. – 2007. – p. 127-130.

7. Z.B. Madaliyeva, Self - regulation of mental states in pedagogical activity // Вестник КазНУ. Series of psychology and sociology. № 1 (16). - Almaty: Kazakh university, 2006. - p. 65.

8. Demerouti, E., Bakker, A., Vardakou, I., Kantas, A. The convergent validity of two burnout instruments: a multitrait-multimethod analysis / E. Demerouti, A. Bakker, I. Vardakou, A. Kantas // European Journal of Psychological Assessment. – 2002. – Vol. 18. – P. 296-307.

9. Halbesleben, J. R., Buckley, M. R. Burnout in organizational life / J. R. Halbesleben, M. R. Buckley // Journal of Management. – 2004. - Vol. 30. – P. 859-879.

Выводы. Изучая различные материалы и публикации, посвященные STEAM-образованию детей дошкольного возраста, даем следующее заключение: необходимо постоянное и внимательное изучение разнообразного опыта работы педагогов разных стран в данном направлении с целью дальнейшего использования в образовательных учреждениях, заинтересованных в новых подходах к обучению и развитию дошкольников.

Список литературы:

1. Примерная основная общеобразовательная программа дошкольного образования «Мир открытий» / под общ. ред. Л.Г. Петерсон, И.А. Лыковой. М.: Изд. дом «Цветной мир», 2012.
2. Kulderknup E. Uldoskuste areng koolieelses eas. Riiklik Eksami— ja Kvalifikatsioonikeskus. Tallinn, 2009.
3. Шацкий С.Т., Шацкая В.Н. Сохраним то, что есть в детях. М.: Изд. дом «Карапуз», 2011.
4. Савенков А.И. Методика исследовательского обучения дошкольников. Самара: Дом Федорова, 2010.
5. Krajcik J., Delen İ. Opilaste kaasamine STEM-haridusse // Eesti Haridusteaduste Ajakiri, nr 5 (1), 2017.

3.22. Адаптация ребенка к условиям детского сада

Разия Елеупановна Каримова
м.п.н., старший преподаватель института педагогики и психологии.
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
(г. Алматы, Казахстан)
Мейрамгул Кадыровна Суранширева
доктор PhD, старший преподаватель института педагогики
и психологии. Казахский национальный педагогический
университет имени Абая (г. Алматы, Казахстан)
Асем Исаевна Булшекбаева
доктор PhD, старший преподаватель института педагогики
и психологии. Казахский национальный педагогический
университет имени Абая (г. Алматы, Казахстан)

Адаптация ребенка к новым социальным условиям протекает болезненно: иногда резкая смена условий существования может сопровождаться тяжелыми переживаниями, изменениями в поведении, расстройством сна, аппетита, снижением речевой и игровой активности, а нередко все это сказывается и на здоровье ребенка.

Несмотря на это, в психолого-педагогической литературе мало уделяется внимания проблеме адаптации ребенка к детскому саду, а ведь успешная адаптация ребенка к изменяющимся условиям его существования – залог его будущей успешной взрослой жизни, залог его побед и достижений.

Адаптация ребенка к детскому саду – это сложный процесс приспособления организма ребенка к условиям детского сада, который происходит на разных уровнях:

- физиологическом;
- социальном;
- психологическом [1].

Биологическая адаптация ребенка к детскому саду – это изменение физиологической активности органов ребенка в ответ на изменение условий существования. Так, в условиях тяжелой адаптации к детскому саду у ребенка возможны замедление речевого, психического развития, и задача логопеда детского сада – помочь ребенку в процессе адаптации сохранить и приумножить речевое развитие малыша.

Социальная адаптация ребенка к детскому саду – это формирование новых социальных отношений и связей ребенка в группе. Речь является при этом очень важным связующим компонентом между детьми.

Биологическая и социальная адаптация тесно взаимосвязаны, что отражается, например, в снижении функциональной активности

организма в период возникновения сложных социальных взаимоотношений, проявляется в снижении иммунитета малыша.

Наиболее сложная перестройка организма происходит в начальные период адаптации ребенка к детскому саду, который может затянуться и перейти в дезадаптацию, что приведет к нарушению здоровья, поведения, психики ребенка [2].

Адаптивные возможности ребенка раннего возраста ограничены, резкий переход в новую социальную ситуацию и длительное пребывание в стрессовом состоянии могут привести к эмоциональным нарушениям или замедлению темпа психофизического развития.

Процесс привыкания ребенка к детскому саду довольно длительный и связан со значительным напряжением всех физиологических систем детского организма.

Чтобы избежать осложнений и обеспечить оптимальное течение адаптации, необходим постепенный переход ребенка из семьи в дошкольное учреждение.

Адаптация ребенка к яслям обычно длится 7-10 дней, к детскому саду в 3 года – 2-3 недели, в старшем дошкольном возрасте – 1 месяц.

Чаще всего дети приходят в детский сад в 3 года.

Адаптацию трехлетнего малыша к детскому саду можно разделить на три вида: тяжелая, легкая, средняя [3].

Тяжелая адаптация к детскому саду может длиться месяцами. В этот период у ребенка наблюдаются ухудшение аппетита, вплоть до полного отказа от еды, нарушение сна и мочеиспускания, происходят резкие перепады настроения, частые срывы и капризы.

Кроме того, ребенок очень часто болеет, что связано в первую очередь с нежеланием ребенка идти в детский сад. Такие дети в коллективе чувствуют себя неуверенно, практически ни с кем не играют.

При тяжелой адаптации возможен ее срыв, который может привести к психосоматическому заболеванию ребенка: разлука → страх → стресс → срыв адаптации → болезнь.

Второй тип адаптации к детскому саду — это легкая, противоположная той, что была описана выше. В этом случае ребенок вливается в новый коллектив безболезненно, ему там комфортно, он не устраивает скандалов, когда мама ведет его в детский сад. Такие дети, как правило, болеют нечасто, хотя в период адаптации физиологические "срывы" все же возможны.

Последний тип адаптации - **средняя**, когда малыш более-менее терпимо переносит походы в детский сад, может периодически "всплакнуть", но ненадолго. Этот период может длиться до двух-трех месяцев. Чаще всего в это время заболеваний не избежать.

Первая реакция при адаптации ребенка к детскому саду – это отрицательные эмоции. В адаптационный период для некоторых детей присуще подавленное настроение, агрессия по отношению к

окружающим, все внимание ребенка сосредоточено на ожидании родителей, все время ребенок смотрит на дверь, хнычет или плачет.

Вторая реакция при адаптации ребенка к детскому саду – ребенок постоянно испытывает страх. Страх вызывает новая обстановка, воспитатели, предположение ребенка, что родители его забыли и за ним не придут, в детском саду он останется навсегда.

Третья реакция при адаптации ребенка к детскому саду – это злость, гнев. Ребенок ведет себя агрессивно, бросается на каждого, кто подойдет к нему, поводом для злости может стать любой пустяк.

Четвертая реакция при адаптации ребенка к детскому саду – это социальные контакты. Если ребенок от природы общителен, тем быстрее и легче будет происходить адаптация к детскому саду. Впервые дни посещения сада общительность может полностью исчезнуть, через какое-то время она постепенно вернется, но сначала ребенок сам начнет проявлять инициативу в общении с другими взрослыми. Ребенок просит воспитателя отвести домой, затем постепенно устанавливает контакты со сверстниками. Дружба с детьми поможет завершить процесс привыкания к детскому саду. Иногда в период адаптации у ребенка меняется манера движений, мимика.

Пятая реакция при адаптации ребенка к детскому саду – под воздействием стресса угасает любопытство, познавательная активность, возникает полное равнодушие ко всему.

Шестая реакция при адаптации ребенка к детскому саду – это потеря приобретенных социальных навыков. Под влиянием стресса ребенок может временно разучиться самостоятельно есть, умываться, мыть руки, одеваться - раздеваться, пользоваться салфеткой и носовым платком, когда стресс от адаптации исчезнет, ребенок вспомнит все забытые навыки.

Седьмая реакция при адаптации ребенка к детскому саду – это заторможенность речи.

Ребенок от стресса может забыть многие слова, малыш начинает говорить односложными предложениями, очень кратко, несвязно.

Восьмая реакция при адаптации ребенка к детскому саду – нарушается двигательная активность. От стресса ребенок становится или слишком медлительным, или слишком быстрым.

Девятая реакция при адаптации ребенка к детскому саду – нарушается сон. В первое время ребенок не может уснуть днем, часто он сидит на кровати и плачет, спокойный нормальный сон приходит только после закончившей адаптации.

Десятая реакция при адаптации ребенка к детскому саду – это потеря аппетита. Под воздействием стресса ребенок может полностью отказываться от еды в детском саду [4].

Иногда в процессе адаптации некоторые дети худеют, освоившись, ребенок вернет себе потерянный вес.

Во время адаптационного периода иногда повышается температура, появляется рвота, возникает чувство страха, характерны истерические реакции, неуправляемое поведение, стремление спрятаться от взрослых, пристрастие к личным вещам [5].

Для успешной адаптации ребенка к детскому саду необходимо в условиях семьи его готовить к новой обстановке.

Содержание сущности подготовки ребенка к детскому саду заключается в следующем:

- наблюдение за здоровьем малыша и его оздоровления: вылечить все детские недуги и сделать необходимые профилактические прививки.

Причем прививки делают не позднее, чем за месяц до поступления малыша в детский сад.

Воздушные ванны, влажные обтирания, длительные прогулки на свежем воздухе и другие процедуры являются необходимым элементом всей подготовки детей к поступлению в детский сад. Закаленные, физически подготовленные малыши почти не болеют в новых для них условиях.

Необходимо научить ребенка общаться с другими детьми и взрослыми: для этой цели важно посещать с ребенком детские парки и площадки, приучить к игре в песочницах, на качелях, на праздниках, ходить на дни рождения друзей. Причем в данном случае родитель должен показать, как надо общаться, делиться игрушками, вместе играть с другими детьми. Родителям необходимо наблюдать, как он себя ведет: стесняется, уединяется, конфликтует или нелегко находит общий язык, контактирует со сверстниками, тянется к общению, раскован [6].

Важно психологически подготовить ребенка к детскому саду. Настроить ребенка на мажорный лад – внушить ему, что это очень здорово, что он дорос до сада и стал таким большим. «Ты теперь уже большой, скоро пойдешь в детский сад, там много ребятишек, с ними можно играть. А еще там много разных игрушек и очень весело. Только мамы рядом не будет, так как мне надо ходить на работу. В детском саду все ребята без мам, с ними играет добрая тетя – воспитатель, она всегда будет тебе помогать. А я как денежки заработаю, сразу приду за тобой».

Постоянно рассказывать ребенку, что такое детский сад, что там очень интересно. Чем больше ребенок знает о предстоящем событии, тем меньше тревоги оно вызывает.

В семье необходимо соблюдать режим дня, иначе неизбежен протест со стороны ребенка по отношению к жестким рамкам.

К режиму детского сада необходимо подготовиться заблаговременно – обычно детей приводят к 8-9 утра, а забирают в 6 вечера, тихий час – с 13 до 16.00 часов.

Далеко не все дети привыкли вставать в 7 утра, поэтому перестраиваться под новый лад нужно начинать как минимум за 2-3 месяца. Отправляться ко сну лучше в 21.00.

Необходимо познакомить ребенка с блюдами «общественного питания»: приучить есть каши, творожные запеканки, суфле, овощные блюда, пить компот, чай с молоком и т.п. [7].

В условиях семьи надо научить ребенка всем необходимым навыкам самообслуживания и личной гигиены: кушать и пить самостоятельно, надевать и снимать одежду (носки, колготки, обувь), а также подготовить ребенка к временной разлуке с родителями и дать понять ему, что это неизбежно только потому, что он уже большой.

Список литературы:

1. Бежаева Д. Н., Зиновенко О. А. Особенности адаптации детей раннего возраста к условиям детского сада // Аспекты и тенденции педагогической науки: материалы I Междунар. науч. конф. (г. Санкт-Петербург, декабрь 2016 г.). — СПб.: Свое издательство, 2016. — С. 34-37.
2. Жиенбаева С.Н., Бекмағамбетова Р.К., Сыздықбаева А.Ж., Бөлшекбаева Ә.И. Мектепке дейінгі педагогика. Оқу құралы. Алматы: «Альманах» баспасы», 2018. – 269 б.
3. Аксарина М.Н. Воспитание детей раннего возраста. – М.: Медицина, 2007- 64 с.
4. Белкина Л.В. Адаптация детей раннего возраста к условиям ДОУ. – Воронеж: Учитель, 2006 - 36 с.
5. Печора К.Л., Пантюхина Г.В. Дети раннего возраста в дошкольных учреждениях - М.: Владос, 2007 – 76 с.
6. Адаптация ребенка к условиям детского сада: управление процессом, диагностика, рекомендации / Сост. Н.В. Соколовская. – Волгоград: Учитель, 2008. – 188 с.
7. Айсина, Р. Социализация и адаптация детей раннего возраста / Р. Айсина, В. Дедкова, Е. Хачатурова // Ребенок в детском саду. – 2003. – № 5. – С. 49-53.

3.23. Подготовка будущих учителей начальных классов к профессиональной деятельности

Калибек Турдыгазиевич Ыбыраимжанов
д.п.н., профессор Жетысуского государственного университета им. И. Жансугурова (г. Талдыкорган, Казахстан)
Сымбат Сабитовна Чункенова
Докторант 3 курса специальности «Педагогика и методика начального обучения» Жетысуского государственного университета им. И. Жансугурова (г. Талдыкорган, Казахстан)

У любого здания должен быть фундамент, который не заменит ни красивый фасад, ни модный интерьер, ни новая крыша. Без фундамента здание обрушится. Именно таким фундаментом для каждого человека является начальная школа, а точнее здания, умения, навыки и качества, полученные в начальной школе. Поэтому человек, который выбирает профессию учителя начальных классов, должен точно отдавать себе отчет, какое ответственности он несет. Как говорил знаменитый древнегреческий философ А. Демокрит *«Быть учителем рискованное дело. В случае удачи последняя приобретается ценой большого труда и забот – это радость, в случае же неудачи – горе, не сравнимое ни с каким другим»* [1].

Так каким же должен быть учитель начальных классов, сотворивший чудо превращения маленького человека в ученика с большой буквы. Считаю, что ему должны быть присущи 7 качеств.

1. Умеренность – сочетание спокойной требовательности с хорошим доброжелательным отношением к детям. Ребенок должен знать, что, если учитель дает здание, он его обязательно проверит.

Четкие дисциплинарные рамки на уроке при общении учитель – ученик создают ощущение безопасности. Когда ребенок видит границы в поведении (что можно, что нельзя) не возникает страх и не рождается агрессия. Классы с высоким уровнем агрессии детей по отношению друг к другу – это классы со слабой дисциплиной.

2. Успешность. Это значит, что образ учителя начальной школы должен служить олицетворением активной успешной жизненной позиции.

3. Удивительность. Учитель начальной школы должен уметь удивлять. Ребенок начальной школе – это альпинист, стоящий у подножия высокой вершины, на которую ему предстоит взбираться долгие 11 лет. Ребенок приходит в 1 класс с широко раскрытыми от удивления глазами. Его удивляет все. И учитель должен не только не погасить этот огонек во взоре ученика, но и постараться разжечь его как можно ярче.

Считаю, что оттого насколько учителю начальной школы удастся сохранить мотивацию к обучению на протяжении 4-х лет, настолько эта мотивация останется у него в дальнейшем.

4. Убедительность. Учитель начальных классов должен уметь разговаривать с детьми на их языке. У детей свой мир, свой язык, свои понятия и определения. Учителю необходимо найти такие слова и формулировки, чтобы быть для ребенка понятным и убедительным.

5. Уважительность. Понятно, что уважение к личности каждого, маленького человека – основа успешного общения на уроке и соответственно всего процесса обучения в начальной школе.

6. Уравновешенность. Нервозность учителя на уроке всегда передается детям, что провоцирует страх: боязнь неверно ответить на

уроке. В таком случае даже зная правильный ответ, ребенок будет сидеть, не поджимая руки.

Урок в начальной школе не должен быть сухим. Учитель начальных классов не машина для выдавливания научной информации. На уроке должно быть интересно, а иногда даже и весело. А в классах с нервозной обстановкой и неуравновешенным учителем дети боятся реагировать смехом даже на шутку учителя.

7. Улыбчивость. Антуана де Сент-Экзюпери сказал, что «улыбка – рабочий инструмент учителя. Единственное условие – улыбка должна быть искренней, потому что все же самое главное – любить этого маленького человека, только начинающего путь во взрослую жизнь». Педагог начальных классов готовый добиваться и соответствовать – это и есть учитель новой формации – надежный фундамент обновления образования [2].

Основным условием самообразования выступают «три кита»: творчество, опыт, рефлексия.






Рисунок 1. Профессиональная среда учителя начальных классов

У педагогического работника, реализующего основную образовательную программу начального общего образования, должны быть сформированы основные компетенции, необходимые для обеспечения реализации требований стандарта и успешного достижения обучающимися планируемых результатов освоение основной обновленной образовательной программы начального общего образования.

Современного учителя начальных классов должны отличать высокая креативность, направленность на активную созидательную и преобразующую деятельность, технологическая подготовленность. Компетенциями, которые должны освоить ученик, должен владеть сам учитель.

Ожидаемые результаты от деятельности учителя начальных классов:

- Рост качества знаний обучающихся;
- Рост профессионального мастерства педагогов;
- Развитие навыков самоопределения обучающихся;
- Развитие коллаборативной среды обучения и воспитания;
- Значительный рост профессиональной компетенции педагогов.

Учитель начальных классов готов к следующим видом деятельности:

- преподавание по обновленным программам начального общего образования;
- организация внеурочной деятельности и общения младших школьников;

- классное руководство;
- методическое обеспечение образовательного процесса [3].



Рисунок 2. Характеристика современного урока




Рисунок 3. Модель деятельности учителя начальных классов

Создавать условия, чтобы дети сами добывали знания в процессе познавательной исследовательской деятельности в работе над

знаниями, непосредственно связанными с проблемами реальной жизни.

Учение выступает как сотрудничество – совместная работа учителя и учеников в ходе овладения знаниями и решения проблем, в связи с этим меняются задачи педагогической деятельности учителя начальной школы.

Основная цель: научить ребенка учится, создать условия для становления субъектных качеств, активизировать деятельность учащихся.

Учиться знать – это предполагает развитие умений обучающихся.

Учиться делать – означает акцент на практическом применении полученных знаний.

Учиться жить вместе – касается важнейших навыков, необходимых для жизни в обществе.

Учиться быть – означает акцент на тех навыках, которые необходимы человеку для развития своего потенциала.

Учитель начальных классов должен решать следующие проблемы:

- быть актуальным, т.е соответствовать потребностям школы
- идти в ногу со временем: усовершенствовать отдельные стороны педагогической деятельности
- иметь результативность в их личностном развитии, в методическом обеспечении учебно-воспитательного процесса
- быть оптимальным, достигать более высоких результатов при экономной затрате сил и времени
- быть стабильным: подтверждать эффективность опыта при изменении условий, достигать устойчивых положительных результатов на протяжении длительного времени [4].

Опыт должен содержать рациональную идею, которую могут использовать другие педагоги.

Список использованной литературы:

1. Гайденко П.П. История греческой философии в её связи с наукой / Гайденко П. П. - М.: Наука, 1980 г.

2. Ангеловский А.А. Анализ понятий: профессия, профессиональное сознание, профессиональная деятельность, профессионализм / А.А. Ангеловский // Известия Самарского научного центра Российской академии наук. - 2010. – Т. 12, № 5 (2).

3. Смирнов Г. М. Содержание профессиональной компетентности педагога профессионального обучения. - М.: 2010 г.

4. Абдуллина О.А. Общепедагогическая подготовка учителя в системе высшего педагогического образования. - М.: Просвещение, 1990 г.

3.24. Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдер

Зина Үсенғазықызы Адильшинова
Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент. Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті (Қазақстан, Ақтөбе)
Ақерке Амантайқызы Амантай
Магистрант, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті (Қазақстан, Ақтөбе)

Мемлекет болашағының кепілі-жастарға білім мен тәрбие беру мәселесінен өткір мәселе жоқ екені белгілі. Қазақтың кемел талантты ұлы ұстазы А. Байтұрсынов: «Елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек», - деген.

Қазіргі кезеңдігі оқытудың негізгі мақсаты-болашақ мамандығына байланысты әрбір балаға тереңірек білім беру, білімді өзгермелі өмір жағдайларына пайдалана білу дағдысын қалыптастыру. Сондықтан қазіргі қоғамның өзекті мәселелерінің бірі-әлеуметтік экономикалық өзгермелі жағдайларда өмір сүруге дайын болып қана қоймай, сонымен қатар оны жақсартуға игі ықпал ететін жеке тұлғаға қойылатын бірінші кезектегі нақты талаптар: шығармашылық, белсенділік, әлеуметтік жауаптылық, жоғары интеллектілік, терең білімділік, кәсіби сауаттылық.

Қоғамның өзгеруімен байланысты білім беру әдістері де білім көлемі де үнемі өзгеріп отырады. Ол білім беру заңдылықтарына байланысты өзгеріп дамып отырады. Біз ұстаздар қауымы қандай болмасын жаңалыққа құлақ түре жүретініміз айқын.

Бастауыш білім беру мақсаты - келесі негізгі кең ауқымды дағдыларға:

- білімдерді функционалдық және шығармашылық қолдану;
- сыни ойлау;
- зерттеу жұмыстарын жүргізу;
- ақпараттық-коммуникативтік дағдыларды пайдалану;
- әр түрлі коммуникация тәсілдерін пайдалану;
- топта және жеке жұмыс істеу ептілігі;
- проблемаларды шешу және шешімдер қабылдауға ие оқушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуы үшін қолайлы білім беру кеңістігін құру.

Педагогикалық әдіс-тәсілдер

- құндылықты-бағдарланған;
- әрекетті;
- тұлғалық-бағдарланған;
- кіріктірілмелі;
- коммуникативті әдіс-тәсілдер пән бойынша оқу бағдарламаларының құрылымы мен мазмұнын құрудағы негізгі бағдарлар болып табылады. [1]

Оқушылар барлық пәндерді оқу кезінде АКТ қолдану дағдыларын дамытады. Ақпаратты іздеу және өңдеу барысында ұжымда идеялармен алмасады, өз жұмыстарын бағалайды және жетілдіреді, түрлі жабдықтар пен қосымшалардың кең ауқымын пайдаланады. АКТ оқушы білімінің, оларды тиімді қолдану бойынша дағдыларының дамуына жәрдемдеседі.

Оқу бағдарламаларында оқу мақсаттарының жүйесі түрінде берілген күтілетін нәтижелер тұжырымдалған. Күнделікті білім беру үдерісі оқу мақсаттарына жетуге және оқушыларда алынған білім мен дағдыларды кез келген оқу және өмір жағдайында шығармашылық пайдалануға дайындығын қалыптастыруға бағдарланған. [2]

Оқыту әдіс-тәсілдері:

Құндылықты-бағдарланған тәсіл - оқушының құндылықтар жүйесін қалыптастырушы оқу-тәрбиелік үдерістің сәйкесінше формалары арқылы тұлғаның өзін-өзі танытуы үшін алғышарттар құруды көздейді.

Орта білім беру құндылықтары: қазақстандық отансүйгіштік және азаматтық жауапкершілік; құрмет; ынтымақтастық; еңбек және шығармашылық; ашықтық; өмір бойы білім алу.

Тұлғалық-бағдарланған тәсіл - педагогтің назарын оқушы тұлғасының тұтастығына, оның тек ақылойы, азаматтық жауапкершілік сезімінің ғана емес, сондай-ақ эмоционалдық, эстетикалық, шығармашылық нышандары мен даму мүмкіндіктерімен қоса рухани дамуы туралы қамқорлыққа шоғырландыруды көздейді.

Жүйелік-әрекетті тәсіл - оқу-тәрбие үдерісінде оқушының өз бетінше білім алуына бағытталып, осы мақсатта мұғалімнің тиімді іс-әрекеттің түрлі формаларын қолдануын көздейді.

Коммуникативтік тәсіл - бірінші кезекте оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын дамытуға, қарастырып отырған мәтін, қатысып отырған әңгіме мазмұнын түсініп, туындаған жағдаятқа сәйкес тілді қолданып үйренуге бағытталған.

Интегративтік тәсіл - оқу үдерісін жобалау және өткізу кезінде әр түрлі оқу пәндерінің мазмұнын өзара кіріктіру есебінен оқушыда әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыруға жәрдемдеседі.

Бастауыш білім беру мазмұнына ортақ тақырыптарды енгізу әр түрлі пәндік салалардан білімдерді кіріктіруге және сол арқылы алынатын білімдердің функционалдығына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Зерттеу тәсілі - зерттеушілік әрекет дағдыларын дамытуға, ғылыми таным әдістерімен танысуға жәрдемдеседі, оқушыларда танымдық қызығушылық қалыптастырады. [3]

«Екі әріп» ойыны.

Бірінші қатысушы бір сөз, зат есімді айтады. Келесі қатысушы сол сөздің соңғы екі әрпінен келетін сөзді ойлап табады, бірақ дауыстап айтпайды, тек өз сөзімен түсіндіреді, үшінші қатысушы мұның не туралы

айтып жатқанын түсінеді де, сол сөздің соңғы екі әрпіне сөз ойлап табады. Бір қызығы балалар сөзді жасырушының не туралы айтып жатқанын біледі, бірақ ешкім оны дауыстап айтуына болмайды.

«Екі ассоциация» ойыны. Екі баған сызады да, оған төрт сөзден жазады. Бағанға кез келген адам, жануар, заттардың атын жазады. Осы екі жақтағы сөзді байланыстырып, ерекше бір ассоциация ойлап табуы керек. Мысалы егер бірінші бағанға мысық, екіншісіне жарық деп жазылса, екі сөзді қосып «жарыққа жылынған мысық», «лампочка спиралы мысық мұртына ұқсайды», «лампочка сияқты» мысық томпақ және жылы», «мысықтың басы лампочка сияқты» т.б. ерекше ұқсастықтар табады. Орындауға 5 минут уақыт беріледі. Жазғандардың ішінен ең қызықты ассоциация таңдалады.

«Қара жәшік» ойыны. Оқушылар екі топқа бөлінеді. Стол үстіне екі жәшік қойып, ішіне көзілдірік, түйме, гүл, желпуіш, айна т.б. заттарды салады. Ойыншының міндеті жәшік ішіндегі затты өмірде қай кезде, қалай қолданатынын сипаттап айтуы керек. Қарсы топ оларды жасырып отырған затын айтқан сөздеріне қарап табуы керек.

«Дұрыс-дұрыс емес» ойыны. Ойынға қатысушыларды екі топқа бөледі. Оларды бір-біріне қарама-қарсы отырғызған дұрыс. Ортаға бос екі орындық қояды. Бір орындық «дұрыс» дегенді білдірсе, екінші орындық «дұрыс емес» дегенді білдіреді. Мұғалім немесе бір оқушы қағазда жазылған ой-тұжырымды оқиды: Ы. Алтынсарин - алғаш мектеп ашушылардың бірі.

Бұл тұжырымды дұрыс деп санаса, олар тез барып «дұрыс» орындығына отыруы тиіс. «Дұрыс емес» деп санаса, соған сәйкес белгіленген орындыққа отырады. Қайсысы бірінші барып отырса және жауапты дұрыс тапса, сол жеңімпаз болады.

«Жолға шығу» ойыны. Ойын айналадағы заттарға талдау жасауға мүмкіндік береді. Жолға шыққан жолаушы қандай заттарды алады? деген сұрақ қойылады. Бір топ керекті заттар тізімін айтады, екінші топ ол заттар не үшін қажет екенін айтып беруі керек.

«Кемпірқосақ» ойыны. Бір минут ішінде түстері әртүрлі бес түсті затты ретімен тез айтып шығуға тапсырма береді. Мысалы: қарбыз (қызыл), лимон (сары), аспан (көк), жапырақ (жасыл), топырақ (қоңыр). Кімде-кім түске сәйкес заттың атын таппай қалса, ойыннан шығады.

1. “Ыстық орындық” әдісі. Берілген тапсырмаға байланысты қойылған сұрақтарға жылдам жауап беру керек, себебі, орындық ыстық.

2. “Автор орындығы” оқушының өзі жазған шығарма, эссесін оқытқанда отырғызып оқытуға болады. Бұл әдістер үй тапсырмасын сұрауда, өткен сабақты бекітуде тиімді.

3. «Миға шабуыл» стратегиясы (Мұғалімдермен жұмыс). Тақырыпқа байланысты идеяларды көбірек жазыңыз.

Уақыт аяқталғанда кезектесіп өз идеяларыңызды оқисыз, идея қайталанбау керек. Қайталанған идеяларды сызып тастап отырыңыз. Мысалы: “оқушылар мектепті тастамас үшін не істеу керек?”

4. «Бинго» ойыны. (Мұғалімдермен жұмыс) Лотоға түскен сандарға байланысты сұрақтар беру. Мысалы: 16-сұрақ. Семинарға не үшін келдіңіз? Алдымен мұғалімдерге жауап бергізіп, соңынан дайын жауапты ашу, салыстыру. «Әдіс алмасу үшін».

5. «Өзіңізді тексеріңіз» әдісі Бұл мәлімет ШЫНДЫҚ па немесе ЖАЛҒАН ба? Өтілген мәтін бойынша мысалдар келтіріледі. Мысалдарды оқу кезінде оқушылар ол келтірілген мысалдың өтілген мәтінде бар, жоғын анықтайды.

6. «Он сұрақ!» әдісі. (мұғалімдермен жұмыс, гүл, семинар, сабақ, оқу сөздерін келтіру) Мұғалім бір оқушыны таңдап алады және оның маңдайына негізгі сөз жазылған стикерді жапсырады – қатысушы сыныпқа 10 сұрақ қоя алады, оған жауап не ИӘ, не ЖОҚ деп беріледі.

7. «Серпілген сауал» әдісі

Тақырыптың түсіну деңгейін арттыруға және талқылау дағдыларын дамытуға қол жеткізу үшін сыныптағы оқушылардың арасында сұрақтарды лақтырыңыз.

Жалпы қорыта айтқанда, аталған бағдарламаға сәйкес алынған тәсілдерді сабақта тиімді қолданысқа енгізсеңіз, баланың танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуға, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал етеді, оқушылар оқудың қызықты жеңіл өтетіндігін, ұжымда бірлесіп жұмыс жасауға үйретететіндігін, білімнің тереңдігі, әрі тиянақтылығы артатындығын баяндайды. Яғни, оқушы өз ой-пікірін ашық еркін айтады, бір-бірін тыңдауға үйренеді сыныпта ынтымақтастық атмосферасы қалыптасады. Сондықтан басқа пәндердің де осындай оқыту формасымен оқытылса, тиімді болатындығын айтуға болады. Осы бағдарламаны меңгергенде ғана жан-жақты дамыған, болашағы айқын, бағдары анық, бәсекеге қабілетті рухани бай тұлға қалыптастыра алатынымызға сенімімиз мол. [4]

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Бастауыш білім беру мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі № 327 қаулысы.

2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. - Астана: Ақорда. - 12 сәуір 2017 жыл.

3. Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары. - Астана: Ақорда, 2010.

4. Мұғалімге арналған нұсқаулық «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015.

3.25. Бастауыш сынып оқушыларының өзін-өзі бағалаудағы психологиялық ерекшеліктері

Зина Усейнгазиевна Адильшинова
п.ғ.к., доценті. Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті (Қазақстан, Ақтөбе қ.)
Шынар Әлібекқызы Рән
оқытушы, магистр. Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті (Қазақстан, Ақтөбе қ.)

Теориялық талдауларымыз көрсеткендей, өзін-өзі бағалау - өз қабілетіне, мүмкіндігіне, мінез-құлқына, ішкі жан дүниесіне, басқа адамдардың ортасында өз орны, т.б. бойынша өзіне баға беруі болып табылатын адам санасының құрамдас бөлігі. Өзін-өзі бағалау арқылы адамның мінез-құлқы реттеледі, өзіне сыни көзқарасымен қарауға үйренеді. Өзін-өзі бағалау оқушыны сенімділікке, ойлануға, шығармашылыққа тәрбиелеуге баулиды .

Өзін-өзі бағалау саналы түрде, өзін-өзі басқарудың ядросы екені белгілі. Өзін-өзі бағалауда екі өзара байланысты аспектілер органикалық түрде қосылады: операциялық-процессуалды және құрылымдық. Өзін-өзі бағалаудың екі жақты табиғаты психологиялық әдебиеттерде, оған берілген анықтамаларда көрінеді. Оларда өзін-өзі бағалау не операциялдық сипаттама, не тұлғалық құрылым болады [1].

Өзін-өзі бағалауды қалыптастырушы бірнеше факторлардың (жас ерекшелік, жыныстық, әлеуметтік) өзара байланысын, олардың өзін-өзі бағалаудың дамуына әсерін тигізеді. Өзін-өзі бағалаудың маңыздылығы: істеген істері мен жеткен жетістіктерінің нәтижесін бағалау.

Өзін-өзі бағалау құрылымы екі компонент түрінде көрсетілген: көңіл-күй және когнитивтік. Шетелдік гуманитарлық теорияда, өзін-өзі бағалауды аффектілік білім алумен салыстырады. К.Роджерс өзін-өзі бағалаудың көңіл-күйлік компонентін “аффектіні” өзіне жинауы, өзін қабылдау деп түсінсе, Джеймс «өзін-өзі сынау» деп түсінеді. Өзін-өзі бағалау - әлеуметтік жағынан шартталған психикалық құрылым болып табылады. Оның дамуының негізгі шарты баланың айналасындағылармен қарым-қатынасы мен іс-әрекеті. Қарым-қатынас кезінде бала бағалаудың шарттарын, салыстырудың тәсілдерін игереді. Ғылыми мәліметтер бағалаудың өсуі индивид өмірінде маңызды құндылықтық аспект ретінде орын алатындығын көрсетеді.

Жеке тұлғаның қалыптасуы мен дамуы кіші мектеп жасындағы балаларда қарқынды жүретіні белгілі. Сондықтан бастауыш сыныптағы жеке тұлғаның өзін-өзі бағалаудың тиімді әдістемелік жүйесін жасау жұмысын олардың физиологиялық, психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып жүргізу қажет.

А. Байтұрсынов: «Бала оқытуды жақсы білейін деген адам әуелі балаларға үйретететін нәрселерін өзі жақсы білуі керек, екінші, балалардың табиғатын біліп, көңіл сарайын танитын адам болуы керек. Оны білуге баланың туғаннан бастап, өсіп жеткенше тәнімен қатар, ойы арқылы қалай кіретін жолын білу керек», - [2] деген психологиялық мәні бар ой тұжырымында мұғалім оқушылардың психологиялық ерекшеліктерін есепке алу қажеттігін ескерте отырып, сондай-ақ жеке тұлғаның өзіндік табиғатына көңіл аударып оқытудың ғылыми негізін айқындап берген болатын

Психологиялық әдебиеттерде оқушылардың психологиялық таным үрдістері мен жеке ерекшеліктері қалай қалыптасып дамитындығы жөнінде нақты мағлұматтар берілген. Психологиялық таным үрдісінің әрекетін белгілі бір объектіге жинақтап, тоқтататын зейін болып есептеледі. Зейін сананың белгілі нысанмен байланысын байқатып, оған бағытталуын білдіреді.

Оқу іс-әрекетін ұйымдастыруда бұлардың әрқайсысына өзіндік мән, мағына тән. Оқу үрдісінде оқушыны таңдандыратын қызықты, әдемі көрнекі заттар, шығармаларды пайдаланып, оның ырықсыз зейініне сүйене отырып, сол зейінді тұрақтандыруға біртіндеп ырықты зейіннің қалыптасуына көңіл бөлу керек. Сондықтан оқу материалының нақтылығы, мазмұндылығы, тартымдылығы, ал сабақтың эмоциялық сезімге толылығы, маңызды шарт.

Алғашқы оқу жұмысына үйретуде бастауыш сынып оқушыларының зейінін пәнге шоғырландыру керек. Осы мақсатта баладан сабаққа дайындалуды талап ету, бала зейінін ұзақ уақыт сақтай білуге, тұрақтандыруға үйрету қажет. Оқу үрдісінде өзін-өзі бағалауын дамытуда үйреншікті зейіннің маңызы зор. Ол құбылыстар мен заттардың, олардың мазмұнын санада тез бейнеленуін, қабылдау үрдісінің жылдам және оңай болуын қамтамасыз етеді. Үйреншікті зейін көп жағдайда бастауыш сынып оқушысының өз зейінін өзі басқаруынан көрінеді. Көптеген жағдайларда, мектепте оқу іс-әрекеті барысында мұғалім оқушы зейінін ұйымдастыра отырып, сонымен бірге оқушының өз зейінін басқара аларлық дағдысын тәрбиелеп отырған жөн.

Түйсіктер балаға қоршаған орта мен өз тәнінің сигналдарын қабылдап, олардың қасиеттері мен белгілерін бейнелеуге мүмкіндік береді. Олар баланы төңіректегі дүниемен байланыстырып, негізгі таным көзі ретінде қызмет етеді, солардың арқасында баланың даму мүмкіндігі ашылады.

Егер оқушы сурет салумен әуестенсе, салғандары сәтті шықса, бояу біткеннің қасиетін білуге ынталанып тұратын болса, оның түсті айыру қабілеті басқалардан жоғары болады. Қалыпты жағдайда көру қабілетін дамытуға болады. Мәселен, бала партада отыру тәртібін бұзса, оқығанда не жазғанда қисайып жатып алса, кітапқа не дәптерге көзін жақын ұстаса, оның көру қабілеті нашарлайды. Жатып оқу көру ағзасына қатты зиян келтіреді. Ұстаздар қатты бақылап, мұндай

әрекеттерден сақтандыру тиіс. Бастауыш сынып оқушыларының мектепке дейінгілермен салыстырғанда, дыбыс естуі жоғары болады. Бірінші сынып балалары кейде дыбысты ажырата алмайды, сөйтіп жазу дағдыларына кедергі келтіреді. Шет тілі, ана тілі сабақтарында сөйлетуге үйрету арқылы фонемалық естуді қалыптастыруға болады. Ән айту – есту түйсігін, сурет салу – көру түйсігін, еңбек сабақтары – қозғалыс, сипай сезу түйсіктерін кемеліне келтіреді. Мұғалім бала түйсігін үнемі іс-әрекет үстінде, оқу үрдісінде қалыптастырып отыру керектігін еске алу керек.

Абай өзінің 43-қара сөзінде: “Адам баласы екі нәрседен: бірі – тән, бірі – жан… Көзбен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап, тілмен татып, мұрынмен иіскеп, тыстағы дүниеден хабар алады… Әрнешік өз суретімен көңілге түседі… бес нәрседен өткен соң, оларды жайғастырып суреттемек. Ол – жанның жибили қуаты дүр”-деп, түйсіктің дүниені танудағы рөлін атап көрсетеді [3].

Түйсік жөнінде Ш. Құдайбердиев:

“Тән сезім, құлақ естіп, көз көрмек,
Мұрын – иіс, тіл – дәмнен хабар бермек.
Бесеуінен мидағы ой хабар алып,
Жақсы – жаман әр істі сол тексермек”, - дейді.

Бірақ түйсіну жекелеген сезім мүшелерінің қызметі арқылы іске асатын болғандықтан, әсер еткен тітіркендіргіштің мазмұны жөнінде бала ештеңе білмейді. Сол себепті сабақта берілетін мағлұматтар тек қабылдауға жеткенде ғана, әсер еткен тітіркендіргіштің қасиеті санада тұтастай, толық бейнеленеді. Сондықтан оқушылардың ұсынылған материалдарды дұрыс қабылдауы үшін баланың сезім мүшелерінің бәрін (иіс, дәм, есту, көру, сипап сезу) әрекетке түсіру қажет.

Сонымен өзін-өзі бағалау - өзінің іс-әрекеттерін, олардың мотивтерін және мақсаттарын, өз мүмкіндіктері және қабілетін бағалауға және біліктерін көруге, тұлғаның өзін-өзі тану ерекшеліктеріне әсер етеді.

Өзін-өзі бағалаудың қалыптасуы балалардың белсенді іс-әрекеттерін өзін-өзі байқау және өзін-өзі бақылаумен байланысты.

Өзін-өзі бағалауды қалыптастырудың шешуші әсері 2 факторды көрсетеді: қоршаған ортаға қарым-қатынасы және баланың өзінің іс-әрекетіндегі ерекшеліктерін ұғынуы. Бұл ұғынуды ата-ана, тәрбиеші баланы өзін түсінуге және көре білуге, басқа адамның әрекетімен өз әрекетін, басқа адамның қажеттілігі мен тілегін өзінің мүддесімен сәйкестендіре білуге үйрету керек.

Әрбір жас ерекшелік кезеңдерінде өзін-өзі бағалауды қалыптастыруда іс-әрекет басымырақ әсер етеді. Әсіресе, бұл кезеңде жетекші әрекет маңызды. Бастауыш сынып оқушыларының оқу іс-әрекеті өзін-өзі бағалаудың бастаушысы болып табылады. Баланың оқу іс-әрекетінің өзін-өзі бағалауды қалыптастырудың шешуші деңгейлері анықталады. Бұл оның оқу жетістіктері мен үлгерімімен тікелей

байланысты. Баланың мектепке келген алғашқы айларынан бастап тұлғаның қалыптасуына, оқу, жетекші іс-әрекетін түзету жүргізіледі.

Психологиялық зерттеулер кіші мектеп жасындағы баланың өзін-өзі бағалауы өз бетімен емес, оған қоршаған ортаның бағалауы, әсіресе, мұғалімнің бағасы үлкен әсерін береді. Баланың өзін-өзі бағалауы мұғалімнің бағалауымен сәйкес келеді. Үлгерімі жоғары оқушыларда көбіне-көп өзін-өзі бағалауы өте жоғары, үлгерімі нашар оқушыларда төмен немесе өте төмен болып қалыптасады. Бірақ артта қалушы оқушылар өздерінің тұлғалық сапасына және іс-әрекетіне төмен бағаның берілуіне келіспей, кей жағдайларда конфликтілік жағдайлардың болуы, баланы жоғары эмоционалды күштеу, оның тынышсызданып және абыржуына әкеледі. Осыдан келіп, әлсіз оқушыларда өзіне деген сенімсіздік, алаңдаушылық қалыптасып, өздерін сыныптарының ортасында нашар сезінеді. Ал керісінше, жақсы оқитын оқушыларда өзін-өзі бағалауының жоғарылығы тұлғалық сапасын жоғарылатуға әкеледі. Олар алғашқы, үлгі болуымен, өзіне деген сенімділігімен ерекшеленеді.

Жеті жастан он жасқа дейінгі кезеңге тән негізгі белгі мынада: бұл жаста мектеп жасына дейінгі бала мектеп оқушысына айналады. Бұл кезең балалық шақтың белгілерін оқушының ерекшеліктерімен ұштастыратын өтпелі кезең. Бұл белгілер оның мінез-құлқында, санасында күрделі, ал кейде қайшылықты үйлесім түрде қатар жүреді. Кез-келген өтпелі күй сияқты бұл шақ көзі ашылмаған даму мүмкіндіктеріне бай, оларды дер кезінде байқап қолдап отыру маңызды [4]. Адамның көптеген психикалық қасиеттер негіздері тап осы шақта қалыптасады.

Баланың психикалық дамуының әрбір кезеңі оның іс-әрекетінің негізгі, жетекші түрімен сипатталады. Мысалы, мектеп жасына дейінгі балалық шақта ойын іс-әрекеті жетекші болады. Бұл жастағы балалар үйреніп, тіпті шама-шарқынша еңбек етіп жүрсе де, олардың бүкіл болмысын анықтайтын шынайы әр түрлі ойындар болып табылады.

Ойын үстінде қоғамдық баға беруге тырысушылық пайда болады, қиял және символиканы пайдалана білуі дамиды. Осының бәрі баланың мектепке даярлығын сипаттайтын негізгі сәттер болып табылады. Бала мектеп табалдырығынан аттасымен-ақ оқушы болады. Оның өмірінде ойын әлі маңызды болғанымен осы уақыттан бастап, ол біртіндеп басымдылық ролін жоғалта бастайды. Бастауыш сынып оқушысының жетекші іс-әрекеті оның мінез-құлық мотивтерін елеулі түрде өзгертетін, оның танымдық және адамгершілік күштерін дамытудың жаңа көздерін ашатын оқу болады. Мұндай қайта өзгеріс үрдісінің бірнеше кезеңдері бар.

Әсіресе баланың мектеп өмірінің жаңа жағдайларына алғаш енуі айқын аңғарылады. Балалардың көпшілігі бұған психологиялық жағынан даярланған. Олар бұл жерден үймен немесе бала-бақшамен

салыстырғанда, әдеттен тыс бірдеңелер кездестіруді күте отырып, мектепке қуана барады.

Баланың бұл ішкі позициясы екі жағдайда маңызды. Алдымен мектеп өмірінің жаңалығын алдын-ала сезіну және қалау баланың сыныптағы мінез-құлық ережелеріне, жолдастарымен ерекше қарым-қатынас нормаларына, күн тәртібіне қатысты мұғалімнің талаптарын жылдам қабылдауға көмектеседі. Бұл талаптарды бала қоғамдық маңызды және орындамауға болмайтын талаптар деп қабылдайды.

Жекелеген психикалық үрдістерді дамыту бүкіл бастауыш мектеп шағында жүзеге асырылады. Балалар мектепте қабылдау үрдістері едәуір жетіліп келсе де (оларда көру мен есту қабілеті жоғары екені байқалады, олар түрлі формалар мен түстерді жақсы бағдарлайды), олардың оқу ісіндегі қабылдау формалары мен түстерді тану және атауға келіп тіреледі. Бірінші сынып оқушылары өздері қабылдайтын заттардың қасиеті мен сапаларына жүйелі талдау жасай алмайды. Бұл жағдай арнайы жасалған тәжірибеде көрінді. Мәселен, 1 сынып оқушылары қарап отырып салу үшін түрлі түсті құмыра алды. Балалар оны тез қарап шығып, атын атады, содан соң арнайы көңіл аудармай, бірден оның суретін салуға ұмтылды. Олардың салған суреттерінде құмыралардың көлемі де, формасы да әр түрлі болып шықты, тіпті бір-бірінен едәуір айырмашылығы да болды, Бірінші сынып оқушылары бұл түсті танып, атап та берді, бірақ оның нақты ерекшеліктері оларды қызықтырмайды. Саралап қабылдаудағы кемшіліктер басқа тәжірибелерден байқалады. Баланың қабылдаған заттарды талдау және саралау мүмкіндіктері заттардың жекелеген тікелей қасиеттерін аңғару мен айырудан гөрі күрделілеу қызмет түрі - мектептегі оқу үрдісі кезінде қалыптасады. Сабақтардың үстінде оқушы қандай да бір пәннің және құралдың қабылдау міндеттерін алып, ал одан кейін өзі кең түрде тұжырымдайды. Осының арқасында қабылдау мақсатқа бағытталады

Баланың өзін-өзі бағалауының қалыптасуы алдымен үлкендердің, әсіресе мұғалімнің бағыттаған, ұйымдастырған жұмысының нәтижесі, оны дамытудың жалпы бағыты баланың мұғалім қойған мақсатқа жетуден бастап, өздері қойған міндеттің шешімін табуды қамтиды.

Бірінші сынып оқушыларының ырықты зейіні олар әлі өздерін, өздерінің іс-әрекетін дербес басқарып жүрудің ішкі механизмін игермегендіктен тұрақты болмайды. Сондықтан тәжірибелі мұғалім оқу ісінің сабақта бірін-бірі ауыстырып отыратын және балаларды шаршатпайтын әр алуан түрлерін (түрлі тәсілдермен ауызша есептеу, есептер шығару және нәтижелерді тексеру, жазбаша есептердің жаңа тәсілдерін түсіндіру, оларды орындап жаттықтыру) қолданып отырады.

Бастауыш сынып оқушыларының ақыл-ой әрекетінен гөрі сыртқы іс-әрекетті орындауда зейіні неғұрлым тұрақты. Бұл ерекшелікті ақыл-ой сабақтарын графикалық схемалар, суреттер, макеттер жасаумен алмастыра отырып сабақтарда пайдаланудың маңызы зор. Қарапайым, бірақ біркелкі тапсырмаларды орындауда бастауыш сынып оқушылары

жұмыстың түрлі әдістері мен тәсілдерін қолдануды талап ететін неғұрлым күрделі тапсырмаларды шешу кезіндегіден гөрі көбірек алаңдайды. Сондықтан оқу тапсырмаларын былай қойған дұрыс: бала өз тапсырмасын орындай отырып, жолдастарының жұмысын қадағалау керек және қадағалай алатындай етіп, мысалы, берілген мәтінді оқи отырып, оқушы басқа оқушылардың мінез-құлқын тексеріп отыруға міндеттеу. Қате жіберіп алған жағдайда ол жолдастарының теріс әсерін байқап, оны өзі түзетуге тырысады. Кейбір балалар сыныпта зейін бөле алмайтындықтан “алаңғасар” болады: олар бір іспен айналысып отырып, басқаларын естен шығарады. Мұғалім оқу ісінің әртүрін балалар бір мезгілде бірнеше іс-әрекетті бақылауды үйренетіндей жалпы жанама жұмысқа дайындалатындай етіп ұйымдастыру керек. К.Д. Ушинский: “Адам әрекетінің нәтижелі болуы – алдымен оған әдейі зейін қоюға, соған зейінді тұрақтауда”, [5] – дейді.

Оқушылар күн тәртібін, мінез-құлық ережелерін, үй тапсырмаларын арнайы есте сақтаған дұрыс, ал одан кейін оларды өзінің мінез-құлқына басшылыққа ала білуі немесе оларды сабақта еске түсіре білуі тиіс. Балалар мнематикалық міндеттерді ажырата алатын болады. Олардың біреуі материалды дәлме-дәл есте сақтауды, екіншісі оны тек өз сөзімен айтып шығуды қарастырады. Бастауыш сынып оқушыларының есте сақтауының табыстылығы олардың мнематикалық міндеттердің сипатын түсінуге, еске сақтау мен еске түсірудің тиісті әдіс-тәсілдерін меңгеруге байланысты. Есте сақтау нәтижесі баланың өзін тексеруі тану деңгейінде ғана болады. Мысалы, 1-сынып оқушысы мәтінді бір қарайды да таныс сияқты болып көрінгесін жаттап алдым деп ойлайды. Аздаған балалар есте еркін сақтаудың тиімді әдістерін қолданады. Көпшілігі мектепте және үйде мағыналық жағынан есте сақтау әдістерінің қалыптасуымен, екіншісі – уақытпен белгіленген еске түсіру тәсілдерін, есте сақтау нәтижелерін өзіндік тексеру тәсілдерін қалыптастырумен байланысты. Материалды мағыналық бірліктерге бөлу әдісі жоспар жасауға негізделген. Ол балалар қандай да бір картинаның немесе естіген әңгіменің мазмұнын ауызша формада айтып беретін пән сабақтарында оқылады. Балаларға бөлінген мағыналық бірліктердің салыстырмалылығын бірден көрсеткен жөн. Қандай да бір картинаның мазмұны туралы хабарлап әңгімелесу, ал одан соң еске түсіріп, әңгімелеп айту мақсатына қарай әртүрлі бірліктерге сүйене отырып, жүзеге асырылатын болады. Кең не тар жоспар жасау жөніндегі жұмыс балалар оқи және жаза алатын 1 сыныптың II жарты жылында үлкен орын алады. 2-3 сыныптарда бұл жұмыстар математикалық және грамматикалық мәтіндердің көлемі жөнінен мол материалмен жалғастырылады. Мысалы, 3-сынып оқушылары мәтіндерді шарттардың күрделі жүйесіне негізделген математикалық есептер шығарудың жоспарын жасайды. Енді оқушылардың тек қана мағыналық бірліктерді бөліп көрсету емес, материалды қисынды етіп топтау талап етіледі. Топтастыру нәтижелерін жазбаша жоспар түрінде белгілеп

отырған дұрыс. Материалды мағыналық жағынан топтау, жоспар құру бастауыш сынып оқушыларында алғашқыда еркін еске түсіру тәсілдері ретінде қалыптасады. Бірақ балалар оларды жетік меңгергеннен кейін, бұл тәсілдердің психологиялық ролі айтарлықтай өзгереді: олар дамыған еріксіз есте сақтаудың негізі болады.

Демек, жоғарыда айтылған ой-пікірлерді қорытындылай келе, педагогика, психология ғылымында өзін-өзі бағалауды дамытудың зерттелуі мына кезеңдер бойынша жүзеге асады:

1. Өзін-өзі бағалауды қалыптастыру жүйесі оқушылар логикасының тұтастай, ұйымдастырылған, мазмұнды, үрдісті-технологиялық құрамдас бөліктерінің тұтастығын білдіреді. Өзін-өзі бағалаудың мақсаты келесі тапсырмалардың шешілуімен анықталады: ойлау операцияларын, өзін-өзі бағалаудың логикалық формасының құрылымын, ой-әрекетінің тәсілдерін бір білім аумағынан келесіге ауыстыру дағдыларын білуі және меңгеруі. Өзін-өзі бағалауға логикалық даярлықты ұйымдастыру, жас ерекшеліктерін есепке алу ұстанымдарына, жалпы маңызды логикалық формалар мен байланыстарды аша білуге негізделеді. Ал оның мазмұны өзін-өзі бағалау дағдылары және оларға сай ой операцияларын қамтиды. Өзін-өзі бағалаудың дамуы ойлау үрдістерін үйрену, сөз мәнерін белсенді қолдану, ойлаудың барлық түрлерін біріктіре білу арқылы жүзеге асады.

2. Психологиялық-педагогикалық зерттеулерде және бастауыш сынып оқушыларының өзін-өзі бағалау тәжірибесінде келесі ойлар теориялық тұрғыдан дами түсті және экспериментті түрде көрсетілді: кіші мектеп жасы ақыл-ой әрекетінің тәсілдері мен меңгерілген құралдарын тез игеріп әкетуге бейім келеді; белгілі бір мақсатқа ұмтылушылық және бағытталғандық, үздіксіздік, нәтижелілік өзін-өзі бағалауға логикалық даярлықты ұйымдастыру ұстанымы болып табылады; жалпы өзін-өзі бағалау - дағдылардың мектеп пәндерін оқыту үрдісінде қалыптасуы мазмұны болып табылады.

3. Бастауыш білім беру тәжірибесінде өзін-өзі бағалауда логикалық операцияларды білу және меңгеру, сонымен қатар ойлаудың логикалық формаларының құрылысын көрсету және ой әрекетінің тәсілдерін бір саладан өзге салаға ауыстыруды жүзеге асыра білу дағдысы болып табылатын логикалық ойлаудың даму жүйесі қалыптасты. Өзін-өзі бағалау ұстанымдары жалпы дидактикалық, сондай-ақ арнайы талаптар ретінде рөл атқарады. Өзін-өзі бағалаудың бағдарлама материалдарымен байланысты пәндік әрекет және модельдеу шарттарындағы тапсырмалар жүйесін шешу үрдісінде жүзеге асады.

Сонымен, өзін-өзі бағалауды дамытудың оқушы өміріндегі орны ерекше екені белгілі болды. Сондай-ақ өзгермелі жағдайға тез бейімделе алатын, жеке тұлғаны қалыптастыруда, оның ақыл-ойын дамытуда маңызы орасан зор.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Братусь Б.С. Стиль жизни. О самооценке и притязаниях (Беседы о развитии личности). // Семья и школа. – 1978. - № 8. – с. 37-39.
2. Ананьев Б.Г. О проблемах современного человекознания. – М., 1977. – 270 с.
3. Божович Л.И. Проблема развития мотивационной сферы ребенка // Изучение мотивационного поведения детей и подростков. – М., 1972.
4. Қазмағанбетов А.Ғ. Формирование системы оценочных притязаний школьников. Методическое пособие. – Алматы, 1997. – 45 с.
5. Едильбаева М.У. Формирование самооценки учащихся в учебном процессе. – Актобе, 2008. – 50 с.

3.26. Психологиялық құзіреттіліктің мазмұны мен теориясы

Шолпан Оралгалиевна Орынгалиева
PhD докторанты, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті (Семей қ., Қазақстан)

Қазіргі білім беру парадигмасының өзгеруі және білім беру мемлекеттік міндетті стандартының міндеттерін жүзеге асыру болашақ педагогтердің психологиялық құзіреттілігін қалыптастырудың негізі болып табылады. Бұл оқу әрекетінің психологиялық ерекшеліктерін, педагогикалық қарым-қатынастың субъектілері ретінде білім алушылардың психологиялық сипаттамаларын меңгерудің механизмдері мен заңдылықтарын ұғынуды жетілдірумен байланысты.

Құзыреттілікке бағытталған білім беру қазіргі таңда әлемдік білім беру жүйесінде нәтижелілігі, тиімділігі мойындалған бағыт болып табылуда. Құзыреттілік бағыты бойынша кез-келген оқытудың негізгі мақсаты – тұлға өзінің әрекетін нәтижелі жүзеге асыруы үшін қажетті білім, білік және тұлғалық қасиеттерді меңгеріп, мінез-құлық тәсілін, сонымен қатар, қажетті құзыреттіліктер түрлерін игеруі міндетті. Басқаша айтқанда, білім алушы тек білім және біліктілік жиынтығын меңгеріп қоймай, оқудың соңында не үшін білім алғандығын саналы түсініп, игерген білімін өзінің кәсіби әрекетінде қолданысқа енгізе алу.

Осы жағдайда Л.С. Выготскийдің: "...тәрбие процесінің негізі психологиямен байланысты болғандықтан, психологияның жалпы негіздерін білу аталған үрдісті ғылыми тұрғыдан түсінуге көмектеседі ... » деген тұжырымы дәлел іспеттес. Болашақ педагогтердің кәсіби қызметінің табыстылығы жоғары оқу орнында білім алу кезеңі болып табылатын оның психологиялық құзыреттілігімен айқындалады.

Субъектінің психологиялық құзыреттілігі психологиялық феномен ретінде түрлі бағыттар мен концептуалды тұжырымдармен

айналысатын отандық және шетелдік психологтардың зерттеу пәні ретінде қарастырылды. Шетелдік психологияда XX ғасырдың басынан бастап құзыреттіліктің теориялық және эмпирикалық зерттеулерінің көп саны болғанымен, бұл феноменді қарқынды зерттеу XX ғасырдың 90-шы жылдарына жатады.

"Психологиялық құзыреттілік" ұғымының мазмұнына авторлар психологиялық білімнің, іскерліктің және дағдылардың жиынтығы, сонымен қатар мағыналық, мотивациялық, эмоционалдық, тұлғалық және мінез-құлық деңгейлерін қамтитын әмбебап жеке жүйенің байланысын да көрсетеді.

Бүгінгі күні психологиялық феномен ретінде психологиялық құзыреттілікті диагностикалаудың феноменологиялық мазмұнын, құрылымын, тәсілдерін және құралдарын айқын түсінуде біршама тұжырымдамалар бар. Сонымен қатар, басқа проблемаларды зерттеу контекстінде психологиялық құзыреттіліктің жеке түрлерін сипаттайтын жұмыстар көбірек пайда болды.

Мәселен, И.Н. Елина мемлекеттік қызметкерлердің психологиялық құзіреттілігін зерттей отырып, оны мотивациялық, операциялық және рефлексивті құрамдастардан тұратын көп параметрлік сипаттама ретінде анықтайды [1, 20].

Н.В. Яковлева дәрігерлердің психологиялық құзіреттіліктерін іс-әрекеттегі оңтайлы жай-күйін қамтамасыз ететін қызмет субъектісіндегі өзін-өзі реттеудің функционалдық жүйесі ретінде анықтайды [2, 48].

Психологиялық құзыреттілік индивидтің санасында психологиялық мазмұн, психологиялық жағдайлар және оларды шешу тәсілдерін меңгеру, өзін-өзі реттеу жүйесінің қызмет ету сапасы ретінде қарастырылады.

Көптеген педагогикалық-психологиялық әдебиеттерде психологиялық құзіреттілікті қалыптастыру мәселесі болашақ педагогтың немесе педагогтың педагогикалық іс-әрекетіне байланысты зерттелген.

Мәселен, А.Д. Алферов, А.К. Маркова, Н.В. Кузьмина, Г.И. Метельский, Л.А. Колмогорова және т.б. ғалымдар зерттеген "психологиялық құзыреттілік" ұғымының мәнін түсіндірудің тәсілдері өзіндік ерекшеліктерімен айқындалады.

А.Д. Алферов [3, 117] психологиялық құзіреттілікті болашақ педагогтарды кәсіби дайындаудың құрамдас бөлігі деп қарастыра отырып, психологиялық құзіреттілік мазмұнын төмендегі жағдайлармен көрсетеді:

- психология бойынша білім, іскерлік және дағдылардың жиынтығы;
- педагогтың кәсіби қызметіндегі психологияның рөліне қатысты ұстанымның айқындығы;

- баланың мінез-құлқынан оның жай-күйін, танымдық үрдістердің, эмоционалды, ерік-жігер аймағын, мінез ерекшеліктерінің даму деңгейін бақылай алу;

- баламен немесе балалар тобымен қарым-қатынаста психологиялық жағдайларды бағдарлау, бағалау және қарым-қатынастың тиімді тәсілдерін таңдау қабілеті.

Автор психологиялық құзіреттіліктің құрылымы мен мазмұнын аша отырып, психологиялық құзіретті болу үшін білімнің, шеберліктің, дағдылардың жеткілікті көлемді тізімін ұсынған.

А.К. Маркова педагогтың психологиялық құзіреттілігін модульдік құрылымда құрастырған [4, 58]. Біздің көзқарасымыз бойынша, әр педагогтың еңбегінің кәсібилігі ғана емес, психологиялық мінездемедегі жүйені қамтуы да міндетті.

И.С. Якиманскаяның тұлғалық дамыту оқыту тұжырымдамаларын дамыта отырып, психологиялық құзіреттілікті қалыптастыруда психологиялық білім, іскерлік, дағды және педагогикалық қызметтегі психологияның мәні мен рөліне қатысты кәсіби ұстанымның айқындығы, оқушылармен жұмыс жасауда психологиялық ақпараттандыруды қолдана білу, баланың жағдайын, танымдық үдерістердің даму деңгейін, жеке-тұлғалық сипаттамаларын, сондай-ақ психологиялық мәселелерді бағалау және қарым-қатынастың ұтымды тәсілін табу, білім алушыға психологиялық сауатты және педагогикалық тұрғыдан қарауды жатқызады [5, 28].

Л.А. Лазаренконың көзқарасы бойынша, қазіргі педагогтың психологиялық құзіреттілігі психологиялық ақпаратты қабылдау, оны сезіну, іс-әрекет барысы негізінде қарым-қатынас жүйесін құру, сауатты психологиялық шешімдер қабылдау қабілеттілігі [6, 67].

Е.С. Алешина және И.С. Клецина әлеуметтік-психологиялық құзіреттілікті педагогикалық оқу орны студенттерінде педагогикалық қабілеттіліктерін қалыптастырудың мәнді факторы деп қарастырады [7, 15].

Мамандық психологиясын және кәсіби жетістіктер мәселесін зерттеген Э.Ф. Зеер [8, 85] кәсіби құзіреттіліктің компоненттерін әлеуметтік құзыреттілік ынтымақтастыққа қабілеттілік ретінде, кәсіби міндеттерді тиімді шешу, өз еңбегінің нәтижелерін өз бетінше бағалау, жаңа кәсіби білім мен біліктерді іздеу, иемдену білігін қамтитын арнайы құзыреттілік рефлексия, кәсіби дағдарыстар мен деформацияларды конструктивті еңсеру, кәсіби біліктілігін арттыруға дайындықтан тұратын жеке құзыреттілік деп қарастырған. Оның жекелеген түрлерін зерделеуден басталған психологиялық құзыреттілікті зерттеу барынша интегративтік сипатқа ие болды және бүгін өмірдің құзыретті стилінің мәселесі ретінде қарастырылады.

И.Ф. Демидова психологиялық құзіреттілікті психологиялық білім мен іскерліктің жүйесі арқылы анықтайды. Автордың тұжырымдамасы бойынша, психологиялық құзіреттілік психологиялық білімнің және

оларға негізделген алдыңғы біліммен байланыстылығы бар іскерліктер жиынтығы болып табылатын күрделі тұлғалық білім. Психологиялық білім мазмұнын психология ғылымының түрлі салаларынан ақпараттың болуы, ал психологиялық іскерліктер деп психология негізіндегі педагогикалық әрекетті сауатты құрастыра алу қабілеттілігі деп түсіндіреді [9, 17]. Сонымен қатар, психологиялық құзіреттіліктің мазмұнын екі жақты бөліп қарастырды: когнитивті (педагогикалық жағдаяттарда не істеу керектігін білуі) және мінез құлықтық (қалай істеуді және оны жүзеге асыруды білу).

В.Н. Козиев психологиялық құзіреттілікті психологиялық-педагогикалық білім берудің салдары деп есептейді. Психологиялық құзіреттілік – педагогикалық іс-тәжірибеде оның психологиялық білімін іске асыру болып табылатын мұғалімнің жеке жетістігі [10, 92].

Н.Е. Костылева психологиялық құзіреттілікті жеке тұлғалық кәсіби қасиеттер жүйесінің жеке сипаттамасына жатқыза отырып, оны әдіснамалық және әлеуметтік ғылыми құзыреттілікпен қатар, жеке сипаттағы танымдық механизмдердің құрамдас бөлігі деп санайды. Психологиялық құзіреттілік құрылымына тұлғаның жалпы сипаттамасы, психикалық процестердің өту ерекшеліктері, оқыту және тәрбиелеу заңдарын психологиялық зерттеу әдістері, баланың жас ерекшелік даму заңдылықтарын білумен қатар, шынайы педагогикалық іс-тәжірибемен психологиялық білімді ауыстыру іскерлігі мен өзін-өзі реттеу, тәсілдерді меңгеруді жатқызады [11, 22].

Н.В. Андронова: «Психологиялық құзыреттілік құрылымы зияткерлік немесе когнитивті жақтары деп аталатын психологиялық білім мен психологиялық ойлау, практикалық немесе әрекет етуші психологиялық іс-әрекет пен дағды» деп нақтылайды [12, 170].

Психологиялық құзіреттілікті көп жағдайда жалпы кәсіби құзыреттіліктің маңызды құрамдас бөлігі ретінде және құзыреттіліктің басқа түрлерінің (коммуникативтік, әлеуметтік, кәсіби-педагогикалық) маңызды құрылымы ретінде қарастыруға болады.

Психологиялық құзіреттілікті жалпы элементтері бойынша бөліп қарастыруға болады:

- өзін-өзі танудың, қарым-қатынастағы психологиялық құралдарды меңгеру;
- өткен тәжірибені талдау және оны өзекті психологиялық мәселелерді шешуде қолдана алу;
- білім, дағды және іскерліктерді меңгеру;
- тиімді мінез-құлық бағдарламасын жасау [13, 42].

О.В. Щербинаның [14, 299] пікірінше, педагогқа кәсіби қызмет субъектісі ретінде психологиялық құзыреттіліктің жоғары деңгейі тән болуы тиіс. Осы сипаттаманың жоғары дәрежедегі айқындылығының арқасында педагог тұлға ресурстарын сауатты қолдана алады, сыртқы және ішкі белсенділіктің тепе-теңдігін оңтайлы мақсатта жүзеге асыра алады, кәсіби қызметтің мүмкін болатын нәтижелерін жобалай алады,

алдын-ала болжайды, өзін-өзі дамытудың тиімді тәсілдері мен құралдарын құра алады.

Психологиялық құзіреттілікті меңгеру тұлғаның жеке қасиеті ретіндегі өзін-өзі дамытуды ынталандырады, және кәсіби белсенділікті қалыптастырады. Сонымен қатар, білімді, тәжірибені, өзінің жеке қасиеттерін дұрыс пайдалануға, өзін-өзі бақылауды, жағдайдың өзгеруіне байланысты өз қызметін қайта құра білу қабілеттілігін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Жоғары педагогикалық оқу орындарында құзіретті маман даярлау мәселесі отандық ғалымдардың (С.Ж. Пралиев, К.К. Жампеисова, Н.Н. Хан, Х.Т. Шерьязданова және т.б.) еңбектерінің де түйінді мәселесі болған. Педагогикалық үрдісте тұлғалық даму мақсатының басымдылығын, іс-әрекет негізінде құзіреттілікті қалыптастыруды С.М. Джакупов, З.Б. Мадалиева және А.Р. Ерментаева өз зерттеулерінде кеңінен талдаған.

Зерттеушілердің психологиялық құзіреттілік құрылымын психологиялық білім (білім берудегі саналы мағыналық), тұлғаның мағыналық білімін ұғынуға негізделген Мен-концепциясының, оңтайлы өзін-өзі ұйымдастыру мақсатында өзіне бағытталған белсенділік, іс-әрекеттердің барынша тиімділігін қамтамасыз ететін өзін-өзі реттеу және кәсіби өзін-өзі тану жиынтығы деп көрсетуі аталған ұғымның мазмұнын ашатыны сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Елина И.Н. Компетентность как интегральная характеристика профессиональной деятельности государственного служащего: автореферат дис. канд. психол. наук. М., 1998. С. 20.

2. Яковлева Н.В. Психологическая компетентность и ее формирование в процессе обучения в вузе (на материале деятельности врача): дис. канд. психол. наук. Ярославль, 1994. С. 277

3. Алферов А.Д. Опыт и проблемы повышения психологической компетентности учителя // Вопросы психологии. 1999. № 4. С. 116-120.

4. Маркова А.К. Психология профессионализма. М.: Знание, 1996. С. 107.

5. Якиманская И.С. Динамика готовности к инновациям у современных педагогов // Сборник научных трудов. 2011. Т. 21. № 3. С. 26–33.

6. Лазаренко Л.А. Психологическая компетентность педагога как фактор профессионализации // Современные наукоемкие технологии. 2008. № 1. С. 67–68.

7. Алешина Е.С., Клецина И.С. Социально-психологическая компетентность как фактор формирования психологических способностей // Психология учителя. Тезисы. М., 1989. С. 14-16.

8. Зеер Э.Ф. Психология профессий. М.: Gaudeamus, 2006. С. 336.

9. Демидова И.Ф. Развитие психологической компетентности студентов – будущих учителей: автореф. дис. … канд. психол. наук. СПб, 1993. С. 17.
10. Козиев В.Н. Психологический анализ профессионального самосознания учителя // Вопросы психологии. 2003. № 4. С. 92.
11. Костылева Н.Е. Психологические условия эффективности управления развитием профессиональной компетентности учителя в процесс гуманизации и демократизации школы: автореф. дис. канд. психол. наук. Казань, 2007. С. 22.
12. Андронова Н.В. Психологическая компетентность как компонент профессиональной компетентности учителя // Вестник Мордовского университета. – 2011. № 2. – С. 166-171.
13. Аболина Н.С., Остапчук Н.В. Психологическая компетентность личности: содержание, уровни и механизмы развития. Монография. Екатеринбург, 2011. С. 42.
14. Щербина О.В. Развитие психологической компетентности педагогов // Сборники конференций НИЦ Социосфера. – № 8. – С. 297-302.

3.27. Болашақ педагог-психологтың интеллектуалдық құзырлығын жетілдіру мәселесінің әдіснамалық ұстанымдары

Ғалым Бұлтұлы Іркітбай
педагогика ғылымының магистрі, «Менеджмент және ақпараттық технологиялар» кафедрасының аға оқытушысы, «Өрлеу» біліктілік арттыру ұлттық орталығы акционерлік қоғамының филиалы Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің басшы және ғылыми-педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыратын республикалық институты (Алматы қ., Қазақстан)
Жанар Алибековна Жартынова
Халықаралық ақпараттандыру ғылымдары академиясының корреспондент мүшесі, «Менеджмент және ақпараттық технологиялар» кафедрасының аға оқытушысы, «Өрлеу» біліктілік арттыру ұлттық орталығы акционерлік қоғамының филиалы Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің басшы және ғылыми-педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыратын республикалық институты (Алматы қ., Қазақстан)
Гүлнар Абдуллаевна Сүлейменова
«Менеджмент және ақпараттық технологиялар» кафедрасының аға оқытушысы, «Өрлеу» біліктілік арттыру ұлттық орталығы акционерлік қоғамының филиалы Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің басшы және ғылыми-педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыратын республикалық институты (Алматы қ., Қазақстан)

Уахит Сәкенұлы Хусаинов
«Менеджмент және ақпараттық технологиялар» кафедрасының
аға оқытушысы, «Өрлеу» біліктілік арттыру ұлттық орталығы
акционерлік қоғамының филиалы Қазақстан Республикасы білім беру
жүйесінің басшы және ғылыми-педагогикалық қызметкерлердің
біліктілігін арттыратын республикалық институты
(Алматы қ., Қазақстан)
Самара Сатканулovна Субанбекова
«Бизнес информатика және жалпы білім беру пәні» кафедрасының
аға оқытушысы, әлеуметтік даму және кәсіпкерлік институты
(Бішкек қ., Қырғызстан)

XXI ғасыр өркениеттің алға басуымен сипатталатын болса, ол әр адамның жаратушылық болмысының нәтижесі. ұлттың интеллектуалдық құзырлығы де әр жеке тұлғаның интеллектуалдық деңгейімен анықталады. Көптеген зерттеушілердің өркениеттің өзін әр адамдағы интеллектуалдықтың болуымен байланыстыруы осыдан. Белгілінің шекарасынан тыс ойлай алатын, мәселені шешудің өзіндік, соны жолын таба білетін, заман талаптарына орай өзін саналы түрде өзгерте алатын интеллектуалды адамдар қазіргі білімнің идеалы, мұраты. Бұл жағдай білім беру саласының алдына іргелі міндеттер жүктеп, білім сапасын дамытудың жаңа қосымша көздерін іздеуге ынталандыруда.

Жұмысымыздың тірек ұғымдары болып табылатын «құзырлық», «интеллектуалдық» одан туындайтын «интеллектуалдық құзырлық» түсініктерінің мәнін ашу мақсатында осы бағыттағы әлемдік, шығыс, қазақ философиясындағы өрелі ойларға талдау жасалды. Бұдан әрі солардан түйген қорытындыларды сипаттайтын боламыз.

«Құзырлық» категориясы педагогика үшін аса маңызды жалпығылыми әдіснамалық ұғым болып табылады. Адамға қатысты айтылатын бұл ұғымның философиялық сөздіктегі түсіндірмесі адамның бойындағы «күш-жігер», «қайрат» деген сөздерімен мағыналас екендігін көрсетеді. Басқаша айтсақ, адамның белгілі бір мәселені шешу, нәтижеге жету үшін жұмсайтын қор, ішкі мүмкіндіктер көзі. Ұғымды ең алғаш тұрмыста қол жеткен нәтижелер мен болашақты екі бөліп қарастыру үшін қолданысқа Аристотель енгізгені белгілі.

Құзырлығы жоғары мамандар - елестің, интуицияның күшті қалыптасуымен, қалыптан тыс өнімді ойлай алуымен, ойды интеллектуалдықпен іске асыра алуымен, интеллектуалдық әрекет барысында ішкі күштерін жылдам жұмылдыра алушылығымен сипатталатын адамдарды айтуға болады.

Бұл ұғымның психологиялық және педагогикалық түсіндірмелері диссертацияның келесі тарауларында берілетін болғандықтан, жұмысымыздың келесі тірек түсінігі *интеллектуалдық* - адамның мәні,

оның ішкі күштерінің яғни құзырлықінің бастауы, ішкі құрамаларының даму барысы екендігі анықталды.

«Интеллектуалдық» деген сөздің мәніне үңілсек, ол адамның мақсатты ісіне жету жолындағы талаптануы мен талпынысынан, жігері мен сабырынан, сұранысы мен ізденісінен түзіліп, ақыл ойы мен сезімінің, қиялының ерекше бітімінен көрінеді. Интеллектуалдық – адамның ойлауының және өз бетінше әрекетінің жоғарғы формасы. Дегенмен интеллектуалдықтың объективті және субъективті болатындығы белгілі. Оның алғашқысы ғылымда, зерттеулерде бұрын болмаған жаңалық деп танылса, соңғысы субъектінің өзі үшін жаңалық болып, оны әрі қарай жаңа бастамаларға шабыттандыратынымен сипатталатыны мәлім.

Бұл ұғым философиялық сөздікте: «Интеллектуалдық проблемалық сипаты бар, барлық ішкі байланыстарды біріктіретін, нәтижеде жаңа материалдық және идеалдық құндылықтар алынатын адамның мақсатты әрекеті» – деп түсіндіріледі [1].

Қазіргі кезде интеллектуалдылық - қоғамның өрлеуі мен тоқырауының индикаторы болып саналады. Бұл мәселені зерттеуде де өрлеулер мен құлдыраулар болғаны белгілі. өйткені интеллектуалдылық адам догмалар мен стереотиптерден арылған, өзгеше ойлаудың, кез келген мәселені өзінше шешудің сипаты болғанымен, ондай адамның қалыптасу барысында жұртшылық тарапынан әрқалай көзқарастардың болғаны, әлі де орын алып отырғаны жасырын құбылыс емес әрине.

Философтар шығыс аймақтардың философиялық жүйелерінде шығыс адамының белсенділігі оның тікелей адамға бағытталғандығымен ерекшеленетіндігіне ерекше назар аударады. Адам өзін және өз қабілеттерін дамыта отырып, табиғи жүйенің жетілген формасына дейін көтеріледі және адам мен әлем, табиғат заңдылығы мен табиғи ортаның болмысы арасындағы үйлесімділікті сақтай отырып, табиғаттың қалыптасуына өз ықпалын тигізетіндігі айтылады. Осы ойларды тарқата кетуді қажет еттік.

Шығыстың ұлы ойшылы Әбу Насыр әл-Фараби тұлғаның өз әрекеті мен оның қалыптасуы жөнінде сындарлы тұжырым қалдырған - шығыстың ұлы ойшылы. Оның сана (ойлау) туралы ілімінде сана сарқылмайтындығымен сипатталып, ол құзырлықтене отырып, бардың мәнін түсінуге әкеледі деген ой айтылады. Оның «Бақытқа жол сілтеу» атты трактатында адамның өмірден кеткеннен кейінгі баянсыз бақыты туралы емес, тірі адамның бақыты туралы сөз етіледі. Оған жету үшін адам өзін-өзі жетілдіруі, қиын жолдардан өтуі тиіс екені көрсетіледі. Сондықтан бақытқа барар жолдардың бірі - адамның интеллектуалдық жағынан қалыптасуы екеніне тоқталады. Бұл еңбектегі біз үшін маңызы бар мәселе - ойдың, интеллектінің қалыптасуы логикалық жаттығулар мен сабақтар нәтижесінде жүзеге асады, тек солар арқылы адам айналадағы ақиқатты танып біледі, жетіледі, адамның интеллектуалдық

құзырлығы де жоғарғы ойлау әрекетінде және оны ұдайы жаттықтыру барысында іске қосылып, өз өнімін беретіндігі турасындағы тұжырымы дәлел [2].

Өз заманында сан алуан ғылым салаларын меңгерген ғұлама ақын Жүсіп Баласағұн өзінің «Құтты білік» атты дастанында жан-жақты дамыған адамды сипаттауда «толық пішімді» ұғымын қолданып, оған жетудің бірден-бір жолы ғылым мен білім екенін атап көрсеткен. Адамның ақыл парасаты барлық нәрсенің мән-мағынасын түсінуге қабілетті деген пікірі айтылған [3].

Қазақ халқының бүкіл ұлағатты мәдениеті тарихында үлкен орын алатын ұлы ақын Абай Құнанбаевтың біздің зерттеуіміз үшін зор мәні бар ойларының бірі – адамдардың әртүрлілігі және кісілік жайлы пікірлер. Оның «Адам бол» деген шығармасындағы негізгі философиялық ойда адамның өз орнын табуының маңыздылығын айта отырып, әр адам ішкі мүмкіндігін іске қосып, өзін жетілдіре алады және жетілдіруі тиіс екендігі аталып өтіледі. Сонда ғана жаратылысынан өзіне берілген орынға сай келетіндігіне ерекше назар аударылады. Бұл үшін оған жол сілтеу, бағыт беру қажеттілігі оның барлық шығармаларының негізгі лейтмотиві деуге тұрарлық [4].

Мысалы ақынның терең философиялық шығармаларының бірі - 1896 жылы жазған «Сенбе жұртқа...» деп басталатын сол дәуірдің жалпы жұртына ғана емес, көкірегі ашық, көзі ояу ойлы жанға арналған өлеңінің негізгі идеясы кісіні биік мұратқа бастайтын, сол мұратқа жеткізетін ұлы күш оның өз бойында дегенге келіп саяды. Онда шын асыл әр адамның жүрегінде, сол асылды таңдаған адам «жүрегінің түбіне терең бойлап», іздегенін тек содан ғана табады дегені, терең де тағылымды философиялық тұжырым жасағаны білініп тұр. Ақын бұл ойының психологиялық сипаттамасын 43 қара сөзінде келтіреді: онда адам баласының екі нәрсемен: тән және жан қуатымен адам екенін, оның ішінде жан қуатын ерекше бөліп атап, әуелде оның кішкене ғана болатынын, ескеріп баққан адам оны үлкейтіп, ұлғайтып, зорайтатынын, ал ескерусіз қалса, ол қуаттың қайсысы болса да жоғалады делінген [5]. Біздің зерттеп отырған интеллектуалдық құзырлық та жан қуатына жататын құбылыс, оның өсіп сол адамның өз қажетіне жарауы тек кісінің сол асылды аршып ала білуі, қаншалықты іске қоса алуына байланысты деген тұжырымға келдік.

Ғалым, этнограф, саяхатшы Ш. Уәлиханов адамды табиғаттың өзгеруіне байланысты өзгеретін биологиялық тіршілік деп қарайтын антропологиялық материализмге қосылмайтындығын атап өтеді. Адам табиғаттың бір бөлігі болғанымен одан айырмашылығы онда (адамда) білім бар. «Білім – миға, жүйкеге әсер ете отырып, адамды өзгертеді. Сондықтан адам білім ала отырып, табиғаттан тәуелсіз бола алады», – деген пікірі дәлел [6].

Қазақ ағартушыларының көрнекті өкілі Ыбырай Алтынсарин арнайы философиялық тақырыпта еңбек жазбаған, дегенмен оның

ағартушылық шығармаларында дүниетанымдық ерекше пікірлер болғаны белгілі. Ол уағыздаған «Өнер, білім бар жұрттар» атты өлеңінің басты идеясы халықтың өркендеуі, оның өркениетке ұмтылуы деген насихат еді. Мұндай үндеу егемендікті енді алып жатқан еліміздің қазіргі күнгі де басты ұрандарының бірі болуы тиіс екендігі білімге қатысты барлық мемлекеттік құжаттарда көтеріліп келеді. Интеллектуалдық - білімді адамдар жететін биіктік. Демек бұл ойлардың өзектілігі жойылған жоқ [7].

Қазақтың рухани мәдениеті мен менталитетінде өшпес із қалдырған тұлғалардың бірі - Шәкәрім Құдайбердиев Абай көзқарастарындағы адамдыққа байланысты ойларды жалғастыра отырып, батыстағы материализм және идеализм сияқты екі анықпен шектелмей, өз жолы үшінші анықты ұсынған [8].

Осы философиялық ойдың заңды жалғасы С. Торайғыровтың мына бір өлеңінде байқалады десек қате болмас:

Шығамын тірі болсам адам болып,
Жүрмеймін бұл дүниеде жаман болып.
Жатқаным көрде тыныш жақсы емес пе?
Жүргенше өмір сүріп надан болып [9].

Дәл осы шығарманы бүгінгі күннің адамға деген сұраныстары тұрғысынан қарастырар болсақ, «адам болу» бұл жерде көптің бірі болып қалмау, артында із қалдыру деген философиялық тұжырымға сәйкес келеді деген болар едік. Интеллектуалдылық болу да ақын көксеген «адамдықты» аша түсетін сипаттаманың бірі екендігіне көз жеткізуге болады.

Белгілі философ Кішібеков Д. – интеллектуалдыққа, оның негізі болатын құзырлыққа байланысты шығыс философиясындағы ойларды шығыстық менталитетке қатысты пікірмен аяқтау дұрыс секілді. «Менталитет» деген ұғым бізге Батыс елдерінен келгенімен оның негізгі түбірі латын тілінен алынып, жеке адамдардың, не топтардың «ақылының» сапасы мен саналық қабілетін, күшін, ақылдың бастауын, мазмұнын, құрылымын, ойлау түрін, бағытын, сондай-ақ мүмкіндігін бейнелейді деген ойды айта келе, қазақ менталитеті көшпенді елдің ерекшелігіне сай қалыптасқандығына тоқталады. Дегенмен әлемде өзгермейтін ешнәрсе жоқ. Менталитет те сол заңдылықтан тысқары тұрған құбылыс емес болғандықтан, тегінде талантты ұлтымыздың қазіргі өкілдерінде нарықтық қоғам талап етіп отырған іскерлік, әрекет ете білушілік, тапқырлық яғни интеллектуалдық деңгейлері дамып келе жатқандығын атап өткен [10].

Интеллектуалдық әрекеттің мәні мен оның жан қуаттарымен байланыстылығы ертедегі философтардың еңбектерінен бастау алады. Бұл жайлы адамның интеллектуалдықпен өзін-өзі жетілдіру идеясын ең алғашқылардың бірі болып ұсынған Гераклит өз оқушыларына интеллектуалды тапсырма ретінде өздерін зерттеуді тапсырған.

Ал Сократ әр адамның тұлға ретінде жетілуіне ерекше мән бере отырып, «интеллектіні» жетілдіру, қабілеттерді жетілдіру оқытушының басты міндеттерінің бірі деп есептей отырып, оқушыларға дайын ұсыныстар бермей, «ақиқатқа жетуді» өздеріне тапсырып отырған. Бұл «сократтық әдістің» қазіргі уақытта да құндылығы жоғары екендігін білеміз.

«Өз рухын өзіне қарату» идеясын әрі қарай белсенді түрде дамытқан ойшылдардың бірі - Платон. Оның философиялық идеяларындағы педагогикалық ойдың түйіні – адам өзі белгілеген биіктіктерге жетуі үшін алдымен өзінің интеллектуалдық идеяларымен үйлесімділік табуы қажет екендігі жайлы пікірі дәлел [10].

XIX ғасырда интеллектуалдық мәселесі немістің классикалық философиясында әрі қарай дами түседі. Оның көрнекті өкілдерінің еңбектерінде адам интеллектуалдықтың субъектісі деген тұжырымдаманың негізі қаланып, танымдық әрекеттің интеллектуалдық сипатын түсінудің жаңа кезеңі басталады (И. Кант,т.б.); интеллектуалдықтың мәдени-тарихи детерминациясы негізделді (Г. Гегель, И.Г. Фихте, И.В. Шеллинг т.б.); интеллектуалдықтың адамның өмірлік әрекеті мен әлеуметке қатыстылығының байланысы ашылды (Л. Фейербах).

Өзіне дейінгі көзқарасқа қарағанда И. Кант интеллектуалды адамды сипаттауда, оның белсенділігіне көңіл бөліп, танымдық белсенділігі жоғары субъект деген пікір айтады [11].

Канттың осы айтқан пікірін дамыта отырып И.Г. Фихте философия тарихында алғаш рет интеллектуалдық теориясын әрекет теориясы ретінде қарастыруды ұсынды. Интеллектуалдық үрдістің тетіктерін терең зерттей отырып, ол интеллектуалдылық субъект өзінің әрекетінің өнімі деген ереже қалыптастырады [12].

И.Г. Фихтеден кейін Ф.В. Шеллинг интеллектуалдықты тірі организмнің диалектикасы деп санап, саналы және санадан тыс интеллектуалдық бастамаларды зерттеп, интеллектуалдық *жаңалық ашады* дегенмен оның *белгіліден бастау* алатынын алға тартады .

Интеллектуалдық мәселесінің қалыптасуына ерекше үлес қосқан философтардың бірі Л. Фейербах болды. Ол интеллектуалдыққа антропологиялық тұрғыдан қарап, оны адамның жеке қасиеттерімен байланыстырды. Ойшыл интеллектуалдықты тек қана адамның өз белсенділігі, күші мен ерік-жігері және еркіндігі деп қарастыратын идеяға негізделген тұжырымдаманы ұстана отырып, адамның ішкі қуаттары мен құзырлығы туралы мәселе көтереді [13]. Бұл идея қазіргі уақытқа дейін интеллектуалдыққа қатысты зерттеулердің негізі болып отырғаны белгілі. Біздің зерттеуімізде де осы идея басшылыққа алынады.

Интеллектуалды педагог-психолог - белгілі бір позиция мен әлеуметтік мәртебені иеленген, өзінің ішкі мүмкіндіктерін жетілдіруге, педагогикалық ақиқатқа жаңашылдық тұрғысынан өзгерістер жасауға

мүмкіндігі бар, өзінің кәсіби мәнділігін жүзеге асыра алатын маман. Ондай маман қоғам талап етіп отырған біртұтас, ашық, динамикалық, дамушы интеллектуалдылық тұлғаны қалыптастырады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Философиялық сөздік «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы. - 1993. – 356 б.
2. Әл-Фараби Философиялық трактаттар. Алматы. – Ғылым. 1973.
3. Баласағұн Ж. Құтты білік. (аударған А. Егеубаев) Алматы. – 1986. – 87 б.
4. Абай Шығармаларының 2 томдық жинағы. Алматы. Жазушы. - 1995. – 335 б.
5. Сегізбаев О.А Қазақ философиясының тарихы. – Алматы.: Ғылым. - 1999. – 200 б.
6. Алтынсарин Ы. Таңдамалы педагогикалық мұралары. Алматы. Рауан 1991. - 185 б.
7. Торайғыров С. Таңдамалы шығармалар. Алматы. Жазушы - 1985 . – 241 б.
8. Д. Кішібеков Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. - Алматы: Ғылым - 1999. – 200 б.
9. Аристотель. Сочинения. М.: Изд. Мысль, 1976. Т. 1. – 550 с.
10. Кант И. О педагогике // Кант И. Трактаты и письма. М.: Педагогика - 1980. – 210 с.
11. Фихте И.Г. Избранные сочинения. М.: 1961. – Т. 1. - 369 с.
12. Шиллинг Ф.В. Система трансцендентального идеализма: Избран. Соч. – М.: 1907. - 457 с.
13. Избранные философские произведения. В 2-х томах. Т. 2. М.: 1996. - 546 с.

3.28. Болашақ педагог-психологтарды кәсіби өзін-өзі жүзеге асыруға даярлау мәселесінің зерттелу дәрежесі

Гүлнар Кенесбекқызы Шолпанқұлова[1]
[1]п.ғ.к., профессор м.а.
Жанар Кудабаевна Дуйсебаева[2]
[2]7М01103 – «Педагогика және психология»
1 курс магистранты,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Әлеуметтік ғылымдар факультеті, әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану кафедрасы (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан)

Аннотация

Бұл мақалада болашақ педагог-психологтарды кәсіби өзін-өзі жүзеге асыруға даярлау мәселесінің зерттелу дәрежесі қарастырылады. Осы мәселені

зерттеген ғалымдар еңбектеріне талдау жасай отырып, кәсіби өзін-өзі жүзеге асырудың мәні ашып көрсетіледі.

Түйін сөздер: *кәсіби өзін-өзі анықтау, кәсіби өзін-өзі жүзеге асыру.*

Степень изученности проблемы подготовки будущих педагогов-психологов к профессиональной самореализации

Гульнар Кенесбековна Шолпанкулова[1]
[1]к.п.н., и.о. профессора
Жанар Кудабаевна Дуйсебаева [2]
[2] магистрант 1 курса
[2]7М01103 – «Педагогика и психология»
Евразийского национального университета им. Л.Н.Гумилева,
Факультет социальных наук, кафедра социальной педагогики и самопознания (г. Нур-Султан, Казахстан)

Аннотация
В данной статье рассматривается степень изученности проблемы подготовки будущих педагогов-психологов к профессиональной самореализации. На основе анализа работ ученых, которые изучали эту проблему, раскрывается сущность профессиональной самоопределении и самореализации.

Ключевые слова: *профессиональное самоопределение, профессиональная самореализация.*

The Degree of Knowledge of the Problem of Preparing Future Teachers-Psychologists for Professional Self-Realization

Gulnar K. Sholpankulova[1]
[1]Candidate of Pedagogical Sciences, Acting Professor
Zhanar K. Duisebayeva[2]
1st year undergraduate
[2]7M01103 - «Pedagogy and psychology»
L.N. Gumilov Eurasian National University, Faculty of social Sciences, Department of social pedagogy and self-knowledge
(Nursultan, Kazakhstan)

Annotation
In this article is studied the degree of knowledge of the problem in preparing future teachers-psychologists for professional self-realization. Based on the analysis of the work of scientists who studied this problem, the essence of professional self-determination and self-realization is revealed.

Key words: *professional self-determination, professional self-realization.*

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар:

оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді [1].

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Орта және жоғары білім берудің оқу жоспарларының бағыттылығы мен басымдықтарын оларға тәжірибелік машықтарға үйрету бойынша және тәжірибелік біліктілікке ие болу бағдарламаларын қосып, өзгерту» - қажет екенін көрсетті [2].

Қазіргі уақытта білім беру мекемелері үшін педагог-психологтардың тиімді жұмыс жасау әрекетін бағалаудың ортақ стандартының болмауы, кадр даярлау жүйесінде жеткілікті деңгейде қарастырылмауы, т.б. мәселелер назар аудартады. Осы жағдай, әсіресе, қосымша білім беру мекемелерінің өзіндік ерекшелігіне байланысты, яғни, вариативтілігімен, көп бейімділігімен, білім алу үрдісіндегі баланың таңдау еркінділігі, жеке ерекшелігіне сай уақыт бөлінуі, білім беру бағдарламасының мазмұны мен қарқындылығы, маман құрамымен (суретшілер, спорт, музыка, т.б сияқты арнайы педагогикалық және психологиялық білімі жоқ мамандарын қоса алғанда) ерекшеленеді. Қалыптасқан жағдай педагог-психологтарды өзін-өзі бақылауды күшейтуге және өзінің кәсіптік қызметінде өзін-өзі реттеу қажеттілігіне әкеледі.

Осыған байланысты, кәсіби қызмет тиімділігінің негізгі өлшемі – өзін-өзі жүзеге асыруды қазіргі қосымша білім беру тәжірибесінде қажет етеді. Тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруындағы мәселелерді К.А. Абульханова-Славская, Е.Е. Вахромов, Л.А. Коростылева, С.И. Кудинов, Д.А. Леонтьев және т.б. көптеген зерттеу жұмыстарын жасаған. Педагог-психологтардың кәсіби тұрғыдан өзін-өзі жетілдіруін Л.А. Коростылева, А.К. Маркова, Л.М. Митина, Ю.П. Поваренков В.Д. Шадриков секілді ғалымдар өз еңбектерінде қарастырған. Аталған авторлар педагог-психолог кәсібінің нағыз маманы болу үшін тұлғалық факторларға көп көңіл бөлген, ал білім беру және қосымша білім беру мекемелерінде кәсіби өзін-өзі жүзеге асыру мәселесі жеткілікті зерттелмеген.

Зерттеу мәселесі бойынша әдебиеттерді теориялық және салыстырмалық талдау нәтижесі педагог-психологтардың өзін-өзі анықтау, рефлексия, кәсіби өзіндік дамуға дайындық сияқты жеке факторлармен кәсіби өзін-өзі жүзеге асыруының өзара байланысын анықтаудың қажеттілігін көрсетеді. Соның ішінде, кәсіби өзін-өзі анықтау тұлғаның пәндік-еңбек ортасына қатынасын қалыптастыру үрдісі және онда өзін-өзі таныту тәсілі, ол құндылық бағдар мен ұстанымға, кәсіп туралы түсініктің қалыптасу деңгейіне, өзін-өзі бағалауды дамыту деңгейіне, қабілеттеріне, икемділігіне және қызығушылығына, кәсіби мотивацияның даму деңгейіне, тұлғалық ерекшеліктеріне, әлеуметтік

ортасына, нақты өмірлік жағдайына (отбасылық қатынас, денсаулық, материалдық қамтамасыздандырылу, т.б.) байланысты.

Кәсіби өзін-өзі анықтау кәсіби-еңбек саласына қатынасын қалыптастыру үрдісі және оны тұлғалық және әлеуметтік-кәсіби қажеттіліктердің үйлесуіне сай өздігінен жүзеге асыру тәсілі ретінде белгіленеді. Кәсіби өзін-өзі анықтау адамның барлық өмірін және еңбек жолын қамтиды және сондықтан өмірлік өзін-өзі анықтаудың маңызды құраушысы ретінде қарастырылады, яғни қоғамның әлеуметтік құрылымындағы белгілі бір білім алу орны, әлеуметтік топқа кіру, еңбек әрекеті мен кәсіпті таңдау саласы [3].

Психологияда (Л.И. Божович, Д.И. Фельдштейн, т.б.) тұлғалық өзін-өзі анықтау мәселесі ұзақ уақыт зерттелініп келеді. И.С. Конның пікірінше, «кәсіби өзін-өзі анықтау жеке өмірлік стилді қалыптастыру; тұлғалық талап-тілек пен еңбек жүйесіне сай қабілетті ескере отырып, шешім қабылдау сияқты міндеттерден тұратын көпқырлы және көпсатылы үрдіс [4].

Психологиялық анықтамалық сөздікте кәсіби өзін-өзі анықтау - бұл тұлғаның болашақ еңбек әрекетін таңдау туралы шешім қабылдау үрдісі, адамның өмір жолындағы маңызды оқиға. Ол тұлғаның өткен тәжірибесімен ғана емес, болашаққа созылатын «Мен» бейнесін қалыптасуымен байланысты. Кәсіпті таңдау бойынша шешімді қабылдауда, іс-әрекетті табысты орындауда өзінің жауапкершілігін саналы түсінудегі және өзінің қабілеттерін жүзеге асырудағы тұлғаның белсенді әрекеті (М.И. Дьяченко, Л.А. Кандыбович) [5].

Психологтар кәсіби өзін-өзі анықтаудың негізгі екі: кәсіби бағыттылығын қалыптастыру және кәсіпті таңдау шешімін қабылдау қызметтерін бөліп көрсетеді. П.А. Шавир «кәсіби өзін-өзі анықтаудың негізгі мазмұны кәсіби бағыттылықты қалыптастыру», - деп есептейді. Ол табысты кәсіптік таңдауды қамтамасыз ететін тұлғалық факторлардың екі тобын бөліп көрсетеді. Бірінші топ кәсіптік таңдау мәселесін табысты шешуді қамтамасыз етеді, бірақ бұл үрдіске тікелей қатыспайды. Екінші топ кәсіби өзін-өзі анықтау үрдісінің дамуына әсер ететін тұлғаның бағыттылық компоненттерін құрайды: кәсіби өзін-өзі анықтауға сұранысы, оқу және кәсіби қызығушылық пен қабілеттілік, сенім мен ұстаным, сонымен бірге іс-әрекеттің белгілі бір түріне бейімділігін қамтамасыз ететін тұлғаның бағыттылығының жалпы ерекшеліктері [6].

Т.В. Кудрявцев, В.Ю. Шегурова «тұлғаның кәсіби өзін-өзі анықтауының мазмұндық сипаты өзіне кәсіби іс-әрекеттің субъектісі ретінде қарым-қатынасын қалыптастыруы», - деп тұжырымдайды [7].

А.К. Маркова «кәсіби өзін-өзі анықтау қоғамда салыстырмалы қалыптасқан кәсіби шеберліктің өлшемдеріне сай адамның өзін-өзі жүзеге асыруы», - деп сипаттайды [8].

Е.М. Борисова кәсіби өзін-өзі анықтауды кәсіптік даму тұрғысынан талдай отырып, тұлғаның кәсіби іс-әрекетте өзінің қабілеттері мен жеке-

психофизиологиялық мүмкіндіктерін толық пайдалану негізінде өзін-өзі іс жүзінде жүзеге асыру үрдісі ретінде түсінеді. Ол кәсіби өзін-өзі анықтауға нақты сипаттама береді, ондағы үш фазаны бөліп көрсетеді: таңдап алыған кәсіпке психологиялық даярлығын қалыптастыру; бұл таңдауды жүзеге асыру; кәсіптік білім алу; жеке стиль және кәсіби іс-әрекет құралдары негізінде кәсіби шеберлікті меңгеруі, іс-әрекетті дамытуға шығармашылық үлес қосуы кәсіби тәжірибені басқа адамдарға беру [9].

Кейбір зерттеушілер кәсіби дамудың бөлігі және ұзақ үрдіс ретінде өзін-өзі анықтаудың келесі қызметтерін белгілейді: кәсіпке және өзіне маман ретіндегі қатынасын қалыптастыру; кәсіби іс-әрекетте өзін-өзі жүзеге асыру; болашақ кәсібі мен кәсіби іс-әрекетін орындаудың мәнін түсінуі; іс-әрекеттің өзіндік жеке стилін қалыптастыру. Кәсіби өзін-өзі жүзеге асыру үрдісін зерттеу бағыттары мен тұғырларының көптүрлілігі оның құрылымы жөнінде сан алуан нұсқалардың пайда болуына мүмкіндік туғызады. Демек кәсіби өзін-өзі жүзеге асыру өзін-өзі анықтау үрдісінің бөлігі, тұлғаның әлеуметтенуімен тығыз байланысты болғандықтан, психологиялық және әлеуметтік сипаттағы факторлар қатары әсер етеді.

Кәсіби өзін-өзі анықтаудың келесі факторлары бөліп көрсетіледі: әлеуметтік жағдай, жағымды үлгерім, территориялық фактор (В.В. Водзинская, С.Н. Иконников, В.Т. Лисовский); әлеуметтік жағдайлар, локалды фактор – тұрғылықты жер, формалды немесе формалды емес топтар мүшесі (М.Х. Титма); кәсіпті таңдау жасы, жастардың ақпараттану және талаптану деңгейі (И.С. Кон). Бірқатар ғалымдардың (Э.Ф. Зеер, С.Н. Чистякова, И.Н. Захарова) көзқарастары бойынша, жалпы және аймақтық факторлар топтары бар: жалпы факторларға мазмұны қоғамның экономикалық құрылымына (адам өмірінің әлеуметтік-экономикалық жағдайлары, қоғамдық ұйымдар, қоғамның рухани мәдениеті, бұқаралық ақпарат құралдары, насихат және т.б.) байланысты макроорта факторлары жатқызылады; аймақтық факторларға мемлекеттің нақты амйғының экономикалық және демографиялық даму ерекшеліктері (жоғары, орта және кәсіптік – техникалық оқу мекемелерінің жүйесі; отбасының мәдени-білімдік және кәсіптік деңгейі; бос уақытты өткізу формасы және т.б.) жатады [10].

Жалпы алғанда, кәсіби өзін-өзі жүзеге асырудың құрылымы**:** кәсіби өзін-өзі анықтауға қатысушының тұлғасы мен жеке даралығы; сыртқы және ішкі іс-әрекеттері (өзінің қабілеттерін, мүмкіндіктері мен тұлғалық белгілерін бағалау бойынша рефлексивті әрекеті, сонымен бірге оны жүзеге асыру бойынша нақты әрекеті); болжамдық әрекеті (мақсаты, жоспары, кәсіптің мәртебесіне, беделіне қатынасы); әлеуметтік енуі (қоғамның талаптары, еңбек нарығына бағдарлану біліктілігі, кәсіптің әлеуметтік-экономикалық жақтарын талдау біліктілігі, т.б.) компоненттерден тұрады. Кәсіби өзін-өзі жүзеге асыру адамның

өзіне қатынасының өзгеруіне және бұл қатынастың өлшемдерінің өзгерісіне қарай адамның еңбек әрекетінің барысына созылады.

Қорыта келгенде, кәсіби өзін-өзі жүзеге асыру кәсіби таңдау жағдайында субъектінің дербестігіне; тұлғаның ішкі құрылымын қалыптастыру және оны іс-әрекетте тиімді пайдалануға; өзін профессионал ретінде бағалаудың ішкі өлшемдерін дайындауға; еңбек әрекетінде тұлғалық мәнін табуға ықпал ететін үрдіс деп тұжырымдауға болады. Болашақ педагог-психологтардың кәсіби өзін-өзі жүзеге асыруына білім беру ортасын қабылдау түрінің әсерін анықтауды талап етеді. Қосымша білім беруде әлеуметтік педагогтардың кәсіби өзін-өзі жүзеге асыруының түрлі кезеңдерінде сапалық және сандық өзгерістерінің динамикасын зерттеу маңызды деп саналады. Сондықтан да кәсіби өзін-өзі жетілдіруді қарастыруда оның факторлары мен динамикалық үрдістері болашақ маманның тәжірибесіне, педагогикалық стажына байланысты болады. Ол ары қарай қосымша білім беруде өзін-өзі жүзеге асыру феноменін тереңірек түсінуге, сонымен бірге болашақ кәсіби іс-әрекетінің тиімділігін бағалауға, болашақ педагог-психологтарды кәсіби өзін-өзі жүзеге асыруға ықпал ететін іс-шаралар кешенін дайындауға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 27.07.2007 ж., № 319-III ҚРЗ. Астана. Ақорда.
2. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы (2012 ж. 14.12.). – Астана, 2012.
3. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Педагогика / Жалпы редакциясын басқарған Е. Арын. - Павлодар: "ЭКО" ҒӨФ. 2006. - 482 б.
4. Кон И.С. Психология ранней юности. - М.: Просвещение, 1989. - 254 с.
5. Дьяченко М.И., Кандыбович Л.А. Психологический словарь-справочник. – М.: Харвест, 2007. – 332 с.
6. Шавир П.А. Психология профессионального самоопределения в ранней юности. - Тюмень, 2000. 116 с.
7. Кудрявцев Т.В., Шегурова В.Ю. Психологический анализ динамики профессионального самоопределения личности // Вопр. психологии. 1983. № 2. - С. 53.
8. Маркова А.К. Психология профессионализма. - М., 1996 – 308 с.
9. Борисова Е.М. Профессиональное самоопределение: личностный аспект. Автореф. док. пед. наук. – М., 1995. – 45 с.
10. Зеер Э.Ф. Психология профессий. – Екатеринбург, 1999. 104 с.

3.29. Әлеуметтік педагогтардың дарынды балалармен жұмысының ерекшеліктері

Гүлнар Кенесбекқызы Шолпанқұлова[1]
[1]п.ғ.к., профессор м.а.
Дамира Жүзбайқызы Торғауыт[2]
[2]7М01823 – «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану»,
1 курс магистранты,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Әлеуметтік ғылымдар факультеті, әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану кафедрасы (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан)

Аннотация
Бұл мақалада әлеуметтік педагогтардың дарынды балалармен жұмысының ерекшеліктері қарастырылады. Осы мәселені зерттеген ғалымдар еңбектеріне талдау жасай отырып, дарындылықтың мәні ашып көрсетіледі.
Түйін сөздер: *дарынды бала, дарындылық, әлеуметтік-педагогикалық қолдау, психологиялық қолдау.*

Особенности работы социального педагога с одаренными детьми

Гульнар Кенесбековна Шолпанкулова[1]
[1]к.п.н., и.о. профессора
Дамира Жузбаевна Торгауыт[2]
[2] магистрант 1 курса
7М01823 – «Социальная педагогика и самопознание»
Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева,
Факультет социальных наук, кафедра социальной педагогики и самопознания (г. Нур-Султан, Казахстан)

Аннотация
В данной статье рассматриваются особенности работы социального педагога с одаренными детьми. На основе анализа работ ученых, которые изучали эту проблему, раскрывается сущность одаренности.
Ключевые слова: *одаренный ребенок, одаренность, социально-педагогическая поддержка. психологическая поддержка.*

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында мемлекеттік саясат негізінде ең алғаш рет «Әр баланың қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы және адамның дарындылығын таныту» сияқты өзекті мәселелер енгізіліп отырғаны белгілі [1].

Демек, дарынды балаларды анықтау, дамыту және оларға қолдау көрсету қазіргі білім саясатының басым міндеттерінің бірі. Сондықтан дарындылықты анықтауда адам қабілеттерінің даралық

ерекшеліктерінің негізге алынуы шарт, сонымен қатар оларды әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық қолдау қажет.

Тұлға дарындылығының ерте көрінуі қазіргі өзекті мәселенің бірі. Тәжірибеде психикалық даму жылдамдығына байланысты дарындылықтың ерте байқалуы көрініс береді. Мамандардың пікірінше, өте қарқынды даму кезеңі 2-5 жас аралығы деп есептелінеді. Осы жас кезеңінде адамның негізі қаланады, қабілеттің бірінші байқалуы іс-әрекет түрлеріне еріксіз ұмтылуынан байқалады. Ерте дарындылық мысалы ретінде «вундеркинд – таңқаларлық бала» мағынасындағы балаларды алуға болады. Олар қандай да бір іс-әрекет түрлерінде табысқа жетуде (музыка, сурет, ән айту, ерте әріп тану, оқу, санау, т.б.).

Бұл дарындылық феноменінің көпөлшемділігін көрсетеді, оны зерттеуде «балалар дарындылығы» категориясының ғылыми түсінігін нақтылау қажет.

«Дарындылық» ұғымының мәнін түсіндіру «қабілет» түсінігімен байланысты. Қабілеттілік адамның жеке басына тән белгілі бір іс-әрекетті орындауда жетекші рөл атқаратын ерекшелік, белгілі бір тәсілді шешудегі шапшаңдықтың, терендіктің және тұрақтылықтың көрініс беруі.

Дарын - адам бойындағы асқан талант, ерекше қабілет, ал дарындылық - бала бойындағы алғырлық, зеректік. Адамның әртүрлі іс-әрекеттер аймағына қажет білім, білік, дағдылар бірлігін жеңіл әрі нәтижелі меңгеруді қамтамасыз ететін қабілеттер ерекшелігін дарындылық деп аталады. Ол әрбір адамның ақыл-сана, оқу, шығармашылық, көркем-өнер, тұлғааралық қарым-қатынас түзу ерекшеліктерінен байқалады.

Тарихқа көз жіберсек, дарындылық мәселесі туралы идеялар сонау ежелгі грек философтары (Платон, Аристотель, Сократ) еңбектерінен бастау алып, одан кейінгі орта ғасыр ойшылдары (Әл-Фараби, т.б.), ағартушылар (А. Құнанбаев, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, т.б.) еңбектерінде жалғасын тапқан.

Ы. Алтынсарин «Табиғи ақыл өзін қоршағанды құшағына ала алса, оны дамытып, өзі көрмегенді де танып білуге мүмкіндік жасайтын тек қана өркениетке жетелейтін озық білім» деп, бала дарындылығын туа біткен кездегі қасиетін дамыту негізімен байланыстырған [2].

М. Дулатов «Туысында қанша зеректік болса да ғылымсыз, тәрбиесіз кемеліне жетпейді. Кімде-кім өзін табиғатында не нәрсеге шеберлік барлығын сезініп, өз жолына түссе ғана, көзге айнытпай сала білсе, жақсы жазушы да адамның ішкі сырын, мінезін, әдетін бұлжытпай көрсете біледі, оқығанда – көріп тұрғандай боласын» - деп, дарындылықтың бір қыры зеректік екендігін ашып көрсеткен [3].

Ж. Аймауытов «Неғұрлым баланың қабілеті мен талантын дамытуға көңіл бөлінсе, соғұрлым оны толық ашуға мүмкіндік туады. Бала бойындағы ерекше қасиеттерді, оған жақын жасы үлкендер жігерін ескеру қажет» - деп тұжырымдаса [4], ал М. Жұмабаев жеке тұлға

тәрбиесін интеллектуалды қабілетпен тығыз байланыста қарастырған, баланы оқыту мен тәрбиелеу жолдарын жан-жақты саралаған [5].

Белгілі бір іс-әрекетке сәйкес дарындылықтың мынадай түрлері бөліп көрсетіледі: кәсіптік, түрлі деңгейдегі интеллектуальдық, эстетикалық, хореографиялық, әдеби-ақындық, музыкалық, лидерлік, т.б. Шетелдік ғалымдар интеллектуальдық (академиялық); көркемдік, шығармашылық (креативтілік); модерлік немесе әлеуметтік психомоторлық немесе спорттық дарындылық түрлерін бөілп көрсетеді.

Сонымен бірге қарастырылып отырылған мәселені зерттеуге шетелдік ғалымдар (Г. Мелхорн, Х. Мелхорн, Дж. Гилфорд, Т. Мейснер); Ресей психологтары (А.М. Матюшкин, В.С. Юркевич, Б.М. Теплов, В.Э. Чудновский, Ю.Д. Бабаева, Т.Г. Мороз, Г.Л. Парфенова, Г.В. Тарасова) және Қазақстандық зерттеушілер (У.Б. Жексенбаева, Л.М. Нарықбаева, т.б.) өз үлестерін қосты.

Н.С. Лейтес ақыл-ой теориясына сүйене отырып, дарынды балаларды үш санатқа бөліп көрсетеді: 1) кез-келген шарттардағы ерекше жоғары ақыл-ой дамуының деңгейіндегі балалар (мектепке дейінгі және кіші мектеп жасындағылар); 2) арнайы ақыл-ой дарындылығының белгілері байқалатын балалар (математика, әдеби, музыка, т.б.) (орта жастағылар); 3) әлеует және «жасырын» дарындылыққа байланысты танымдық белсенділігі және ой-ерісі терең балалар (жоғарғы мектеп жасындағылар) [6].

Дж. Рензулли «дарындылық жоғары интеллектілік, креативтілік және нәтижеге жетудегі ынталылық байланыстарының үйлесімділігі, осы үш қасиеттің біреуі болмаса, адам дарын ретінде қалыптаспайды. Интеллектіліктің жетіспеуінен адам жақсы нәтижеге жете алмайды» - деп тұжырымдайды [7].

Ү.Б. Жексенбаева дарындылықты анықтаудың әдістерін бөліп көрсетеді: арнайы психометриялық тест; баланы бақылаудың түрлі тәсілдері (оқу және оқудан тыс әрекеттерінде, зертханалық жағдайларды); арнайы бағдарлама аясында сынақ сабақтарын өткізу; педагог тарапынан оқушының іс - әрекеті мен мінез - құлқын эксперттік бағалау; әртүрлі зияткерлік жарыстар, байқаулар, олимпиадалар т.б. өткізу; оқушы шығармасының туындыларын эксперттік бағалау; арнай психодиагностикалық тренинг; т.б. [8]

Л.А. Галкина дарынды балаларды қамтитын, қауіпті топтардың барлық санаттарымен нәтижелі жұмыс істей алатын әлеуметтік педагогтардың теориялық және практикалық даярлығын жетілдіруге қойылатын талаптарды қарастыра отырып, дарынды балалармен жұмыс жасау саласында олардың кәсіби және жеке дайындығының қанағаттанарлықсыз деңгейін, критерийлер бойынша арнайы зерттеулердің жеткіліксіздігін және осы санаттағы балалармен жұмыс жасауға дайындық деңгейлерін айқындайды [9].

Дарынды балаларды оқытудағы ғылыми көзқарас (А.И. Савенков), шығармашылық пәнаралық дайындық тұжырымдамасы және жалпы

дарынды балаларды оқыту мен дамыту жүйесі оның негізінде құрылды, дарындылықтың негізгі құрылымдық компоненттері және оның дамуы - дарындылықтың триадалық теориясы (Дж. Рензулли), дарындылық тұжырымдамасы (П. Торренс), дарындылықтың интегралдық құрылымы (А.М. Матюшкин), жас дарындылығы теориясы (Н.С. Лейтс), дарынды баланы психологиялық-педагогикалық қолдау, оқыту, дамыту және әлеуметтену тұжырымдамасы (Э. Ландау, Н.И. Паню, т.б.), дарындылықтың негізгі компоненттері, дарынды балаларды дамыту және тәрбиелеу туралы әртүрлі көзқарастарды көрсете отырып, дарынды балалары бар мұғалімдердің жұмыс ерекшеліктері туралы бұрын жинақталған ғылыми білімдерді жүйелеуге мүмкіндік берген; мұғалімнің субъективтік қасиеттері туралы ұғымдар (Н.В. Кузьмина, А.К. Маркова), мұғалімнің тұлғалық үлгілері (Б.Г. Ананьев, К.К. Платонов, А.И. Щербакова), мұғалімнің жеке картасы (Ф.Н. Гоноболин, т.б.).

Көрсетілген теориялар мен тұжырымдамаларды талдау негізінде балалардың дарындылығы әлеуметтендіру нәтижесінде дамып келе жатқан, оқыту үрдісінде және әлеуметтік ортамен өзара әрекеттесуде процесінде осы жастағы басқа балалармен салыстырғанда өте жоғары деңгейде нәтижелерге қол жеткізу әлеуеті бар жеке тұлғаның сапасы болып табылатыны нақтыланады. Бұл ретте жалпы білім беретін мектепте оқу және оқудан тыс үдерісте балалардың осы категориясымен жұмыс істеу үшін арнайы жағдайлар жасау талап етіледі.

Демек дарындылық әлеуметтік құбылыс, өйткені, адамның іс-әрекетінің әлеуметтік салада жетістіктерге жетуі. Әлеуметтік ортаның (әлеуметтік-экономикалық қатынастар, қаржылық қамтамасыздандыру, әлеуметтік күнделікті тіршілік шарттары, т.б.) дарындылыққа әсері жөнінде көптеген зерттеулер баршылық. Соның ішінде, дарындылықтың дамуында жанұя, оның құрылымы мен эмоциялық аймағы, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас стильдері, т.б. өте маңызды,

Қазіргі уақытта балалардың қабілеттерін дамытуға, мектепке дейінгі, мектеп, орта кәсіптік мекемелер мен жоғары оқу орындарында дарындылықты дамытуға жағдай туғызуға бағытталған әртүрлі бағдарламаларды әзірлеуге және қолдануға ерекше көңіл бөлінуде. Бұл әлеуметтік институт ретінде білім беру міндеті болып табылады.

Бүгінде елімізде «Дарынды балалар» бағдарламасы республикалық деңгейде жүзеге асырылуда, оның мақсаты дарынды балаларды анықтау, дамыту және оларға әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық қолдаудың бірыңғай мемлекеттік жүйесін құру үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету болып табылады.

Қорыта келгенде, жоғарыдағы ғалымдар еңбектерінде жасалған талдау болашақ әлеуметтік педагогтарды дарынды балалармен жұмыс істеуге кәсіби және жеке дайындығын қалыптастыру мәселесін

зерттеуді талап етеді. Дарындылық ақыл-ой дамуының жоғары деңгейі ғана емес, сонымен қатар жеке тұлғаның дамуына бағытталған кейбір ішкі талап-мақсаттар. Дарындылықтың қалыптасу деңгейлерін ғалымдар екі топта қарастырады: өзекті дарындылық - бұған қабілеттілігі қалыптасқан белгілі іс-әрекетте өз жетістігін байқата алатын, әлеуметтік ортада, үлкен сында жоғары көрсеткішті иемдене алатын балаларды жатқызуға болады; әлеуеттік дарындылық - баланың жалпы психикалық мінез-құлқында белгілі бір қабілеті бар, бірақ ол еш жерде байқалмайды, сондықтан жағдай жасағанда ғана нәтижелі болады.

Сонымен әлеуметтік педагогтың дарынды балалармен жұмыс жасаудағы негізгі мақсаты заман талабына сай бәсекеге қабілетті, білімді, іскер, еркін ойлау жүйесі дамыған, адамгершілігі жоғары, логикалық тұжырым жасауға бейім жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады, дарынды балалармен жұмыс жасаудағы бағыт оқу бағдарламасын тереңдетіп оқыту және оқушының танымдық белсенділігін дамыту арқылы жүзеге асырылады.

Сондықтан болашақ әлеуметтік педагогтардың бүгінгі қоғам талабына сәйкес кәсіби, соның ішінде дарынды (жағымды ауытқуы бар) балалармен жұмысқа дайындығын қалыптастыруға мүмкіндік жасаудың қажеттілігін талап етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. http://adilet.zan.kz/.
2. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. – Алматы, 1994. – 285 б.
3. Дулатов М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1991. – 381 б.
4. Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы 4 том. Психология / ред. алқасы С. Қирабаев, М. Базарбаев; т.б. – А.: Ғылым, 1998. – 448 б.
5. Жұмабаев М. Педагогика. - А.: Ана тілі, 1992. – 256 б.
6. Лейтес Н.С. Психология одаренности детей и подростков / Под ред. Н.С. Лейтеса. – М.: Академия, 1996. – 416 с.
7. Рензулли Дж. Модель обогащающего школьного обучения: практическая программа стимулирования одаренных детей // Основные современные концепции творчества и одаренности. – М.: Молодая гвардия, 1997. - С. 214-241.
8. Жексенбаева Ү.Б. Научно-педагогические основы управления системой работы с одаренными детьми в Республике Казахстан: Дисс... канд. пед. наук. – Алматы, 1999. – 149 с.
9. Галкина Л.А. Подготовка социального педагога в вузе к работе с одаренными детьми младшего школьного возраста: дисс... канд. пед. наук. – Волгоград, 2015. – 215 с.

3.30. Әлеуметтік серіктестік - үздіксіз білім беру жүйесіндегі стратегиялық ресурс

Гүлнар Кенесбекқызы Шолпанқұлова[1]
[1]п.ғ.к., профессор м.а.
Айгүл Құдайбергенқызы Садықова[2]
[2]8D01823 – «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану»
1 курс докторанты.
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Әлеуметтік ғылымдар факультеті, әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану кафедрасы (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан)

Аннотация
Бұл мақалада әлеуметтік серіктестіктің мүмкіндіктерін үздіксіз білім беруді дамытудың көрсеткіші ретінде талқыланады. ЖОО-дағы кәсіби педагогикалық білім беру саласында әлеуметтік серіктестік оқыту кластерінің интеграциялық механизмін қамтиды.
Түйін сөздер*: әлеуметтік серіктестік, өзара әрекеттесу, кластерлік тұғыр, білім кластері, білім беру жүйесі, кооперациялық процесс.*

Социальное партнерство - стратегический ресурс непрерывного образования

Гульнар Кенесбековна Шолпанкулова[1]
[1]к.п.н., и.о. профессора
Айгуль Кудайбергеновна Садыкова[2]
[2] докторант 1 курса
[2]8D01823 **–** «Социальная педагогика и самопознание»
Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева,
Факультет социальных наук, кафедра социальной педагогики и самопознания (г. Нур-Султан, Казахстан)

Аннотация
В данной статье возможности социального партнерства анализируется как показатель развития непрерывного образования. Социальное партнерство в сфере профессионального образования в вузах охватывает интеграционный механизм обучающего кластера.
Ключевые слова: *социальное партнерство, взаимодействие, кластерный подход, система образования, кооперационный процесс.*

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына жолдауында: **«**Білім беру ісінде 4К моделіне: креативтілікті, сыни ойлауды, коммуникативтілікті дамытуға және командада жұмыс істей білуге басты

назар аудару қажеттілігін ерекше атап көрсетуі білім беру жүйесінің алдына көптеген міндеттер жүктейді [1].

Бұл міндеттер бүгінгі таңдағы экономика, саясат, әлеуметтік-мәдени саланың дамуындағы жаңа стратегиялық бағдарлар мен өзгерістердің динамикалық сипаты басымды бағыттардың бірі ретінде кәсіби-педагогикалық мамандарды дайындаудың сапасын арттыру мәселесін өзектендіреді.

Сондықтан әлеуметтік серіктестік жұмыс берушілерді, кәсіподақты, жұмыспен қамту қызметін, жоғары оқу орындарын, сондай-ақ білім беруді басқару органдарын біріктіреді, олар жұмыс берушілер мен еңбек нарығының талаптарын толық есепке алуға мүмкіндік береді.

Осыдан әлеуметтік серіктестіктің мақсаты мемлекеттің, жұмыс берушілердің және өндірістік қызметкерлердің қызығушылықтарын теңгерімділігіне бағытталған еңбек саясаты мен әлеуметтік-экономикалық серіктестік жақтар өкілдерінің бірлескен жоспарын дайындау және жүзеге асыру болып табылады.

Педагогикалық білімді жаңарту үрдісі негізінде заманауи қоғамның талабы жоғарғы оқу орындарында болашақ бакалавр педагогтарды дайындау барысында жаңа деңгейдегі әлеуметтік сұраныстарға сәйкес іс жүргізіп, тиесілі мақсаттарды игеру мүмкіндігінің әлсіздігі болашақ әлеуметтік педагог мамандарды дайындау бағдарламасын ұсынып, онда бірнеше маңызды өлшемдерді ескеруді қажет етеді.

Сондықтан, болашақ әлеуметтік педагогтардың білім алуының бастапқы кезеңінен бастап жоғарғы оқу орны арнайы әлеуметтік ұйымдармен серіктестік құру негізінде білім мен тәжірибені ұштастыра жетілдіруге басты назар аударды. Өйткені, қоғамда қалыптасқан білім беру жүйесінің реформалар арқылы өзгеріске енуі барысындағы жаңаша талаптар мен бағдарламалар қайшылықтарды айналып өте ала алмай келеді. Жоғары оқу орындарының мақсаты әлемдік талаптарға сай мобильді, жаңаны қабылдауға бейім, креативті, сыни ойлай алатын, поликоммуникативті кәсіби құзыретті, болашақта еңбек ететін ұйымдардың талаптарына толығымен сай болатын мамандарды дайындау қажеттілігін туындатады.

Жоғары оқу орнында педагогикалық мамандықтарды, соның ішінде болашақ әлеуметтік педагогтарды даярлауға қойылатын талаптарды орындаудың маңызды шартының бірі - болашақ әлеуметтік педагогтарды әлеуметтік серіктестік жағдайында дайындауды сүйемелдеу технологиясы болып табылады.

Кәсіби білім берудегі әлеуметтік серіктестік пәнаралық феномен. Тарихқа көз жіберсек, болашақ маман тұлғасын қалыптастыру жөніндегі идеялардың сонау ежелгі философтар Сократ, Платон, Аристотель еңбектерінен бастау алып, орта ғасыр ойшы әл-Фараби және т.б., сондай-ақ ағартушылар А. Құнанбаев, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов және т.б. еңбектерінде жалғасын тапқанын көреміз, олардың болашақ

әлеуметтік педагогтарды әлеуметтік серіктестік жағдайында дайындауда алатын орны ерекше.

Әлеуметтік серіктестік әлеуметтік құбылыс ретінде демократияның дамуымен байланысты қоғамдық тәжірибе. Білім беру саласындағы және кәсіптік білім берудегі әлеусметтік серіктестік мәселесінің негізгі бағыттары мен стратегиясы қалыптасқан (П.Ф. Анисимов, Н.С. Александрова, А.В. Борилов, Е.Я. Бутко, В.Ю. Выборнов, А.Т. Глазунов, В.С. Гринько, Л.Г. Гуслякова, Л.В. Емельянова, Н.В. Зыков, Е.А. Корчагин, Н.З. Камалиев, Л.А. Каменщикова, А.А. Костин, В.А. Луговский, М.В. Никитин, М.В. Оборин, О.Н. Олейникова, А.А. Скамницкий, И.П. Смирнов, Е.В. Ткаченко және т.б.).

Білім беру саласындағы әлеуметтік серіктестердің міндеті айқын: жоғары оқу орны - кәсіби даярлауды ұйымдастырушы; жұмыс берушілер - бітіруші түлектердің еңбек және әлеуметтік кепілдемесі; мемлекеттік органдар - барлық серіктестердің іс-әрекетіне келісім жасаудың құқықтық-нормативтік мүмкіндіктерін қамтамасыздандырады.

Кәсіби білім беру жүйесінде әлеуметтік серіктестік білім беруді модернизациялаудың стратегиялық бағыттарының біріне саналады, бұл процестің барлық қатысушыларының мүдделерін барынша үйлестіруге және ескеруге бағытталған оқу орындары мен жұмыс берушілер, мемлекеттік және жергілікті билік органдары, қоғамдық ұйымдар арасындағы қазіргі заманғы қарым-қатынас түрі.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «бірлескен оқыту» түсінігі мемлекеттің, жұмыс берушілердің және оқу орындарының жауапкершілігіне негізделген оқытуды ұйымдастырудың бір нысаны ретінде, сондай-ақ «Кәсіптік білім беру саласындағы әлеуметтік серіктестік» жаңа бабы енгізілді. Онда мамандарды даярлауда, кәсіптік практиканы ұйымдастыруда және оларды жұмысқа орналастыруда жұмыс берушілердің өзара әрекеттесуінің негізгі бағыттары, өндірушілерден мамандарды даярлау процесіне жұмыс берушілерді тарту және түлектердің кәсіби дайындығын бағалау қарастырылған [2].

Білім берудегі әлеуметтік серіктестік өзара әрекеттесу субъектілерінің теңдігіне баса назар аударуды білдіреді, бұл оны әлеуметтік институттардың, топтардың, жеке тұлғалардың өзара мүдделерін еркін білдіруге және оларды үйлестірудің және жүзеге асырудың тиімді тәсілдерін табуға, өзара әрекеттестік нысаны ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

«Өзара әрекеттесу» түсінігі институттар, әлеуметтік топтар, жеке адамдар арасындағы «сапалық әр түрлі қызмет түрлерінің, әлеуметтік ұстанымдар мен рөлдерде әр түрлі қатынастардың тұрақты тасымалдаушысы ретінде» мазмұнын білдіреді. Билік, жұмыс берушілер, оқу орындары қызмет барысында өзара әрекеттер жасайды,

қоғамдық келісімге қол жеткізеді және оның нәтижелері үшін өзара жауапкершілікте болады.

Әлеуметтік серіктестіктің заманауи аспектісі әр серіктестің өз жұмыс орнының нақты анықтамасын және қызметкерлердің топтық әлеуметтік жауапкершілігінің және жалпы қоғам алдындағы барлық әлеуметтік топтардың үлесін қамтиды. Отандық және шетелдік зерттеушілердің пікірінше, бұл дәл XXI ғасырдың белгісіне айналған серіктестіктің бағыты.

Ғалымдардың пікірінше, әлеуметтік серіктестікке жақын ұғымның бірі желілік өзара әрекеттестік болып табылады, оны мекеменің ақпараттық, инновациялық, әдістемелік, кадрлық, материалдық-техникалық, қаражаттық ресурстардың интеграциясы мен кооперациясы негізіндегі білім беру әрекетін ұйымдастыру тәсілі ретінде анықтайды [3].

«Әлеуметтік серіктестік» ұғымы әртүрлі мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың, сондай-ақ жеке тұлғалардың саланың алдында тұрған нақты мәселелерді шешуге бағытталған бірлескен іс-шараларға қатысуы ретінде қарастырылады [4].

Көптеген авторлар әлеуметтік серіктестікті «өзінің табиғаты және әлеуметтік міндеті бойынша мәмілеге келу тәсілі деп есептейді. В.Н. Якимец зерттеуінде серіктестік әлеуметтік мәселелерді шешу үшін ұйымдардың екі немесе үш секторының конструктивтік өзара әрекеттестігі ретінде сипатталады, онда тұтас алғанда белгілі бір территорияда және оның әрқайсысы үшін «пайдалы» жүзеге асырылуына мән беріледі [5].

Э.В. Четошникова, О.А. Брылева «желілік өзара әрекеттесу» маманға өзін-өзі жүзеге асырудың барлық кезеңдеріндегі өз мүмкіндіктерін түсіну аясын кеңейту арқылы, белгілі бір жағдайға балама және тиімді мінез-құлықты анықтап, өзіне сәйкестілікке қол жеткізуге көмектесуді білдіреді [6].

Серіктестік әлеуметтік өмірдің ерекше саласы ретінде білім беру жүйесінде бастамашылық етеді. Әлеуметтік серіктестік азаматтық қоғамды құру жолы, әлеуметтік элементтердің, яғни әртүрлі әлеуметтік топ өкілдері бірлесіп бөлінген іс-әрекеті, оның нәтижесі осы іс-әрекетке қатысушылардың жағымды тиімділігі болып табылады.

Білім берудегі серіктестікті түсіндірудің бірнеше тұғырлары қалыптасқан:

- мектептің отбасымен серіктестігі тұрғысында серіктестік отбасы мен білім беру ұйымдарының арасындағы өзара қарым-қатынас жүйесі ретінде қарастырылады. Бұл тұғырды зерттеушілердің пікірінше, балаларды оқыту, тәрбиелеу, дамыту және олардың әлеуметтік-мәдени ортасында екі жақтың да қызығушылығы негізінде қалыптасатын субъектілердің теңқұқылы өзара әрекеттестігі ұжымдық келісім-шартты орындауда және мәмілеге келуде адамгершілік жауапкершілігін, еріктілігі мен еркіндігін сезінуді сипаттайды [7];

- серіктестік білім беру ұйымдары мен қоғамның ынтымақтастық формасы ретінде анықталады, соның ішінде «әлеуметтік-педагогикалық серіктестік білім беру сапасын арттыру мақсатындағы әртүрлі әлеуметтік топ өкілдерінің білім беру мекемелерімен әлеуметтік-ұйымдастырылған бірлескен іс-әрекетін сипаттайды [8];

- серіктестік «бірегей әрекет стратегиясын» қамтамасыз ететін субъектілердің диалогтық қары-қатынасында құрылған әлеуметтік серіктестіктің көптүрлілігі [9].

Жоғарыдағы мәселені шешуде білім беру ұйымдарының мемлекеттік-дербес серіктестеріне ерекше орын беріледі. Педагогтар, білім алушылар мен олардың ата-аналары, білім беруді басқару органдары, мемлекеттік билік органдары, жұмыс берушілер (кәсіпорын, салалық ассоциациялар, жеке меншік серіктестер), қоғамдық ұйымдар серіктестік ретінде қатысады.

Бүгінгі таңда білім беру саласын дамыту мақсаттарына қол жеткізуде өзара тиімділікті, үздіксіздікті, ынтымақтастықты, өзара қатысуды көрсететін кластерлік тәсілдің маңыздылығы артуда.

Сондықтан білім беру кластерін мелекеттік-дербес серіктестіктің тиімді формасы ретінде қарастырылуы қажет. Бұл кластер білім беру қызметін психологиялық-педагогикалық қолдау барысында іске асыруға мүмкіндік туғызады. Біз кәсіби оқыту кластерін құрылымдық компонет деп қарастырамыз, және педагогикалық ұжымның үздіксіз тренингтердің ең басты шарты болашақ оқытушының дамуына тікелей ықпал жасайды.

Білім кластерімен бірлесе отырып жұмыс жасайтын білім ұйымдарының әлеуметтік серіктестіктері бірқатар артықшылықтары бар: олар механизмдердің сыннан өткізілуін қамтамасыз етеді; оқыту үдерісінің пәні университет, мектеп, балаларңға арналған қосымша оқыту ұйымдары, оқытушылардың кәсіби біліктілігін арттыратын орындар мен өзара әрекеттестіктің әдістері мен формалары; педагогикалық білімнің көмекші нұсқасы мен құрылымдық мазмұны оқу кластерінің барлық пәндерге қызығушылығы; білім ұйымдарының желілік әрекеттесу негізінде оқушылар мен студенттерге арналған кең ауқымды элективті курстар мен арнайы мамандардырылған курстарды өткізу; оқушылар мен студенттердің әр түрлі біріккен шығармалышық, ғылыми жобалар мен мектеп пен университеттік ғылыми іс-шараларға қатысу мүмкіндіктері;

Ғалымдардың пікірімізше, әлеуметтік серіктестік жүйесіндегі педагог ұжымының кәсіби дамуының моделін енгізу “университет - мектеп - кеңейтілген білім - мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыратын мекемелер” келесі жүйелерден тұрады: (а) оқыту практикумының жүйесі; (ә) білім жүйесінің дамытудағы тұрақты семинарлар; (б) оқыту қиыншылықтарына бағытталған семинарлар, ғылыми-практикалық конференциялар; (в) әр түрлі бағыттағы әдістемелік қоғамдар network; (г) тақырыпқа байланысты әдістемелік апталар және әдістемелік

күндер; (д) педагогикалық шеберлік мектептері; (ж) дөңгелек үстелдер, мастер сыныптар, педагогикалық конференциялар; (з) әдістемелік кеңестер (жеке, топтық) [10].

Жалпы орта білім беру мекемелерімен қатар ЖОО-ын өзара әрекеттесу моделін жетілдіру жайында Г.А. Мелекесов және Н.Е. Эрофеева әрекеттесудің келесі заңдылықтарын көрсетеді: (1) білім институттарты негізінде қабілеттердің дамытып, мүмкіндіктерін таңдаудағы жайдарылық заңдылығы; (2) икемділік заңдылығы, білім ұйымдары мен әлеуметтік орта арасында байланысты нығайтатын икемділік; (3) мекемелерде ішкі және сыртқы өзіндік оқыту траэкториясын құру мақсатында білім ұйымдарының тұрақтылық заңдылығын құру; (4) білім ұйымдарының жақын мерзімді келешектеріне бағытталған қолжетімділік заңдылықтары, және оқушылар мен ата-аналарға кең көлемде қолжетімділік; (5) білім ұйымдарының мәдени орта, қоғам және аймақ орналасқан ортаны қолдануды қолдайтын мәдени келісімділік заңдылығы; (6) өзін-өзі дамыту мен дарынды балалардың мінез-құлқын дамыту, ересектер мен балаларға арналған бірлескен ұйымдар, және өзара әрекеттесу диалогтары негізінде құрылған серіктестік заңдылықтары [11].

Осылайша, әлеуметтік серіктестік сенім, ортақ мақсаттар мен құндылықтар, волонтерлік және ұзақ мерзімді қатынастар арқылы педагогикалық білім жүйесінің даму басқармасының нағыз әлеуметтік механизмі болып табылады.

Қорыта келгенде, кәсіби білім берудегі әлеуметтік серіктестіктің үш негізгі категориясын анықталады: жұмыс берушілер (салалар), жұмысшылар қауымдастықтары (кәсіподақтар, үкіметтік емес ұйымдар) және мемлекеттік басқару органдары, соның ішінде жұмыспен қамту қызметі.

Әлеуметтік серіктестік әлеуметтік бейбітшілікті қамтамасыз ету, жұмыс берушілер мен жұмысшылар мүдделерінің оңтайлы тепе-теңдігін сақтау және азаматтық қоғамның тұрақтылығын қамтамасыз ету мәселелерін шешуде тиімді.

Әлеуметтік серіктестіктің мақсаты жұмысшылар мен жұмыс берушілердің құқықтары тең дәрежеде жүзеге асырылатын қолайлы жағдайлар туғызуға және жұмысшылар мүдделерінің мемлекеттік кепілдіктерін орнатуға бағытталған еңбек қатынастарын және олармен тікелей байланысты басқа қатынастарды реттеу бойынша жұмысшылар мен жұмыс берушілердің мүдделерін үйлестіру болып табылады. Әлеуметтік серіктестіктің негізгі қағидаттары - шешімдердің айқындылығы.

Әлеуметтік серіктестіктің негізгі қағидаттары: тараптар өкілдерінің өкілеттілігі; тараптардың тең құқықтары; талқыланатын мәселелерді таңдау еркіндігі; ерікті міндеттеме; тараптардың мүдделерін құрметтеу; ұжымдық шарттардың міндетті түрде орындалуы; тараптардың, олардың өкілдерінің келісіммен қабылданған міндеттемелерді өз

кінәлары бойынша орындамағаны үшін жауаптылығы; әлеуметтік серіктестікті нығайтуға және дамытуға мемлекетке көмек.

Сонымен, Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік серіктестік келесі міндеттерді шешуге бағытталған: әлеуметтік, еңбек және байланысты экономикалық қатынастарды реттеудің тиімді механизмін құру; қоғамның барлық секторларының мүдделерін объективті ескеру негізінде әлеуметтік тұрақтылық пен қоғамдық келісімді қамтамасыз етуге жәрдемдесу; жұмысшылардың еңбек саласындағы құқықтарының кепілдіктерін қамтамасыз етуге, оларды әлеуметтік қорғауды жүзеге асыруға жәрдемдесу; барлық деңгейдегі әлеуметтік серіктестік тараптары арасындағы консультациялар мен келіссөздер процесінде көмек көрсету; ұжымдық еңбек дауларын шешуге көмектесу. Білім беруді саралау және жекелендіру білім беру ұйымдарының инновациялық ресурстарын құруға мүмкіндік беретін және бірегей білім беру ортасын құруды қамтамасыз ететін интеграциялық және кооперациялық процестердің алғышарты болып табылады. Бұл процестер білім беру үдерісіне қатысушылардың күштерін және ресурстарын біріктіруге мүмкіндік беретін білім беру саласын басқарудың жаңа тұғырларын іздестірудің қажеттілігін негіздейді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың **«**Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Қазақстан халқына жолдауы. 2018 жылғы 5 қазан. www. akorda.kz.

2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (2018.04.07. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен). - Астана: Ақорда, 2018 жылғы 4 сәуірдегі № 171-VI ҚРЗ.

3. Глушанок Т.М. Социальное партнерство как средство повышения качества профессионального образования // Современные проблемы науки и образования. – 2008, № 6. – С. 80-83

4. Ананьина Ю.В. Образовательная среда: развитие образовательной среды среднего профессионального образования в условиях сетевой кластерной интеграции / Под общ. ред. В.И. Блинова. – Москва: Аванглион-принт, 2012. - 152с.

5. Якимец В.Н. Межсекторное социальное партнёрство. М., 2004. - 384 с.

6. Брылева О.А., Григоричева И.В., Четошникова Е.В. Наука и инновации: потенциальность системы образования в высшей школе// Инновационное развитие науки: приоритеты, ресурсы и перспективы: Материалы международной научно-практической конференции (Семипалатинский государственный педагогический институт, 24–26 марта 2011 г.). - Семипалатинск, 2011.

7. Одинец Н.Г. Формирование экологического сознания подростков в условиях партнёрства школы с семьёй: Дис. … канд. пед. наук, Иркутск, 2006. – 136 с.

8. Никольская О.Д. Организация социально-педагогического партнёрства как фактора повышения качества дошкольного образования: Автореф. дис. … канд. пед. наук: Челябинск, 2007. – 167 с.

9. Корсунов А.В. Управление региональной системой подготовки кадров на основе социального партнёрства: Дис. … канд. экон. наук. СПб.: 2000. – 211 с.

10. Залялова А.Г. Региональная модель подготовки педагогических кадров в условиях образовательного кластера: автореф. дис. канд. пед. наук. – Казань, 2010. – 24 с. – URL: http://leb.nlr.ru/edoc/354549/ (дата обр.: 23.11.14).

11. Мелекесов Г.А., Ерофеева Н.Е. Образовательный кластер подготовки педагогических кадров // Вестник ОГУ. – № 3 (164). - 2014. – С. 84–88.

3.31. Феномен тревожности сквозь психоаналитическую призму

Эльнур Торегельдиевна Курманалиева
кандидат педагогических наук, доцент кафедры «Психология и педагогика» Таразского государственного университета имени М.Х. Дулати (г. Тараз, Казахстан)
Зарина Болатовна Исаева
магистрант Таразского государственного университета имени М.Х. Дулати (г. Тараз, Казахстан)

Аннотация
В данной статье рассматриваются психоаналитические представления о таком понятии как тревожности, а также описание причин и следствий данного психологического феномена.
Ключевые слова: *тревожность, тревога.*

Статья посвящена актуальному на сегодняшний день вопросу – тревожности. Тревожность является одной из наиболее распространенных проблем психического здоровья, возникающих в клинической практике сегодня и, вероятно, одна из самых непонятых. О том, как строились представления о данном психологическом понятии, восприятие и понимание тревожности выдающимися психоаналитиками, будет исследовано в данной статье. Значительное внимание уделяется анализу причин и следствий тревожности.

Психоаналитические представления понятия о тревожности

Вопрос тревожности занимает центральное место в психоанализе. Одним из первых, кто сделал попытку объяснить природу тревожность, был З. Фрейд. Согласно учению Фрейда, определенные переживания, имевшие место в жизни человека:

действия, импульсы, мысли или воспоминания, – мучительно болезненные или порождающие сильную тревогу вытесняются из сознания, а те силы, которые привели к вытеснению произошедшего из памяти, мобилизуются, препятствуя их восстановлению в сознании [1. 355 с.]. Здесь действует физиологический механизм, близкий к механизму «охранительного» торможения, когда торможение при сверхсильном возбуждении защищает кору от излишнего перевозбуждения, и именно поэтому резкие аффективные переживания, мучительные и неприемлемые для субъекта, активно тормозятся, «вытесняются» из сознания, забываются субъектом [2. 127 с.]. Когда вытесненные идеи грозят вырваться на сознательный уровень, они могут снова вызвать тревогу, и поэтому подавляются вновь. В результате человек переживает нескончаемый подсознательный конфликт. В основе вытеснения решающее значение имеет сильная тревога [1. 357 с.]. В своих вводных лекциях по психоанализу Фрейд различал два вида тревоги: “реалистическую тревогу“, то есть страх реальной опасности, и то, что он называл “невротической тревогой”, которая проистекает из внутренних психических конфликтов. Он также сказал, что тревога может быть заменой почти любому чувству, которое трансформируется или разрядится в форму тревоги [3. 449 с.]. То есть, всякое проявление тревожности сводится к организации психологической защиты, и это можно выразить формулой: «Нет страха и тревоги – нет защитных механизмов». Возникновение в развитии различных страхов и тревог стимулирует онтогенез разновидностей защитных механизмов. При этом страх и тревога побуждают человека включать механизмы защиты неосознанно, и только потом они начинают действовать сознательно и целенаправленно. В одной из последних работ Фрейд определил защиту как общее наименование всех тех механизмов, которые будучи продуктами развития и научения, ослабляют диалектически единый внешне – внутренний конфликт и регулируют индивидуальное поведение. Тем самым она связывается с такими функциями психики, как уравновешивание, приспособление и регуляция [4. 37 с].

Карен Хорни в своих работах усматривает основу сущности человека во врожденном чувстве беспокойства. Младенец рождается с этим чувством. Выходя из утробы матери, он начинает чувствовать себя неуютно на органическом уровне и затем всю жизнь. Чувство беспокойства фиксируется и становится внутренним свойством. Беспокойство порождает желание избавиться от него. Все, что человек делает, – это трансформация чувства беспокойства. Оно является основной мотивацией его поступков. Коренная тревога – заставляет человека стремиться к безопасности [5. 36 с.]. Также Хорни проводит сравнение между страхом и тревожностью. Страх – реакция, пропорциональная наличной опасности, а тревога является несоизмеримой реакцией на воображаемую опасность. Страх и тревога

– адекватные реакции на воображаемую опасность, но в случае страха опасность очевидна, объективна, а в случае тревоги она скрыта, субъективна. Интенсивность тревоги пропорциональна тому смыслу, который для данного человека имеет данная ситуация [6. 156 с.]. Следует выделить то, что тревога позволяет личности в трудных и угрожающих ситуациях реагировать защитными способами. Вытеснение можно рассматривать как первичный, исходный защитный механизм, который избавляет человека от мучительного для него переживания тревоги. Но достаточно часто вытесненные мысли и побуждения не удается удержать на подсознательном уровне, и вместе с ними наружу прорывается и тревога, которая с ними связана. Вследствие этого начинают действовать различные дополнительные защитные механизмы, функция которых – укрепление «плотины», которая сдерживает запрещенные импульсы. Среди них – замещение, рационализация, реактивное образование, проекция, регрессия, сублимация и изоляция (интеллектуализация) [1. 360 с.]. Вытеснение зависит от наличия угрозы «Эго» (основная угроза самооценке), а не от простой неприятности или угрозы. Дальнейшие исследования показали: когда причина вытеснения (угроза «Эго») исчезает, то вытесненное содержание возвращается в сознание. Если угроза устранена, то для вытесненного материала становится безопасным возвращение на уровень осознания [7. 423 с.].

Основная проблема человеческого существования заключается в том, чтобы справиться со страхом и тревожностью, которые возникают в самых разных ситуациях. Поэтому ликвидация этих психологическими образований – это наиболее мощный критерий эффективности действия защитных механизмов.

А. Адлер в своей индивидуальной теории личности рассматривал тревогу в качестве симптома невроза, а последний понимал достаточно широко - как диагностически неоднозначный термин, охватывающий многочисленные поведенческие нарушения. «Невроз – это естественное, логическое развитие индивидуума, сравнительно не активного, эгоцентрически стремящегося к превосходству и поэтому имеющего задержку в развитии социального интереса, что мы наблюдаем постоянно при наиболее пассивных, изнеженных стилях жизни» [7. 192 с.]. Больные неврозами – это люди, вы бравшие неправильный стиль жизни в основном по причине того, что в раннем детстве они или пере носили физические страдания, или их чрезмерно опекали и баловали, или их отвергали. При таких условиях дети становятся повышено тревожными, не чувствуют себя в безопасности и начинают развивать стратегию психологической защиты, чтобы справиться с чувством неполноценности. Жизнь больного неврозом сопряжена с чувством постоянной угрозы самооценке, ощущением неуверенности и повышенной чувствительности [7. 195 с].

В зависимости от того, какую школу психоаналитической мысли вы спросите, вы получите разные точки зрения на этот вопрос. Тем не менее, одна общая черта заключается в том, что, как и любой другой симптом из психоанализа, симптом тревоги понимается как имеющийся бессознательный смысл, специфический и уникальный для человека, который в котором проявляется.

Изучение тревожности в психологической науке

Что такое тревожность? Тревожность – склонность человека к переживанию тревоги [8. 136 с.], то есть такое эмоциональное состояние, которое возникает в ситуациях неопределенной опасности и связанное с ожиданием отрицательного хода событий. Тревожность выражается в постоянном ощущении угрозы собственному «я» в любых ситуациях [9. 473 с.]. В теории дифференцированных эмоций утверждается, что феномен тревожности сложен и состоит из доминирующей эмоции страха, взаимодействия страха с одной или несколькими другими фундаментальными эмоциями – страхом, гневом, виной, стыдом и интересом. Тревожность включает потребностные состояния и биохимические факторы. Можно выделить формы тревожности в зависимости от комбинации входящих в нее аффектов. Синдром тревожности может различаться у отдельных индивидов, например, страх – вина или страх – стыд – вина, страх – страдание, страх – гнев, страх – страдание – гнев, однако доминирующей эмоцией является страх [10. 236 с.].

Многие известные специалисты в области психоанализа и психиатрии, такие как Зигмунд Фрейд, Карл Юнг, Карен Хорни и Мелани Кляйн утверждали, что причиной тревожности является взаимодействие субъективного восприятия происходящих событий, эмоциональной зрелости и вегетативных явлений [5. 93 с.].

Анализируя литературу, посвященную вопросу тревожности, кажется, что тревожность является синонимом слова «страх», несмотря на родство между этими понятиями в них достаточно особенностей, чтобы различать эти понятия. Обычный пример тому, мать, обнаружившая у своего ребенка высыпания или боль в руке, боится того, что ее ребенок умрет от этих симптомов, тут мы имеем дело с тревожностью. Но если мать боится за жизнь своего ребенка, у которого серьезное заболевание, тот это можно назвать страхом. Поскольку условия, порождающие тревогу неизвестны – тревога являясь эмоциональной реакцией, рассматривается как «беспредметная» Особенностью тревоги является то, что интенсивность эмоциональной реакции на стрессовую ситуацию непропорционально выше величины объективной опасности. В случае же страха интенсивность эмоциональной реакции пропорциональна величине опасности, вызывающей ее [11. 134 с.]. Страх есть реакция на определенную опасность, тогда как тревожность рассеянна, неспецифична, беспредметна. Каждый человек испытывает

тревожность в определенной степени. В области психологии хорошо доказано, что умеренные уровни тревожности на самом деле полезны и способствуют обучению, решению проблем и производительности. Однако, когда тревога становится слишком высокой, учитывая наши ресурсы и способности, чтобы справиться со стрессорами и изменения в окружающей среде, она становится подавляющей и может вызвать негативные последствия. Постоянное чувство тревоги является следствием внутриличностного конфликта.

В психоаналитических источниках тревогу связывают с детским страхом наказания и страхом быть брошенным матерью. Если исходить из того, что все комплексы и все внутренние противоречия зарождаются в детском возрасте, отсюда мы берем исток и для тревожности. Практически все исследователи соглашаются с тем, что определенные ситуации или события, способные привести к фиксации страхов в детском возрасте, находят отражение в поведенческих и личностных реакциях в дальнейшей жизни индивида. В первоначальном объяснении понятия тревожности Фрейд не учитывал фактора Эго и межличностных отношений в среде развития личности. Фрейд предполагал, что ребенок направляет свое либидо на мать. Но нереализованное либидо в результате трансформируется в тревогу [12. 205 с.]. Исходя из данных предположений о природе тревожности детей и строились терапевтические отношения со взрослыми пациентами. Понимание причин появления тревожности помогало осознать ее и найти альтернативные пути, которые облегчали травматический детский опыт.

А.М. Прихожан рассматривает тревожность как переживание эмоционального дискомфорта, предчувствие грозящей опасности. Тревожность – устойчивое личностное образование, сохраняющееся на протяжении достаточно длительного периода времени. Она имеет собственную побудительную силу и константные формы реализации в поведении с преобладанием компенсаторных и защитных проявлений. Возникновение и закрепление тревожности связаны с неудовлетворением ведущих возрастных потребностей ребенка, которые приобретают гипертрофированный характер. Доподросткового возраста тревожность является производной широкого круга семейных нарушений. В подростковом возрасте обсуждаемый конструкт приобретает форму устойчивого личностного образования, опосредуясь при этом особенностями «Я – концепции», отношения к себе. Механизм закрепления и усиления тревожности представляется как «замкнутый психологический круг», ведущий к накоплению и углублению отрицательного эмоционального опыта, который, порождая в свою очередь негативные прогностические оценки и определяя во многом модальность актуальных переживаний, способствует увеличению и сохранению тревожности [13. 12 с.].

По мнению Карен Хорни очевидным признаком тревоги является ее иррациональность. Для некоторых людей сама мысль о том, что какие-то иррациональные факторы могут руководить ими, является совершенно непереносимой. Так что они не потерпят на сознательном уровне наличия каких-либо иррациональных моментов. Кроме индивидуальных мотивов это последняя реакция, которая хранит в себе влияние культурного фактора, считает Хорни, так как культура производит большое воздействие на поведение и рациональное мышление [14. 145 с.]. Хорни описывает тревожность как адекватную реакцию на опасность, которая может быть скрытой и субъективной.

То есть интенсивность тревожности равна и пропорциональна тому, какой смысл для определенного человека имеет та или иная ситуация. Следствия тревожности человеку, в сущности, не известны.

Обнаружения тревожности многообразны. Она проявляется и в виде неясного чувства, и в форме приступов паники или страха. Тем не менее многие время от времени ощущают и испытывают тревожность. Изучение данного понятия актуально уже на протяжении длительного времени, и до сих пор является темой вызывающей споры и разногласия. Ясно одно, тревожность является эмоциональная реакция на что-то волнующее личность, и вопрос тревожности в рамках психоанализа достаточно индивидуален. Однако анализ помогает осознать тревожность и проложить тропу к причине ее возникновения, через интерпретацию снов и свободные ассоциации.

Таким образом, тревожность будет правильно рассматривать как феноменологическое образование, обусловленное множеством причин, особенно произошедших в детском возрасте. Наиболее важным в изучении тревожности является ее взаимосвязь с детскими переживаниями и влияние этого фактора на дальнейшее развитие индивидуума.

Список использованной литературы:

1. Глейтман Г., Фридлунд А., Райсберг Д. Основы психологии / под ред. В.Ю. Большакова, В.Н. Дружинина. СПб.: Речь, 2001. 1247 с.
2. Лурия А.Р. Лекции по общей психологии. СПб.: Питер, 2004. 320 с.
3. Фрейд З. Введение в психоанализ. пер. с нем. Г.В. Барышниковой. – Москва: Издательство АСТ. (Эксклюзивная классика). – 2017. – 544 с.
4. Психологическая диагностика индекса жизненного стиля (пособие для врачей и психологов) / под ред. Л.И. Вассермана. – СПб.: ПНИ, 1998. – 54 с.
5. Илюсизова С.М. Общая и юридическая психология: Учеб. пособие. – Алматы: АЮ – ВШП «Әділет», 2005. – 196 с.
6. Хорни К. Невротическая личность нашего времени. Самоанализ. М.: Айрис-пресс, 2004. 464 с.

7. Хьелл Л., Зиглер Д. Теории личности. СПб.: Питер Ком, 1998. 608 с.
8. Словарь для начинающего психолога. 2-е изд. / Под ред. И.В. Дубровиной. – СПб.: Питер, 2009. – 160 с.
9. Бреслав Г.М. Психология эмоций: учеб. Пособие для вузов. М.: Академия: Смысл, 2004 – 541 с.
10. Изард К.Э. Психология эмоций. СПб.: Питер, 1999. 464 с.
11. Левитов Н.Д. Психическое состояние беспокойства, тревоги // Вопр. психологии. 1969. № 1. С. 131-137.
12. Фрейд З. Психология бессознательного. – М., 1989. – 296 с.
13. Прихожан А.М. Причины, профилактика и преодоление тревожности // Психологическая наука и образование. 1998. № 2. С. 11-17.
14. Хорни К. Невротическая личность нашего времени. Самоанализ. М.: Айрис-пресс, 2004. 464 с.

3.32. Психолог-маман бойындағы кәсіби қасиеттер

Улмекен Жамирова
Педагогика ғылымдарының кандидаты, М.Х. Дулати атындағы
Тараз мемлекеттік университетінің «Психология және педагогика»
кафедрасының доценті (Тараз қ., Қазақстан)
Гүлжаз Батырбекқызы Әліпбекова
М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің
магистранты (Тараз қ., Қазақстан)

Бұл мақалада психолог маманның бойында кездесетін қажетті кәсіби қасиеттер жайлы айтылады. Сонымен қатар, ғалымдардың психологтардың кәсіби қасиеттері туралы тұжырымдамаларына сүйене отырып, маман бойындағы кәсіби қасиеттер ашылған.

«Қазіргі заманда жай ғана жаппай сауаттылық жеткіліксіз болып қалғалы қашан. Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс», - деп Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтып өткендей, әр адам үнемі дамып, жетіліп, үйреніп отыруы керек.

Қазақстан Республикасы білім беру заңында көрсетілгеніндей, адамзат құндылықтары, ғылым мен тәжірибе негізінде, жеке тұлғаны қалыптастыруға қажетті жағдайларды жасау - білім беру жүйесінің негізгі міндеті болып отыр. Кәсіби мамандарды дайындау мәселесін шешудің де жаңа жолдары қарастырылуда.

Кәсіби психолог - құзырлығы жоғары, әлеуметтік тұрғыдан жетілген, әдіс-тәсілдерді меңгерген, шығармашылықпен жұмыс істейтін, өзін-өзі кәсіби жетілдіруге ұмтылған маман. Психолог мамандығы,

зиялылар ішіндегі көп топтасқан мамандықтардың ірі тобына жатады. Білім беру жүйесінде педагогтар мемлекеттік қызметкерлер болып табылады. Психолог өз мамандығының сапасын, біліктілігін арттыруды психологиялық тұрғыдан қамтамасыз етуі үлкен рөл атқарады. Психологтың тың іс-әрекеті көбінде оның кәсіби шеберлігінің кеңістігіне қатысты, педагогикалық қарым-қатынас механизмдеріне, оқушылардың (студенттердің) психологиялық ерекшеліктерінің табиғатына да байланысты. Психологиялық іс-әрекеттің дамуының жоғары деңгейі мынада – психолог өзін-өзі дамыту механизмдерін қалыптастыруға мақсат қояды және оқушыларға (студенттерге) өз қабілеті бойынша даму бағыттарын ұштайды, кәсіби дамуды көздейді.

Психолог-маманның бойында болатын ерекше қасиеттерді қарастыру үлкен қызығушылық тудырады. Бұл проблема қазіргі отандық ғалымдардың еңбектерінде көрініс табады. Психолог мамандығын «Адам - адам» деген қызмет түріне жатқызу дұрыс болар еді. Бұл типтің өкілдері бірқатар ерекше қасиеттермен сипатталады: ең бастысы - тыңдай және ести білу, адамның ішкі әлемін түсіну, яғни «оны өзіңіздің аршинмен өлшеу емес»; гуманитарлық білім саласында өзіндік кең көзқарасы болу қажет, соның ішінде ерекше байқалатыны – сөйлеу (тілі) – ол түсінікті, жүйелі, анық, сөйлеу мазмұны түсінікті болуы керек; ақыл-ойдың өзіндік психикалық бағытын, адамның ақылы мен мінез-құлқына, сезіміне деген байқампаздығы, оның ішкі әлемін өзінің таныс тәжірибесі ретінде есептемей ойша көз алдына келтіру қабілеттілігі маңызды болып табылады. (Е.А. Климов, 1995; с. 176, 181).

Сондай-ақ, басқа адамға деген жанашырлық сезімі (жанашырлық таныту пен қуану), адамның мінез-құлқын байқау, жауапкершілік, ізгілік, шыдамдылық және мінез-құлықтың әртүрлі стандартты емес көріністеріне бейімділік – бұл қасиеттердің барлығы кәсіби психолог үшін де қажет. Сонымен қатар, психологқа шығармашылық ақыл-ой, адамдардың белгілі бір іс-әрекет салдарының түрлерін нақты ұсына білу қабілеттілігі, белгілі бір жеке тұлғаны, олардың арасындағы қақтығыстардың нәтижесін ескере отырып, неғұрлым тиімді болжай білуі қажет. Психолог өз білімін, дағдыларын үнемі жетілдіріп, ағымдағы қоғамдық оқиғалардан хабардар болуы тиіс. Басқа адамдарға өзінің мінез-құлқын, моральдық және құқықтық нормалармен қатаң сәйкестендіре білуі керек, бұл көптеген ғалымдардың айтуынша, оңай емес.

Ал, А.А. Деркач ерекше психологиялық ерекшеліктер (қасиеттер) кәсіби психиканың барлық компоненттерінің, яғни оның таңдаған қызметін орындауға мүмкіндік беретін психикалық процестердің, қасиеттерінің, жағдайының, білімінің қалыптасқандығын көрсетеді. Олардың өзіне тән ерекше сипаты психологтың табиғи ерекшеліктері ретінде, еңбек сипатымен, объектінің ерекшелігімен анықталады.

Ғалымдардың пікірінше, ойлаудың талдама-конструктивтік жүйесі мен пайымдау дербестілігі, зейінділік пен зеректік, эмоциялық-жігерлі

тұрақтылық пен шыдамдылық, күйзеліске төзімділік пен клиенттің өмірі мен еңбек жағдайындағы міндеттерді орындау факторлары және әртүрлі жағдайларға бейімделу қабілеті, сонымен қатар жеке мақсатты іс-шараларды жүргізу кезіндегі эмпатия мен рефлексия, жалпы психофизикалық белсенділік – осының барлығы ең маңызды психологиялық қасиеттерге жатады.

К.А. Рамуль «ғалымдар психологиясы, атап айтқанда, ғалым-психологтың психологиясы» туралы айта келе психологтар үшін арнайы қасиеттердің болу қажеттілігін жоққа шығарады. Ол: «Психолог үшін өзіндік ең маңызды немесе қажетті қабілеттіліктері туралы мәселені біз жоққа шығарамыз, қалай болғанда да бұл қазіргі психологтарға қатысты болмақ» дейді. Психолог-теоретик, осы автордың пікірі бойынша, басқа білім саласының зерттеуші-ғалымдары алған қасиеттерге ие болуы тиіс: өздігінен білім алу қабілеті, ұзақ уақыт бойы бір проблеманы шешумен шұғылдану қабілеті, салыстырмалы жоғары дарындылық дәрежесі; ынта, сын және өзін-өзі сынауға қабілеті, бейтарап және адамдармен қарым-қатынас жасай білуі (1965, с. 126).

Н.В. Бачманова мен Н.А. Стафурин (1985) арнайы қасиеттердің болуы туралы мәселе әлі де дау тудырып отыр. Ғалымдар мұндай қасиеттер психолог-тәжірибе қызметінің ерекшелігіне негізделіп пайда болады деген пікірді ұстанады. "Объектімен қарым-қатынас ерекшелігі психологтан тек эксперимент ретінде ғана емес, әңгімелесуші ретінде де көмектесуге қабілетті болу керек екендігін талап етеді. Егер ол сыналушының сеніміне ие бола алмаса және онымен байланысқа шыға алмаса ешқандай техникалық құралдар психологқа көмектесе алмайды".

Зерттеушілер бес блоктан тұратын шартты "қарым-қатынас таланты" деп аталатын белгілі бір қабілеттер кешенін ұсынады:

1) объектіні толық және дұрыс қабылдау қабілеті, байқампаздық, жағдайға қарай жылдам ыңғайлану, бейнелі сапалы талдау қабілеті;

2) субъектінің ішкі қасиеттері мен ерекшеліктерін түсіну қабілеті, оның рухани әлеміне кіру қабілеті, терең жалпы эрудицияға және адамгершілік бағытқа негізделген психологиялық интуиция;

3) зерттеушінің адамгершілікке және жоғары моральдық-этикалық деңгейіне негізделген қарым-қатынас жасау қабілеті, эмпатия, мейірімділік;

4) өзінің мінез-құлқына талдау жасау қабілеті, рефлексия, өзінің жеке тұлғасына және басқа адамдар тұлғасының қызығушылығына байланысты өзінің жеке мінез-құлқын талдау қабілеті;

5) Өзін-өзі басқару мен қарым-қатынас процесін басқару қабілеті, зейін қабілеті, тыңдау қабілеті, әдептілігі, қайырымдылық танытуы, байланыс орнату қабілеті, адамдардың сенімін туғызу және тілін табу, қобалжуды сейілте білу қабілеті, әзілді түсіне білу.

Қазіргі отандық психологияда тұлғаның кәсіби қалыптасу мәселелерін шешуге, жалпы оларды негіздеуге, сонымен қатар оның

жекелеген аспектілерін қарастыруға арналған, ең алдымен, еңбек психологиясы аясында көптеген жұмыстар бар (В.А. Бодров. 1991, Е.А. Климов. 1996, И.М. Кондаков. 1981, Т.В. Кудрявцев. 1988, Ю.П. Поваренков. 1991, Н.В. Тарабрина. 1988, А.М. Эткинд. 1987 және т.б.).

Сонымен қатар, "кәсіби қалыптасу" термині жасерекшелік психологиясы мен педагогикалық психологияда кеңінен қолданылады (Е.М. Борисова, 1974; О.Г. Вершловский, 1982; А.Б. Каганов, 1983; Е.А. Климов, 1995; Т.В. Кудрявцев, 1985; А.И. Щербаков, 1967 және т.б.).

"Кәсіби қалыптасу" ұғымының мазмұны туралы талдауларға көз жүгіртсек, бірқатар авторлар (С.Г. Вершловский, 1982; Т.В. Кудрявцев, 1985 және т. б.) аталған процесті кәсіби мақсаттарын қалыптастырудан бастап, өзінің толық кәсіби қызметін іске асырғанға дейінгі тұлғаның ұзақ даму процесі ретінде қарастырады.

Э.Ф. Зеер «Кәсіби қалыптасу – бұл кәсіби қызмет талаптарына сай жеке тұлғаның қалыптасуы және " өзара байланысқан кәсіби маңызды қызмет түрлері жүйесіндегі жеке тұлғаның прогрессивті дамуының динамикалық және үздіксіз процесі" деген қорытындыға келеді (1988, Б. 36).

Психологиялық әдебиеттерде адамның кәсіби қалыптасуы мен оны қызмет субъектісі ретінде қалыптастыру мәселелеріне көп көңіл бөлінеді. Бұл салада Б.Г. Ананьевтің (1974), Е.И. Борисованың (1974), А.В. Брушлинскийдің (1994), Е.А. Климовтың (1991), Т.В. Кудрявцевтің (1981) және т. б. жұмыстары ерекше қызығушылық тудырады.

Жалпы қабылданған ереже - бұл қызмет адамның кәсіби қалыптасуында шешуші рөл атқарады. Даралықтың «өзара қарым-қатынасы» тұлға мен қызметті дамытудағы шын ретінде өзара бейімделуінде, олардың құрылымдарын бейімдеуде көрінеді (нәтижесі қызметтің жеке стилі мен кәсіби маңызды қасиеттерін қалыптастыру, т.б. болып табылады).

Осылайша, бұл процесте кәсіби маңызды қасиеттерді, қабілеттерді, білім мен дағдыларды жай ғана өзектендіру ғана емес, кәсіби тұлғаның дамуы да орын алады. Бұл даму "индивидтің нақты және әдеттегі өмірлік, кәсіби жағдайларда айтарлықтай сенімді мінез-құлқын қамтамасыз ету" мақсатын көздейді, бұл жеке тұлғаның, атап айтқанда, болашақ қызмет түріне тән тұрақты белгілерін қалыптастыруды айқындайды". Осылайша, іс-әрекеттік факторлары тұлғаға қойылатын талаптар ретінде, оның дамуына түрткі болады, мінез-құлық пен қызметтің нақты формаларына неғұрлым сәйкес келетін оның ерекшеліктері мен қасиеттерін қалыптастырады (В.А. Бодров, 1991; 4-бет). Сонымен, жеке тұлғаны кәсіби қалыптастырудың заманауи отандық зерттеулері негізінен пәндік-іс-әрекеттік тәсіл негізінде жүргізіледі.

Т.В. Кудрявцев пен В.Ю. Шегурованың пікірінше, аталған жалпы ұстаным дәлелденген. Яғни, жеке тұлға алдымен оқу-кәсіптік, содан

кейін кәсіби қызметке қатыса отырып, өз кәсібі мен өзінің мүмкіндіктері туралы барабар идеяны игеріп қана қоймай, оларды белсенді дамытады. Кәсіби қызметтің субъектісі ретінде қалыптасып, өзіне деген көзқарасын қалыптастыра отырып, ол тұлға ретінде дамиды (1983, 53 б.).

А.К. Маркова «кәсіби қалыптасуды кәсіби процесс және кәсіби маман тұлғасының біртұтас, үздіксіз процесі анықтайды, бұл мамандық таңдау кезеңінен басталып, адамның бүкіл кәсіби өміріне дейін созылады және адам өзінің кәсіби қызметін тоқтатқанда ғана аяқталады», сонымен қатар «Кәсібилік, жалпы алғанда, бұл әлеуметтенудің бір жағы... Тұлға кеңістігі кәсіби деңгейге қарағанда кең» дейді (1986, с. 62-64).

Осыдан тұлғаның кәсіби қалыптасу процесінің біркелкі емес екендігін және оның әлеуметтену процесімен тығыз, ажырамас байланыста екенін көруге болады. Осы айтылған пікірлер негізінде бұл екі процесті әртүрлі жас кезеңдеріндегі қатынастарын ескере отырып, олардың өзара әрекеттесуін қарастыру қажет. Осыған байланысты кәсіби қалыптасу тұлға дамуының бір формасы ретінде қарастырылуы мүмкін. Бұдан біз «Адамның кәсіби қалыптасуы – белгілі бір кезеңі, сатысы бар ұзақ және динамикалық процесс» деп есептейтін авторлардың пікірін айтарлықтай нақты негізделген, әділ тұжырым екенін айтуға болады.

Психологиялық қызмет мамандары білім беру мекемелерінде оқуды жеңіл және тиімді етіп, жағымды эмоция қалдыруда үлесін тигізеді: өзін – өзі реттеу тәсілдерін үйретеді, хабарлама жасауға, реферат жазуға, конференцияларға қатысуға сөйлеу дағдыларын жетілдіруге тренингтер өткізеді, мазасызданудың, үрейдің, стресстің алдын алу шараларын ұйымдастырады. Психологиялық дайындықтан өткен адам өзін еркін және сенімді ұстап, ерекше ықыласпен, талпыныспен жұмыстанады. [3]

Осы тұрғыдан алып қарағанда еліміздегі Назарбаев зияткерлік мектептерінің жұмысында айтарлықтай оңды істер жүзеге асырылуда. Әрбір маманды танымал оқу орындарына біліктілігін арттыру курстарына, семинарларға, конференцияларға, жобалық жұмыстарға жіберіп, кәсіби жағынан шыңдалуға әсер етуде. Сыни тұрғыдан ойлап, жаңа тенологиялаларда жұмыстана алатын, құзыретті, артына ере білген баланы да жан – жақты дамытуға бағытталған біздің педагогтар нәтижелі жұмыстануда. «Сенің қолыңнан келеді», «Біз саған сенеміз», «Саған үміт артамыз» деген түрткі сөздердің өзі – ақ психологиялық ахуал қалыптастырудың бастамасы. Өз мектебімізде ұйымдастырылып отырған шетелдік әріптестер семинары, үштілділік саясаты, әлеуметтік жобаларға қатысуды бастама еткен келелі істер нәтижесін беруде. Ал енді біздің мамандар өзін «кәсіби тұрғыдан дайынмын ба?» деп психологиялық тұрғыдан сараға салуы әркімнің өз еншісінде болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кудрявцев Т.В. Исследование психологических особенностей профессионального становления. – М., 1988 – с. 1-13.
2. Зеер Э.Ф. Психология профессионального развития.
3. Жарықбаев Қ. Жалпы психология. А., 2001.
4. Елканов С.Б. Основы профессионального самовоспитания будущего учителя. – М., 2006.
5. Кан-Калик В.А. Педагогическое творчество. - М., 2000.
6. Мұқанов М. Жас және педагогикалық психология. А.,1982.
7. Основы педагогического мастерства / Под ред. И.А. Зязюна. - М., 2006.
8. Маркова А.К. Психология профессионализма - М., 1996. – 308 с.
9. Климов Е. А. Образ мира в разнотипных профессиях: Учеб. пособие. – М: Изд-во МГУ, 1995. – 224 с.

3.33. Основные требования к современному уроку в условиях обновления содержания среднего образования

Алия Тохтамысовна Арзиева
к.п.н., доцент, заведующая кафедрой «ИОиИТ»
ФАО «НЦПК»Өрлеу» ИПК ПР по г. Алматы
(Алматы, Казахстан)

Многим педагогам предстоит пересмотреть своё отношение к образовательному процессу. Какие бы требования мы не предъявляли к обучающимся и их родителям, главная нагрузка ложится на нас, учителей. Именно мы должны видеть позитивные изменения в сфере образования и готовить конкурентоспособную личность, владеющую всеми необходимыми знаниями, умениями и навыками. Мы должны по-новому взглянуть на наш урок, на подготовку к нему, помнить о том, что теперь мы призваны не давать готовые знания, а научить учащихся добывать их самостоятельно.

Сопылық көзқарастың алғашқы беделді авторларының бірі Әли әл-Хаджуридің айтуы бойынша пайғамбарымыз Мұхаммед былай деген көрінеді: «Сопылардың тілегін естіп, оған «әмин» демегендерга Алла разы болмайды». Бұл сөздерден біз Мұхаммед пайғамбардың сопылықпен байланысы бар деп ой түюімізге болады. Бұған оның жүрегінде сенімі бар кез-келген дін өкілдерін құрметтеуге шақырған сөздері де дәлел бола алады.

Сопылықты секта деп атауға болмайды, өйткені ол ешқандай да діни догмалармен байланысты емес. Бірақ сопылықтың өзінің мектебі, өздерінің ұстаздары болған.

Сопылық жол діни идеалдың көрінісі. Мұның арғы шығу тегі «Суфия» партиясы мен Ас-Сари-Ас-Сакати тобындағылар өз жұмысын тастап, дін шындығы мен Аллаға деген тазалығын , махаббатын білдіру үшін ел-жұрт, үй-ішін тастап, азап-қиыншылығы мол кезбелікті таңдап алады. Сол арқылы құдаймен табысуды мақсат етеді. Сопылықтың ірі өкілдерінің бірі- Әл-Жиһаз (255-869 жж.): «Дін ақыны, ең алдымен, сопы болу керек дей келіп, Мен де өзгелер секілді не айқай салушы ем, не қасида оқитын едім», - деген екен [1, 12]. Сопылықтың өзіне тән сипаттарын әртүлі әдеби шығармалар аша түседі. Бұл көзқарас туралы алғашқы әдеби туындылар б.з.д. II мың жылдықтан бастап пайда болған. Дегенмен де мұндай әдеби туындылардың көптеп пайда болуы біздің заманымыздың YIII- XYIII ғасырларына тура келеді [2, 5].

Сопылық Ислам дінінің аясында ұзақ уақыт бойы өркендеп дамығандықтан, шығыстық сипат алып кеткен. Бірақ, батыста да өздерін сопылармыз деп атамаса да, сондай көзқарастағы адамдар баршылық.

Сопылар әлеуметтік гармониядағы діни әдет-ғұрыпты қатты сыйлап, діни аңыздар мен әңгімелерді өте жоғарғы саналық деңгейде талқылайды.

Сопылық - тек сопылық әдістер арқылы ғана танылады. Атақты Роджер Бэкон: «Кез-келген нәрсені танудың екі жолы бар. Бірі - нақты дәлел арқылы болса, екіншісі - тәжірибе арқылы. Нақты дәлелдер біздің ойымызды қорытып, онымен келісуге әкелгенімен, адамның ойындағы күмәнді толығымен жоймайды. Ал тәжірибе арқылы сол нәрсенің дұрыстығына көз жеткізсек, ақылымыз ақиқатты мойындайды», - депті [3, 112]. Бұл сопылық теория батыста индуктивті дамудың ғылыми әдісі ретінде кеңінен танымал деген сөз.

Сопылық әдебиет танымның осы аталған екі жолына негізделген. Қоғамды қоректендіретін нәрсе ретіндегі сопылық сол ортада өзінен-өзі дамымайды. Ол міндетті түрде ұстаздар тарапынан таралып, дамиды, үйретіледі.

Табиғи құбылыс түріндегі сопылық мектеп елдің дәстүрлерінде із қалдырып, немесе антропологиялық қызығушылықтар үшін емес, адамдардың санасына қозғау салып, жүректеріне сүйіспеншілік сезімін ұялату үшін пайда болып дамиды да, кейіннен өз миссиясы біткеннен кейін жоқ болып кетеді. Осы тенденцияны ұстанған танымал сопы - ұстаз Джами: «Сақалға өсуге мүмкіндік берсе, ол шашпен таласады», - деген тұжырым айтады [1, 21].

«Мәдениеттің үш формасы бар: дүниеуи мәдениет, яғни қарапайым ғана ақпараттарды жинау, діни мәдениет - белгілі бір қалыптасқан заңдылықтар мен шарттарды орындау, таңдаулылар мәдениеті, яғни өзін-өзі дамыту», - депті атақты сопы Худжуири [1, 47].

Сол сияқты Эзоптың мысалдарында көртышқан туралы айтылған хикая бар. Онда кішкентай көртышқан анасына: - Мен көретін болдым, - деп жүгіріп келіпті. Бірақ көртышқандардың соқыр болатыны

баршамызға мәлім ғой. Анасы оны тексермек болып, қолына бір зат ұстап, не екендігін сұрайды. Ол: - Бұл тас, - деп жауап береді. Сонда анасы: - Сен тек көру қабілетіңнен ғана емес, иіс сезуден де айырылған екенсің,- депті. Сопылар өздеріне ұстаз санайтын Эзоптың бұл мысалында айтылған ойды сопылық дәстүрден хабары барлар мұнда астарлы мағына бар екендігін біледі. Көртышқан сөзінің арабшасы

«د ل ح**» (хулд)** жазылуда араб тіліндегі «**мәңгілік», «ақыл-ой», «жан**» сөздерімен түбірлес. Аталған сөздер бір түбірден тарайды. Мағынасын тек контекстке қарай ажыратып алуға болады. Жоғарыда айтылған мысалдан біз көбіне адамдардың бір нәрсені ұғу үшін оның сыртқы пішініне көп көңіл бөліп, ақылға салмай, көргенімен қорытынды шығара салатынын ұғамыз. Ішкі мүмкіндігімізге онша көңіл бөле бермейміз. Көртышқанның ішкі мүмкіншілігі қандай? Оны білу үшін осы сөздің арабшасының сыртқы пішіні, яғни түбірі не білдіретінін анықтап алайық:

«د ل ح » - (**халад)** - өзгермейтін нәрсе;
«د ل ح » - (**халлад**) - бір нәрсені мәңгілік ету;
«د ل أ ح » - (**ахлад**) - бірдеңеге немесе біреуге жан-тәнімен берілу;
«د ل ح» - (**хулуд**) - мәңгілік, жұмақ;
«د ل ح» - (**хулд)** - көртышқан;
«د ل ح» - **(халад**) - ой, ақыл, жан [3, 221].

Сопылар бір түбірден тараған осы сөздер адамның дамуы үшін маңызды түсініктерді топтастырады деген ой айтады. Бұл сөздерді сопылықтың картасы десе де болады. Осы сәйкестікке сай «көртышқан» сөзін ақыл-ойдың символы ретінде қабылдауға болады. Өйткені ақыл- адамға тірек, мәңгілік нәрсе. Эзоптың мысалын тек жеңіл-желпі алаяқты ұстау қиын емес деп қана түсінуге де болады. Бірақ кез-келген әдеби туындыны тереңнен түсіндіретін сопылық көзқараспен танысқаннан кейін біз бұл аталған мысалдың мәнін тереңнен іздеп, толық түсінуге тырысамыз.

Парсы әдебиетінің көрнекті өкілі, атақты сопы Жәлел ад-дин Руми: «Ойдан шыққан кез-келген әңгіме ақиқатқа сәуле түсіреді» - деген екен. Сол сияқты мұсылман елдері әдебиетіндегі Қожанасырдың (қазақ әдебиетінде - Қожанасыр, түрік әдебиетінде - Насреддин хожа, араб әдебиетінде - Джуха) әзіл әңгімелері де біраз уақытқа дейін жеңіл түрде, тек күлкі шақыратын туындылар ретінде қабылданып келгені рас. Біз көп жағдайда оның тереңіне үңіліп, астарына мән бере бермейміз. Ылғалдан айырылған құрғақ бұлттың жаңбыр болмайтыны сияқты, жеңіл жағынан ғана қабылданған ондай туындылардың ғұмыры ұзақ болмайды. Сондықтан да талпынбаған білмейді дегендей, біз бұл жұмысымызда баршамызға танымал Қожанасыр туралы аңыздарды сопылық көзқарас тұрғысынан түсіндіріп көруді мақсат еттік.

Адам санасының сәбилік кезінен бастап, даму процесінің өзіне тән сан қилы бұралаң жолдарын кешіп, ұзақ сапарда шыңдалып, жетіліп,

ақыры көркем туынды дәрежесіне дейін көтерілген шағын күлдіргі әңгімелер - Қожансыр туралы хикаялар болып табылады.

Қожанасыр - кейбір жекелеген жағдайларда ұшқыр ойдың мүмкіндігін ерекше көрсету үшін дәруіштер тарапынан ойлап табылған классикалық кейіпкер. Бүкіл Орта Шығысқа танымал Қожанасыр хикаялары метафизика тарихында қол жеткізген табыстардың бірі болып табылады. Бұл хикаяларға көбіне үстірт қарап, шайханалар мен керуен-сарайларда, үйлерде айтылып, халық арасына кеңінен таралып жүр. Мұндай хикаялардың бір ерекшелігі оны тыңдаушы өз деңгейіне сай түсіне алады. Яғни олардың астарында әзіл де, мораль да бар деген сөз. Сондықтан ұлы Абайдың «... Әрбір кісінің жаман қылығына күлсең, рахаттанып күлме, ызыланып күл, ызалы күлкі өзі де қайғы. Ондай күлкіге үнемі өзің де салынбассың. Әрбір жақсы адамдардың жақсылық тапқанына рахаттанып күлсең, онда жақсылықты жақсылығынан тапқандығын ғибрат көріп күл», - [4, 349] деген сөзін үнемі жадымызда ұстауымыз керек қой деп ойлаймын. Қожанасыр хикаяларын жеңіл ойлы адамдар әзіл ретінде ұғынып, күліп қана қойса, ойында салмағы барлар езу тартқанымен оның түбіндегі моралін ұғады.

Шын мәнінде ешкім де Қожанасыр деген кім, ол қайда, қашан туылды, тіпті ол өмірде болған адам ба деген мәселеге көңіл бөле бермейді. Өйткені мұнағы басты мәселе - уақыт пен мінездеуге бағынбайтын образ сомдау ғана болса керек. Бұл тұста сопыларға маңызды мәселе адам емес, идея болып тұр. Десек те, кейбір зерттеушілер Қожанасырды тарихта болған деп, оның туған жылы мен қайтыс болған жылдарын анықтауға тырысып та көрген. Мысалы, Бір ғалым Қожанасырдың: - Мен басымды төмен салбыратып өмір сүремін,- дегенін негізге алып, оның қайтыс болған жылын 386 жыл деп көрсетеді. Бұл тұжырымды ол нақты зерттеу нәтижесінде емес, бір дәруіштің көмегімен сия сауытқа өрмекшіні салып, сол не көрсетсе, сұрағымыздың жауабы да сол болмақ деген сөзіне еріп жасаған. Шындығында, олар өрмекшінің ізнен 386 деген санды көреді. Бұл 300+80+6 деген сөз. Осы өрнектегі сандардың орнына араб алфавитіндегі оларға сай келетін әріптерді алсақ, **«ش و ف » - <u>шауаф</u>**- бірдеңені көрсету деген мағына береді екен. Яғни, өрмекші бізге анық нәрсені көрсетіп тұр деп қорытындылаған.

Қожанасыр туралы мына бір аңызға тоқталсақ...

«Бір оқымыстыны өзеннен алып өтіп келе жатқан Қожанасыр бір нәрсе айтады. Оның айтқан сөзінен қате тапқан жаңағы Қожанасырға:

- Сен, не, грамматиканы оқымап па едің? – депті.
- Жоқ.
- Онда сен өміріңнің жартысын бос өткізген екенсің.
- Ал сен, не жүзуді үйренбеп пе едің?
- Жоқ, неғылады?
- Онда сен өміріңнің бәрін босқа өткізіпсің. Біз батып бара жатырмыз, - депті Қожанасыр» [5, 87].

Бұл жерде сопылық құрғақ ақылдан гөрі нақты істі дәріптеп отыр. Бұл әсіресе, мына әзілде анық байқалады. «Шәйханаға біреу келіп: Менің ұстазым сіздерге өз басынанан әділетсіздікті өткерген, өткермеген барлық адам оған төзбеуі керек. Өйтпейінше бүкіл адамзат дамымайды дегенді айт деді, - депті. Сонда Қожанасыр: - Ал, менің ұстазым кез-келген нәрсенің байыбына бармай шешім қабылдамаңдар деп үйретті,- деген екен.

Жалпы көп адамдардың ойлау жүйесі шаблон түрінде болатыны рас. Олар көбіне көпшілік не ойласа сонымен келісіп, қоғамда қалыптасқан көзқарасқа көне салатындар. Мұндай адамдар белгілі бір дәрежеде жетістікке жетіп, көп нәрсені иеленгенімен өмірдің көп қырларын түсіне бермеуі мүмкін. Кейбір құбылыстар олардың назарынан тыс қалып та жатады. Өйткені олардың өзгеше, жаңаша ойлауға мүмкіндігі жоқ. Осыны мына хикая анықтай түседі.

«Қожанасыр күнде шөп артқан есегін шекарадан өткізіп жүріпті. Оның контрабандамен айналысатынын білген шекарашылар бастан аяқ тексеретін көрінеді. Бірақ дым таппайды. Ал, Қожанасыр күннен күнге байып бара жатады. Сөйтіп, біршама уақыттан кейін ол бұл ісін тастап, өз бетінше тыныш өмір сүріпті. Біраз жыл өткеннен кейін кезінде шекарада тұрған адам Қожанасырды кездестіріп, одан сол кезде немен айналысқанын сұрайды. Сонда Қожекең: - Мен шекарадан есек алып өтіп жүрдім ғой, - депті.» Бұл әңгімеде сопылықтың негізгі, маңызды принциптерінің бірі - мистикалық мақсат пен тылсым күш адамдарға олар ойлағаннан көрі әлдеқайда жақын екендігі айтылып тұрған жоқ па?

Адамдар таным сәулесіне барар жол қалай басталатынын білмейді. Сондықтан сол жолды іздеу барысында олар өздеріне дұрыс деген нәрсемен айналысып, соны тану жолындамыз деп ойлауы да мүмкін. Сөйтіп, кейбір қате теориялармен қаруланып, уақытын босқа өткізіп, ақиқатты жалғаннан айыра алмайды да. Қожанасыр бұны әртүрлі әрекеттері арқылы көрсете білді. Мысалы:

«Бірде көршісі тізерлеп тұрып, бірдеңе іздеп жатқан Қожанасырды көріп: - Қожеке, не іздеп жатырсың? - депті. – Кілтімді. – Сен оны осы жерде жоғалттың ба? - деп сұрапты көршісі тағы да. – Жоқ, үйде түсіріп алдым, - дейді Қожекең. – Онда неге бұл жерден іздейсің – деген көршісіне Қожанасыр: - Мұнда жарық қой», - деп жауап берген екен.

Қожанасыр - адам өзін-өзі көретін айна іспеттес. Бұл айнаның бір ерекшелігі үңілген сайын ондағы бейненің қыры жан-жақты ашыла түседі. Өйткені сопылықтың негізгі мақсаты да адамға мәселенің бір қырын ғана емес, оның барлық қырын жан-жақтан көрсету болып табылды. Сондықтан да Қожанасыр жайлы әңгімелерді тыңдап, оқып қана қоймай, оның мәнін терең түсінуді мақсат етуіміз керек. Сонда ғана адамдар әрбір жағдайға формальды түрде ойланып қана емес, өз жанынан шабыттанып баға бере алатын болады.

Қожанасыр жайлы кейбір хикаялар адамның санасы қашан да тұрақты деген қалыптасып қалған көзқарасты жоққа шығарады. Ішкі

және сыртқы қоздырғыштардың әсерінен адамның іс-әрекеті оның көңіл-күйі мен денсаулық жағдайына орай өзгеріп отырады. Бұл мәселе әлеуметтік өмірде мойындалғанымен, философия мен метафизика тұрғысынан әлі де толық қабылданбаған. Олардың түсінігі бойынша, ең керемет дегенде, адам өзін белгілі бір жағдайға қарай бейімдей алады. Ал, сопылық адамның санасының толық өзгеруін қалайтын бағыт. Сана, ой тұрғысынан дамымаған адамның шикізаттан онша айырмасы жоқ. Мұндай адамның санасында бірлік болмайды. Десек те, өзімді өзім толық таныдым деген адамның өзі де автоматты түрде өзінің кім екенін білмей қалатын кездері де болады.

«Бірде Қожанасыр дүкенге кіреді. Оны көрген сатушы қызмет көрсетейін деп ыңғайлана бергенде Қожанасыр: - Сен менің дүкеніңе кіргенімді көрдің бе? - деп сұрайды. – Иә, дейді сатушы. – Ал, сен мені бұрын-соңды көріп пе едің? – Жоқ, бұрын көргенім жоқ, - дейді сатушы. – Онда сен менің мен екенімді қайдан білесің?» - дейді Қожанасыр.

Бұл әңгіме қарапайым әзіл ретінде қабылданып, адамдар Қожанасырды бір ақымақ адам екен деп түсінуі мүмкін. Бірақ оның сырын тағы да бізге сопылық ағым түсіндіріп береді. Мұнда да мәселенің мәні тереңде жатыр.

Қожанасыр хикаяларына адамдарды белгілі бір қалыптасқан ойға бағыттайтын философиялық жүйе емес, өзіндік ой-пікірді сақтайтын, оны қорғай алатын мүмкіндік ретінде қараған жөн.

Қожанасыр жайлы хикаялардан алынған кейбір тіркестер афоризм ретінде тілімізге еніп кеткен. Мысалыға айтар болсақ: «Шындығында бұл солай», «Мен ешқашан шындықты айтқан емеспін», «Мен білгіштер өздеріне қоятын сұрақтарға ғана жауап беремін», «Үлгінің аты үлгі, бірақ мен үйімнің қышын көрсетсем, оны ешкім алмайды».

XII-XIII ғасырларда өмір сүрген Ахмед Иүгнекидің «Ақиқат сыйы» еңбегінде тіл өнері жайлы «Ойлы сөз көпті ұтар, ойсыз сөз басты жұтар» деген сөзі тапқырлыққа, шынайылыққа негізделген Қожанасыр жайлы хикаялардың мәнін аша түседі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Идрис Шах Суфизм. М. – 1994.
2. В. Тимошинов Культурология. М. - 1988 г.
3. Арабско-русский словарь. Ташкент, «Камалак» - 1994 г.
4. Абай. Энциклопедия. Алматы, «Атамұра» - 1995 ж.
5. Сөз тапқанға қолқа жоқ. Алматы, «Жазушы» - 1981.

5.9. Қазақ тіліндегі материалдық мәдениет атауларының эстетикалық уәжділігі

Әсия Базарбайқызы Алмауытова
филология ғылымдарының кандидаты.
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті
(Қызылорда қ., Қазақстан)

Қазақ халқының қай кезеңде болмасын өмір сүрген ортасының тыныс-тіршілігінен мағлұмат беретін, табиғатының байлығын, ұлтының ұлылығын танытатын, сұлулық пен сезімталдыққа деген құштарлығын ұлттық киімдерінен көруге болады.

Қазақтың ұлттық киімдерінің қай түрін алсақ та, оның өн бойында өзіне ғана тән эстетикалық, этикалық талғамы мен рухани ерекшеліктері көрініс тапқан.

«Весь строй образного мышления, эстетических представлений данного народа зависит от системы обычаев, установившихся традиций, которые он выработал сообразно особенностям своего бытия» [1, 218].

Ғалым Ж. Манкеева бұл жөнінде: «адамның әр кезеңдегі сұлулық, көркемдік мұраттарын іске асыратын құралдардың бірі ретінде киім эстетикалық та қызмет атқарады» [2, 211] - дейді.

Мысалы, киім атауларындағы эстетикалық уәжділіктің белгісін мына контекстен көре аламыз: *«Басында **құндыз бөркі** бар, үстінде **көк мауыты бешпет,** омыраулары толған күміс түйме. Белінде алтын жалатқан қымбат тасты, **кәмәр белдік.***

Шапқылап бара жатқан баланың киім, тұрман сәні аса бір ардақты. жалғыз қыз сәніндей» /М.Ә. «А.Ж.»/.

Сондай-ақ сәні мен салтанаты жарасқан ұлттық киімдеріміздегі эстетикалық мәнділікті мынадай тілдік және этнографиялық деректерімізден көре аламыз.

Қазақ әйелдері бас киімінің ішінде ең көріктісі де, ең ежелгілерінің бірі, көп әшекейлі, қымбат бағалы, қалыңдық киімінің салтанаттысы болып табылатын - *сәукеле.* Сәукеленің өн бойына зергерлік әшекейлер мен асыл тастар қадағанда, тіл көзден сақтау үшін, ал өте биік бас киім - қыз мәртебесін асқақтатып, қазақтардың дүниетанымының жоғары екенін танытқан.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: *«бұрынғы кездегі дәстүр бойынша қазақ қыздарының ұзатыларда киетін сәнді бас киімі»* - деп берілген [ҚТТС, 8, 237]. Демек, «сәукеле тек бас киім ғана емес, ол қазақ халқының байлығы мен сән салтанатының, мәдениеті мен өнерінің озық үлгісі , өнер туындысы ретінде бағаланатын өте қымбат этнографиялық мүлік. Сонымен бірге ол қазақтың қыздарына деген өз көзқарасының да белгісі» [3, 85].

Ырым бойынша оны айырбастауға немесе әзірше біреуге кие тұруға беруге болмайды. Салтымызда бас киімді ауыстырып кисе, «басынан бағы таяды» деп есептеген. Жаңа түскен келіншек алғашқы жылы тойда киген сәукелесін киіп жүрген жыл өткен соң ғана сәукелені алып орнына желек жамылған Е. Жанпейісов «Этнокультурная лексика казахского языка» деген еңбегінде: «Однако у невесты этот вид головного убора намного нарядней и стоит очень дорого. Нередко у девушек из бедной семьи отсутствовал». По этому поводу у С.Е. Толыбекова читаем: «Первым признаком бедности было отсутствие на голове невесты конусообразной формы головного убора из бархата или парчи с насечками из драгоценных металлов и камней, украшенного красивыми перьями филина - саукеле» [4, 7], - деп көрсетеді.

Жергілікті ерекшеліктеріне байланысты сәукеле де әртүрлі болып келеді. Сәукелені өте шебер әйелдер ғана тіккен оның жасалуындағы эстетикалық, этникалық ерекшелікке аса мән берілген. Мұндай бағалы сәукелені байлар мен ауқатты адамдардың ғана қыздары киген. Бұл туралы мынадай этнографиялық дерек бар:

«Сапақ үш жүзден құда болуға бай кісі таңдайды. Кіші жүзде Байсақал деген бай бар деп, байлығын бәріне тең көріп, сол Байсақалға Кенесары - Наурызбайдың ағасы Саржан төрені алып, елу кісімен құда түсе барды.

Сонда Байсақал құдаларының ортасына бір ***сәукеле*** жіберді, *«Қызымның қарақан басы, мінген аты, артқан түйесі, тігілген отау, қылған жасауы — бәрі сатусыз, тегін. Бір сәукеленің құнын, пұлын берсе болады» - депті.* Басы Саржан төре - отырған құдалар сәукелені малға шамалап, өздері пішіп, өздері кесіп, *«бес жүз байталға тұрады екен»* десіп, *«Мұның қызының қалың малы бес жүз жылқы болсын» -* десіпті. [5, 12].

Мынадай сәукеленің сәнділігін айғақтайтын этнографиялық дерек келтіреміз:

«Сәукеле әйелдің бас киімдерінің ішіндегі ең әшекейлісі де, күрделісі. Сәукелені ұзатылған қыздар мен сол қызға еріп жүріп сыңсу айтатын нөкерлер киген. Сәукеленің негізі оның төбесі. Төбе не талдырма етіп қозы жүнінен арнайы басқан ақ киізден, не арасына қыл салып сырыған асыл матадан істеледі. Содан кейін төбені кестелеген, шет-шетіне құндыз жұрын ұстаған немесе алтын, күміс оқамен зерлеген тыспен тыстайды. Сәукеле төбесінің биіктігі екі сүйем, кейде одан да биік болады. Төбенің өн бойын, алтын, күміс, меруерт, маржанмен, асыл тастармен өрнектеп, алтын жіппен әшекейлейді.

Сәукеленің екі жақ самай тұсынан бетке жеткізе шолпы тәріздендіріп бірнеше қатар маржан тізілген салпыншақтарды бетмоншақ немесе сәукеленің бетмоншағы деп атайды.

Сәукеленің төбесінде алтынмен, күміспен әшекейленген қатырғы болады. Тізілген моншақты, асыл матадан, ақ жібектен жүргізген желекті осы қатарға бекітеді. Мұны бергек деп атайды. Кейде бергекке

тоты құстың бірер тал қауырсынын тігінен қыстырып бекітіп қояды, оны қарқара дейді. Сәукеленің ең сыртынан жауып қойған шашақты әшекейлі жібек мата бар, ол көйлектің етегі құлап жерге түссе сүйретіліп жүреді» [6, 164; 165] деп келтірілген.

Мысалы, *«Қыз Жібек» жырында:*

*Басындағы **сәукеле***
Жібекке алып береді
Қолына жібек алады
Асыл гауһар тастарын
Батырлатып үзіп ап,
Жанқалтаға салады және
*Басындағы **сәукеле***
Альт маған бер деді
Ацыр ертец киемін,
Бүгін кешкс киейін
Жарасар ма екен жеңеше-ау,
Өз көзіңмен көр деді - деген өлең жолдары кездеседі.

Қарқара. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «Қарқара - төбесі биік, шошақтау келген қауырсын қадаған жас әйелдердің, қыздардың сәнді бас киімі» (ҚТТС, 6, 97) деп берілген.

Қазақтың сәнді бас кимінің бір түрі - Қарқара.

Тілдік деректерде «қарқара» атауына байланысты мынадай өлең жолдары кездеседі:

«Қарабай қонған жерін қарайтады,
*Қыз Баян **қарқарасын** далайтады*
Бір кемпір өрмек қаққан жан айтады,
Бір тазша қозы жайған бала айтады» және
«Сол Айбас тоқтамады тғы шапты,
Тамам жолдыц мәнісін оймен тапты.
*Қыздыц берген қ**арқарасы** түсіп қалып,*
Қарқаралы тау атыні қоя сапты» / «Қозы көрпеш - Баян сұлу»/.

Арқада атағы асқан асқар биік,
Қылыштай қыр арқасы бұлтқа тиіп,
Халқына қашаннан-ақ аяулы боп,
*Баянның **Қарқарасын** қалған киіп* / Ж. Нұрмағамбетов/.

Уәжділікті фонетикалық қырынан профессор К. Хұсайынов **қарқара** (цапля) тәрізді атаулардың қалыптасуын дыбыс шығарумен байланыстырып басқа тілдегі деректермен салыстырады [7, 227].

«Қарқара» деген бас киімнің аталуына негіз болған мынадай қызықты этнолингвистикалық уәжді Н. Уәлиев еңбегінен кездестірдік:

«Қарқара - қыздар киетін бас киім». Бірақ бас киімге ұқсас болғандықтан, Қарқаралы аталған десек, жаңсақтық болар еді. Бас киімнің қарқара деп аталуының мынадай себебі бар. Ерте кезде ырым

етіп қыздардың, балалардың киімдеріне үкі тағатын. Қарқара - құстың аты. Бұл құсты да бұрынғы кезде қасиетті көріп, бас киімге тағатын болған. Қарқара қауырсыны кейініректе, әшекей ретінде қолданыла келіп, бас киім атауына айналған. Сонымен, қарқараның (құстың) мекен еткен жерлері Қарқаралы, Қарқара деп аталғандығы белгілі [8, 57].

Ұлттық киім нақыштары бой жеткеннің де, әйелдер, сондай-ақ сал-серілер мен балуандардың да салтанатты киімдерінде өз бедерін тапты.

Ғалым Ж.А. Манкеева былай дейді:

«Қазіргі бәрі бір қалыптан шыққандай ұқсас, сұр да жұтаң дүниелер адам жанына ләззат беріп, еңсесін көтермейді, қарағанда санасына ұлттық сәуле құймайды. Сондықтан тілімізде сақталған, әсем жырлар арқылы жатталған киім атаулары арқылы жас ұрпақ халық мұрасы секілді сан ғасыр бұрын болған озық үрдісті танып біліп, тұнық бастауына қайта оралса, ұлттық мәдениетіміздің шын мәніндегі қайта жаңғыруына себептігін тигізері сөзсіз, Тілдің танымдық, тәрбиелік мәнінің өзі де осында» [2, 222].

Эстетикалық уәжділікті қазіргі тілдік қолданыста кездеспейтін ескі киім түрлерінен де көреміз:

«Келеме» әйелдердің сәнге сыртынан киетін әсіресе ақын, өнер қуған әйелдердің (наздардың) киер киімі. Женде тәріздес күләпаралы киім. Бірақ бұл кебенек (кебене, кебентай) сияқты киізден жасалмайды, Жібектен, шәйіден тігілсе керекті. «Ерлер киер кебене, наздар киер келеме» (Батырлар жыры, 66 – б.) [9, 60].

Сондай-ақ қазақ киімдерінің кез-келгенінің көзге көрікті, көңілге қонымды ететін нәрсе - киімге тағылатын әшекей бұйымдар (алтын, оқа, күміс, зер, гауһар, меруерт т.б.).

Мысалы, «*Қыз Жібек» жырында :*

Орта бойлы делбеше,
***Алтынды кемзал** жидеше,*
Бұрынғы қыздан өзгеше
«Қобыланды батыр» жырында :
Масатпыдан шалбардың,
Сала құлаш балағы,
***Алтынды зермен** көмкерген.*
Алтын қалпақ, жез телпек,
Баса киіп көзіне
***Алтын қалпақ** дулыға,*
Шекесінде жарқылдап - деген тілдік деректермен қатар,

1. ***Оқалы тақиясының жібек шоғы** ырғала түседі / М.Ә. «А.Ж.»/.*

*2. **Оқалы тон** беріпті Бәйтік сізге*
Ел жақсысы жиылып айтты бізге. /БҒЖ/
Арыстанымның барында
***Оқалы байпақ** кигенім,*

Оқасын *жерге төгілтіп,*
Әлде неден азғырдың / Ер Тарғын, 30-б./.
Тағдырға сірә нешікті
Көмусіз қалдым аралда,
Бір ай кисем тастаушы ем
Алтын жаға ішікті /Мұңлық-Зарлық/ - деген мысалдар дәлел бола алады.

Киім-кешек түрлерін жасауда оның құрамдас, қосымша бөліктері (белбеу, білезік, жиек, белдік, кісе, сақина, сырға, моншақ, түйме, шашбау, үкі, шолпы т.б.).Эстетикалық құндылығын арттыра түседі. Киімнің осы қосымша бөліктері көбінесе салтанаттық, тойға киілетін киімдерде көрініс табады.

Осыған байланысты, қазақта **бас жақсы** деген атау бар.

«Бас жақсы - сәукеленің әшекей бұйымдары, асыл тастардың (маржан, меруерт т.б.) жиынтығы. Сәукеленің әшекей заттары көп болғандықтан, әрі олар қымбатқа түсетіндіктен, ертеде күйеу жағы қалың малдан тыс сәукеленің құнын төлеген. Ол төлем халықтың тілінде сәукеле әшекейлерінің жиынтық атауымен бас жақсы деп айтылған» [10, 18].

Осындай мысалдардан ата-бабаларымыздың тұтынған киімдерінің жоғары талғаммен жасалғандығына шүбә келтірмейміз. Осы пікірімізді мына тілдік деректер айғақтайды.

Алты құлаш *белбеумен*
Алып белін орады,
Алладан медет сұрады... /Ер Тарғын, 31-б/;
Әкеме сіңіп еді сенің күшің,
Құл болдың есігіме менің үшін.
Шоқ, белбеу *алтын айдар мырзам кайда,*
Шұнақ құл өлтіремін соның үшін /Қозы Көрпеш-Баян сұлу, 50-б./;
Қара шапан сыртынан белін шымқай буған сарғыш жібек белбеуге оң қолын сүйеп, мықынын таянған. /М.Ә. «А.Ж.1-т, 145-б»/;
Жібек белбеу *- белдің көркі, Батыр жігіт — елдің көркі* /Мақал/;
Алтын кемер *белге сән,*
Ақылды жігіт елге сән /Мақал/;
Тақияма таққаным ***тал-тал моншақ,***
Жарасар кер биеге кер құлыншақ.
Кер құлыншақ ойнайды ат болдым деп,
Қатқан қыз жылайды жат болдым деп /Айтыс/.
Өңірінде ***күміс түймелері*** *үймелеген қызыл қатипа қамзол бәденді жас әйелді тіпті сұлу етіп көрсетеді /Қ. Жұмаділов/;*
Жалғызымның барында
Пешпент ойдым мақпалдан,
Тақия бөрік ***үкі*** *шоқ !* /Қобыланды батыр/;

*Құлақтағы **әшекей сырғасы** бастағы **кәмшат бөркі, білек толған неше білезіктері** - баршасы да бұл өмірден Абайдың көрмеген бір сәні сияқты.* /М.Ә. «А. Ж.», 1-т, 109-б./.

Демек, ата дәстүріне құрметпен қараған, өзінің тұрмыс деңгейі мен ұлттық ерекшелігіне, әдет-ғұрпы мен ұстанған мұраттарына сай ұлттық киімнің халқымыздың мәдени-тарихи өмірінде айрықша орын алатыны даусыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Базарбаев М. Эстетическое богатство нашей литературы. - А., Жазушы, 1976. – 308 с.
2. Манкеева Ж.А. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. - А., Ғылым, 1997. - 272 б.
3. Кенжеахметұлы С. Жеті қазына. - А., 2000. - 128 б.
4. Жанпейісов Е. Этнокультурная лексика казахского языка. Алма-Ата, 1989. – 283 с.
5. Кенжеахметұлы С. Ұлттық әдет-ғұрыптың беймәлім 220 түрі. - А., Санат, 1998. – 256 б.
6. Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. Алматы, Қазақстан, 1995. - 3086.
7. Хусаинов К.Ш. Звукоизобразительность в казахском языке. Алма-Ата, 1988, - 226 с.
8. Уәлиев Н. Сөз мәдениеті, Алматы, 1984. - 120 б.
9. Қыдырбекұлы Б. Түгел сөздің түбі бір. - А., Қазақ университеті, 1993.
10. Шойбеков Р.Н. Қазақ зергерлік өнерінің сөздігі. Алматы, 1991.

5.10. Изобразительно-выразительные средства языка как способы вербализации концепта «женщина» в романе Сесилии Ахерн «If you could see me now»

Гюзаль Аманжановна Таирова
Докторант 2 курса Казахского университета международных отношений и мировых языков имени Абылай хана
(г. Алматы, Казахстан)

В лингвокультурологии концепт считается сложным, многомерным образованием, в основе которого лежат понятийный, образный и ценностный компоненты. В данной статье мы рассматриваем образный компонент структуры концепта «женщина» так как он представлен различными изобразительно-выразительными средствами языка.

Целью статьи является анализ изобразительно-выразительных средств языка, которые больше всего раскрывают концепт «женщина» в романе «If you could see me now».

Объектом данной статьи является роман Сесилии Ахерн опубликованный в 2006 году под названием «If you could see me now» (перевод с англ. на русс. «Посмотри на меня»).

Предметом данной статьи являют различные изобразительно-выразительные средства языка, встречающиеся в данном романе, через вербализацию которых воспроизводится концепт «женщина», который присутствует в почти каждом романе вышеупомянутого автора.

Автором романа является Сесилия Ахерн, получившая известность после ее первого романа «P.S. I love you». Ее романы составляют большой тираж и были переведены на более чем 35 языков мира, получив награды за некоторые из них, одной из которых является премия журнала "Cosmopolitan U.S." за юмор и смелость фантазии романа «If you could see me now», который мы взяли за основу анализа.

Согласно сюжету данного романа, главной героиней является Элизабет, молодая женщина, работающая дизайнером, у которой нет ни единой свободной минуты для себя, она запретила себе мечтать и делать что-то для своего удовольствия. Все свободное время она уделяет своей семье, заботится об отце, о младшей сестре и ее ребенке, она отягощена их проблемами. Несколько лет назад Элизабет рассталась с любимым человеком, и с тех пор она потеряла всякую надежду мечтать. Однако, с недавнего времени, ее жизнь начинает наполняться интересными событиями благодаря появлению странного, обаятельного и бесшабашного незнакомца в жизни Элизабет и рядом с ним она буквально оттаивает на глазах.

Проанализировав выдержки из романа, имеющие лексические единицы, раскрывающие концепт «женщина», мы нашли, что следующие средства речи раскрывают данный концепт: сравнение, метафора, персонификация, гипербола, метонимия. Примеры отображены в следующей таблице:

Изобразительно-выразительные средства языка	**Примеры**
Сравнение	The open curtains acted as her alarm clock” [1, c. 52]. “Sitting with Saoirshe was like trying to catch a butterfly in a jar” [1, c. 89]. “Life’s kind of like painting. A bizarre. Abstract painting” [1, c. 105]. “Opal smiled and when she spoke her voice was like honey” [1, c. 113].

Изобразительно-выразительные средства языка	Примеры
	“Stars are like people” [1, с. 244].
Метафора	“Her words were big whisper of excitement” [1, с. 95]. “Your world was brown” [1, с. 191].
Гипербола	“Her blood boiled” [1, с. 54]. “I want the Van Gogh of interior design” [1, с. 144].

(1) Сравнение:

“The open curtains acted as her alarm clock” [1, с. 52].

Данная фигура речи сравнивает открытые шторы с будильником, который главная героиня заводит каждый день, так же, как и открывает шторы ночью, чтобы утренний солнечный свет разбудил ее, точно также как она заводит будильник. Данное сравнение используется для подчеркивания таких черт характера главной героини как бдительность, дисциплинированность которые оттачивались и сформировывались с детства. Также, открытые шторы подразумевают ее одиночество.

Данное средство языка относится к аспекту «внутренне состояние» главной героини» концепта «женщина», подразумевая положительные качества главной героини.

“Sitting with Saoirshe was like trying to catch a butterfly in a jar” [1, с. 89].

В данном случае сравнение используется для того, что показать взаимоотношения сестер, старшей Элизабет и младшей Сирши, которые трудно назвать легкими, так как Сирша является «дикой» и неуправляемой, безответственной женщиной, с которой Элизабет пытается установить хорошие отношения, поговорить по душам, но, ей это не удается, так как сестра постоянно избегает разговора со старшей сестрой и каждый раз пытается исчезнуть не оставив возможности ее найти. Лексические единицы «butterfly in a jar» вербализуют характер Сирши, что она подобна бабочке, которая хочет ускользнуть и ты можешь наблюдать за ней, но не можешь дотронуться до нее. Сирша пытается быть понятой и любимой, чем загнанной в угол.

Данное средство языка относится к аспекту «социальная роль» главной героини» концепта «женщина», подразумевая отношения между главной героиней и ее сестрой.

“Life’s kind of like painting. A bizarre. Abstract painting” [1, с.105].

Данная фигура речи – сравнение, используется, когда в жизни Элизабет появляется вымышленный друг ее племянника Люка – Айвэн. Жизнь сравнивается со странной и абстрактной картиной. Лексические единицы «life, painting» вербализуют скучную и полную правил жизнь, в то время как данные единицы противопоставляют жизнь Элизабет

необычной и абстрактной картине. Элизабет заперта в ежедневной рутине, совсем не уделяя внимания себе и тому, что ее интересует, что отражается также и в тусклом, не ярком стиле одежды. Данная фигура речи подразумевает, что Элизабет нужны перемены в жизни, нарушить постоянные правила, которым она следует в жизни, угождая всем, а заняться тем, что действительно нравится ей, найти любовь и радость, которые отсутствуют в ее жизни.

Данное средство языка относится к аспекту «внутренне состояние» и «внешнее состояние» главной героини» концепта «женщина», подразумевая отрицательную коннотацию.

“Stars are like people” [1, с. 244].

С помощью данного сравнения автор сравнивает звезд с людьми. Данные лексические единицы «stars, people» показывают характер главных героинь и подразумевают, что все люди разные, они могут происходить из одной семьи, как, например, Элизабет и ее сестра Сирша, но их характеры, восприятие мира и пути в жизни будут разными. Элизабет живет спокойной, размеренной жизнью, полной правил, в то время как Сирша живет «на грани», но, мы должны понимать, что у всех бывают как взлеты, так и падения, которые нужно научиться принимать и понимать их.

Данное средство языка относится к аспекту «внутренне состояние» главной героини» концепта «женщина», подразумевая отрицательную коннотацию.

(2) Метафора:

“Her words were big whisper of excitement” [1, с. 95].

Данная метафора вербализует отношения матери и дочери, лексические единицы «words, whisper of excitement» показывают истории матери, по которым Элизабет скучает, которые ее мать рассказывала ей перед сном в детстве перед тем как покинуть семью в поисках других приключений. Данная фигура речи дает понимание того, что Элизабет нужна поддержка, любовь и внимание со стороны матери, которых ей не хватало в течение большей части ее жизни.

Данное средство языка относится к аспекту «социальная роль» главной героини» концепта «женщина», подразумевая отношения между главной героиней и ее мамой.

“Your world was brown” [1, с. 191].

Лексические единицы «» в данной метафоре подчеркивает изменения, произошедшие в жизни главной героини. Глагол «to be» в прошедшем времени «was» подчеркивает изменения в ее жизни, что раньше ее жизнь была скучной, серой, ничем не примечательной, одинокой и, в некотором смысл, темной. Лексема «коричневый» репрезентирует несчастливую жизнь, что Элизабет нуждается в любви, поддержке и заботе.

Данное средство языка относится к аспекту «внутреннее состояние» главной героини» концепта «женщина», имея отрицательную коннотацию.

(3) Гипербола:

Her blood boiled" [1, с. 54].

Данная гипербола подчеркивает, что Элизабет находится на грани, она вскипела, она стала нервной, она находится в недоумении. Гипербола означает, как трудно понять главной героине смятение, беспорядок, который вызвал ее племянник, когда привел в ее жизнь его воображаемого друга, но, автор в то же самое время хочется подчеркнуть данной лексической единицей как тяжело приходится Элизабет каждый день, бороться со своими страхами, душевной болью, утратой матери, недопонимания с сестрой, жизнью под давлением. Она – одинокая женщина, нуждающаяся в любви и поддержке человека, который освободит ее от оков давления.

Данное средство языка относится к аспекту «внутреннее состояние» главной героини» концепта «женщина», имея отрицательную коннотацию.

"I want the Van Gogh of interior design" [1, с. 144].

В данном случае, гипербола вербализуется в качестве лексемы «Van Gogh», подразумевая тем самым, что одна из второстепенных героинь романа Поппи хочет, чтобы интерьер отеля был спроектирован в стиле неописуемых картин Винсента Ван Гога, одного из великих художников-постимпрессионистов середины 19-го века, в картины которого она страстно влюблена упоминая об этом разговоре с Элизабет, дизайнером интерьера. Автор хочет сделать акцент на унылой, тусклой жизни главной героини создав контраст с жизнью Элизабет и ярким и светлым отелем, где Элизабет нужно будет работать, создавая яркий дизайн интерьера.

Данное средство языка относится к аспекту «внутренний аспект» главной героини» концепта «женщина», имея отрицательную коннотацию.

Таким образом, проанализировав изобразительно-выразительные средства языка в романе Сесилии Ахерн, можно сделать следующие выводы, что:

(1) самыми часто употребляемыми средствами языка являются сравнение, метафора и гипербола;

(2) с помощью данных приемов вербализуется концепт «женщина», подразумевая в большей мере, внутреннее состояние главной героини романа Элизабет, с помощью вышеупомянутых средств речи автор характеризует внутренний мир главной героини. Больше средств речи используются для того, чтобы подчеркнуть «внутреннее состояние» главной героини, в большей мере, имея отрицательную коннотацию.

Список литературы:

1. Cecilia Ahern. If you could see me now. Hyperion. 2012. – 358 p.
2. Лагута О.Н. Метафорология: теоретические аспекты. Новосибирск, 2003.
3. Клишевский Л.К. Мир пословиц и поговорок в современном мире. М., - 1999.
4. Бенвенист Э. Общая лингвистика. М., 1974.
5. Маслова В.А. Лингвокультурология. М., 2001.

5.11. Специфика готических образов в современной англоязычной прозе

Анара Маратбековна Азербаева
Докторант АО КазУМОиМЯ им. Абылай хана
(г. Алматы, Казахстан)

Популярность готического жанра в американской литературе современности возросла с развитием новых технологий в кино и телевидении. Если «усиление неоготической тематики в культуре на стыке XIX-XX вв. связано с ранним кинематографом, в котором появились многочисленные экранизации литературных произведений неоготики» [1], то в XXI веке трансформация сериалов из «мыльных опер» в ведущий продукт современной культуры вывела готический жанр на новый уровень. Такие сериалы как «Американская история ужасов», «Страшные сказки» и «Сонная лощина» адаптируют классику жанра под современные реалии.

Ведьмы в «Американской истории ужасов» сражаются на стороне добра и, в угоду времени, становятся символами феминизма. Молодые девушки Зои, Мисти, Мэдисон и Куинни приезжают в школу ведьм обычными школьницами, но с развитием сериала становятся сильными представительницами своего рода. По сюжету им предстоит сражаться не только с классическими врагами, колдунами и демонами, но и с собственными страхами и неуверенностью, а также с обществом, которое их не принимает.

Таинственная ясновидящая Ванесса Айвз из «Страшных сказок» несмотря на то, что живет в викторианской Англии, также самостоятельна, как и современные ведьмы из «Американской истории ужасов». Не являясь ведьмой по сюжету сериала, она тем не менее соответствует классическому описанию ведьм, хотя внешне больше напоминает образ роковой красавицы, ставший каноничным в жанре готики благодаря роману «Монах» Мэтью Грегори Льюиса. Ее сверхъестественные силы помогают ее компаньонам в поисках Мины Мюррей (будущей супруги Джонатана Харкера) и спасают их в моменты опасности. Но не только поиски лучшей подруги занимают Ванессу, но

также и ее борьба с падшими ангелами, Люцифером и Дракулой, которым она нужна для исполнения пророчества - она может обрести сверхсилу, чтобы низвергнуть рай и освободить падших ангелов.

Сериал «Сонная лощина» является современной адаптацией рассказа «Легенда о Сонной Лощине» В. Ирвинга. Герои рассказа перенесены в декорации современного пригорода Нью-Йорка, учатся обращаться с современным оружием, но все так же ожесточенно ведут войну друг с другом. Сериал наполнен мистикой и монстрами, мирному населению угрожают ведьмы, демоны и всадники апокалипсиса, и самый главный враг, всадник без головы.

Вновь возродившийся интерес к готическому жанру поспособствовал прогресс спецэффектов в телевизионной индустрии. Монстры современности тщательно прорисованы с помощью новых компьютерных технологий, а сюжетами становятся компиляции или антологии всей литературы ужасов.

В американской литературе королем ужасов провозглашен Стивен Кинг. Начав свой творческий путь в 1974 году, он уже 45 лет удерживает лидирующую позицию в жанре готического романа, литературе ужасов и исследовании человеческого страха. Кинг использовал в своих произведениях все основные элементы готики:

1) Мрачную атмосферу, перерастающую в тревожную, а позже и в ужасающую;

2) Образы зла, предстающие в виде монстров: вампиры, ведьмы, оборотни; дома и другие строения, населенные призраками; бестелесные монстры, вселяющиеся в тела людей; и демоны («Цикл оборотня», «Салимов удел», «Оно», «Безнадега», «Регуляторы» и другие);

3) Наивная девушка, которая становится жертвой злых сил, но, обладая некой магией или же просто стойким духом, побеждает их (хотя не всегда) («Кэрри», «Сияние», «Воспламеняющая взглядом», «Дьюма-Ки»);

4) Сверхъестественная сила, которой обладает один или несколько героев романа, либо хорошо развитая интуиция («Сияние», «Доктор Сон», «Бессонница», «Дьюма-Ки» и другие);

5) Сны, видения и предсказания нередко помогают героям Кинга либо определится с дальнейшей судьбой, либо победить главного злодея, а иногда и вовсе становятся центральным объектом всего повествования («Мертвая зона», «Бессонница», «Доктор Сон»)

Но основным готическим образом, ставшим традиционным для произведений Стивена Кинга, это образ дома, захваченного злой силой, населенный призраками прошлых обитателей или сам становящийся антагонистом, трансформируясь в живое существо.

Имея долгую историю, наполненную бесчисленными смертями и необычными инцидентами, отель «Оверлук» играет роль дома, населенного призраками в готическом романе «Сияние» Стивена

Кинга. Его многочисленные комнаты, двери и коридоры, наряду с его тайнами, занимают ум главного героя и постепенно сводят его с ума. «More important than the physical presence of the Gothic castle becomes the atmosphere of oppression and the powerlessness of the characters, manipulated by forces they cannot comprehend» [2, стр. 227]. «Оверлук» становится центральной частью романа Кинга, и, несмотря на его, казалось бы, неодушевленное состояние, его можно проанализировать как еще одного персонажа в романе, возможно, даже главного антагониста. Одушевление отеля в конечном итоге приводит к тому, что он становится традиционным для всех последующих произведений писателя о призраках и домах с привидениями, в результате чего отель «Оверлук» стал идеальным образом дома с привидениями.

Для того, чтобы отель продолжал функционировать, каждую зиму нанимается смотритель, который будет обслуживать его до тех пор, пока он вновь не откроется весной. Джек Торранс обретает для себя возможность оставить позади свою прежнюю неудачную жизнь и начать все сначала для себя и своей семьи. Однако темная история семьи Торранс следует за ними, куда бы они ни бежали, и делает их идеальной добычей для злобной сущности отеля. Благодаря «сиянию» Дэнни (экстрасенсорным способностям мальчика), отель оживает и делает все, чтобы переманить его на свою сторону. Это создает опасные для жизни ребенка ситуации: «It seems obvious that the power of the hotel lies also in its ability to harm most of those who perceive most accurately its true nature» [2, стр. 232]. Как только Джек знакомится с «Оверлуком», отель начинает постепенно захватывать разум смотрителя, который не в силах противостоять ему. Он теряет контроль над реальностью и изолирует себя от остальной части своей семьи, что было целью отеля с самого начала. Вся история и «индивидуальность» отеля основана на заявлении, которое повторяется несколько раз на протяжении всего романа, что именно это бесчеловечное место делает монстров из людей. Это утверждение является предсказанием для Джека Торранса, который окажется под влиянием отеля, когда тот выпускает наружу внутренних демонов Джека, которые таились в нем уже давно, но до сих пор оставались в тени. Что касается «внешности» отеля, зеленый лабиринт играет важную роль в развитии сюжета. Зеленый лабиринт, состоящий из живых изгородей, также может рассматриваться как символ психологических изменений, которые происходят с Джеком. Как Джек, так и Дэнни видели, как фигурки животных двигаются и значит зло в скором времени подвергнет персонажей реальной опасности, и в конечном итоге захватит весь отель. К концу романа помимо изменения личности меняется и внешность Джека. Он становится неузнаваемым бесчеловечный монстром: «He was up on his hands and knees now, his hair hanging in his eyes, like some heavy animal. A large dog… or a lion» [4, стр. 416]. Джек

становится животным, что показывает его полную идентификацию с отелем - Джек становится частью «Оверлука».

«Built at the turn of the twentieth century and beset by scandal and financial problems ever since, the resort hotel remains bound to its past, by repeating the same events night after night» [2, стр. 231], что делает историю отеля трагической. Постоянно повторяя события, отель в конечном итоге найдет другую жертву, и, таким образом, история «Оверлука» пополнится еще одной роковой историей, которая будет повторяться вновь и вновь. Поэтому единственный способ остановить ужасную деятельность отеля — это уничтожить его, что в конечном итоге и делают Дэнни, Венди и, возможно, сам Джек. Ирония в романе заключается в том, что «just as the Overlook's owners in turn became owned by the Overlook, the hotel eventually becomes Jack Torrance's personal caretaker, representing a composite of his darkest motivations and further subverting his tenuous familial bonds» [3, стр. 68].

Роман Горация Уолпола «Замок Отранто» стал законодателем готической традиции в литературе. Его характеристики используются до сих пор в многочисленных романах современности. Стивен Кинг адаптировал многие готические элементы к нынешним реалиям и, таким образом, создал современную готику. В своем романе «Сияние» он вернул мотив замка с привидениями из романа Уолпола и превратил его в отель с богатой историей, наполненной призраками и жуткими событиями. Несмотря на весь мистицизм отеля, самый важный сверхъестественный элемент романа исходит из-за пределов отеля, маленький мальчик Дэнни Торранс и его способность предсказывать будущее и читать мысли, так называемое «сияние». Его способность «сиять» влияет на все последующие события в романе и создает другие готические черты. Например, Джек Торранс не стал бы традиционным готическим злодеем, если бы «Оверлук» не хотел, чтобы Дэнни был его частью, и, аналогично, Венди Торранс не имела бы возможности стать традиционной готической героиней. Кроме того, в отеле не было бы причины использовать надпись «redrum» в качестве пророчества, если бы не «сияние» Дэнни. Влияние готических элементов на каждого персонажа огромно. Все, что происходит в романе, происходит по правилам и строго в рамках традиций готики. Каждый персонаж сформирован согласно готическим особенностям, которые Кинг установил в романе. Проклятый дом оказывает сильное влияние на каждого персонажа и является одной из главных причин того, что каждый из них менялся на протяжении всего романа. Он манипулировал персонажами по отдельности, заставляя их эволюционировать (или превращаться) в почти неузнаваемых людей. Древнее пророчество описывало одержимость Джека отелем и его возможное превращение в традиционного готического злодея. Это, в сочетании с прошлым, которое его преследует, как результат, приведет его к собственному уничтожению, потому что это то, что диктует

готический жанр. Его безумие не только причиняет несчастья ему самому, но и окружающим. Хотя классическая готическая героиня наивна, беспомощна и послушна, и Венди изначально предстает именно такой, но с учетом времени, когда происходят события в отеле, Кинг показывает ее матерью, спасающей своего ребенка, и готовой на любые жертвы, чтобы уберечь его от проявлений злых сил отеля. Осознание того, что нет другого пути, кроме как перестать бояться и начать бороться, — вот то, что делает ее героиней, которой она в конечном итоге становится в конце романа. Важно также и то, что, как предполагает традиционный готический роман, основное внимание уделяется психологическому развитию персонажей, будь то моральный подъем или падение героя. Элемент сверхъестественного не является центральным в сюжете, хотя и оказывает на него влияние. Атмосфера ужаса в романе нагнетается не из-за монстров, которые являются частью отеля, а из-за монстров, в которых могут превратиться люди, попавшие в «Оверлук». «Monsters are real, and ghosts are real, too. They live inside us, and sometimes they win» [4, стр. 11].

Список литературы:

1. Пушкина А.А. Готический роман и зарождение неоготического направления в культуре // Вестник ЛГУ им. А.С. Пушкина. 2015. № 2. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/goticheskiy-roman-i-zarozhdenie-neogoticheskogo-napravleniya-v-kulture (дата обращения: 19.11.2019).
2. Strengell, Heidi. Dissecting Stephen King: From the Gothic to Literary Naturalism. Madison, WI: U of Wisconsin, 2005.
3. Magistrale, Tony. Landscape of Fear: Stephen King's American Gothic. Bowling Green, OH: Bowling Green State U, Popular, 1988.
4. King, Stephen. The Shining. Simon and Schuster, 2002. Print.

5.12. Проблемы уровнего обучения языкам

Бакыт Манатовна Айтбаева
кандидат филологических наук, профессор, заведующая кафедрой.
Карагандинский государственный университет им. Е.А. Букетова
(г. Караганда, Казахстан)
Айнаш Табараковна Жармаганбетова
магистр филологических наук, старший преподаватель.
Карагандинский государственный университет им. Е.А. Букетова
(г. Караганда, Казахстан)

Аннотация
В дистанционном образовании преподаватель должен быть всесторонней подготовкой: профессионалы в своей области, владеющие современными педагогическими и информационными технологиями, психологически готовые к

работе со студентами в новой учебно-познавательной сетевой среде. Организация дистанционного обучения казахскому языку может отличаться не только уровнем образования, типом учебного заведения, моделью обучения, но и существующей технологической базой. В статье исследуются теоретические подходы к использованию дистанционных технологий в преподавании языков. Авторы рассматривают дистанционную технологию как способ обучения. Возможности дистанционного обучения должны широко использоваться в преподавании языка. Авторы отмечают эффективность технологии для изучающих язык, поскольку при дистанционном обучении слушатель может работать независимо в удобное время в удобном месте с эффективным темпом. Преимущества дистанционного обучения позволяют использовать внешнюю информацию для взрослых, которые работают в группе и учатся согласно расписанию. Авторы подробно останавливаются на необходимости владения новыми инструментами в области информационных технологий для эффективного изучения второго или иностранного языка.

Ключевые слова: *язык, дистанционное образование, технология, уровень, коммуникативные навыки*

В современной теории и практике преподавания иностранного языка утвердился уровневый подход к формированию коммуникативной компетенции и способам его проверки и оценки. Уровневая система обучения языкам позволяет сопоставлять результаты обученности, которые могут соответствовать одной из 10 разработанных национальных образовательных систем. Сегодня соответствующая языковая подготовка специалиста является необходимым условием для обеспечения конвертируемости его квалификации и соответствующих документов (дипломы, сертификаты), а также убедительным аргументом для объективного оценивания работодателями подготовки претендента на определенную должность.

Под уровневым владением языками понимается определенная степень сформированности коммуникативной компетенции, позволяющая решать на изучаемым языке коммуникативные задачи во всех сферах, в том числе и в профессиональной, что немаловажно для успешного продвижения по служебной лестнице.

Дифференциация обучения позволяет преподавателям и экспертам прежде всего определить степень владения языковым материалом и уровень сформированности коммуникативных навыков и умений, а затем систематизировать требования, условия перехода обучаемого с одного уровня на другой. В этом плане важно отметить, что определенный уровень можно выделить только в системе уровней, поскольку сам по себе он существовать не может. Неслучайно уровни владения языками следует рассматривать независимо от форм и условий обучения (контактная, дистантная, дистанционная).

Для овладения определенным уровнем языковой подготовки важное значение имеют этапы обучения. Этап – это, прежде всего,

определенный временной период обучения. Сегодня перед методистами и преподавателями-словесниками встает вопрос о тесной взаимосвязи уровня владения языками с этапом обучения, когда немаловажное значение имеют объективные факторы: условия обучения, профиль обучения, исходный уровень владения конкретным языком, продолжительность учебного курса, системность процесса обучения, формы организации обучения, интенсивность погружения в язык, актуальность владения данным языком.

Не менее важна учебно-методическая обеспеченность учебного процесса аутентичным материалом и средствами обучения. Только при условии достаточно богатой технической оснащенности современным техническим оборудованием и наличием солидного дидактического материала можно требовать качества обучения языкам.

Не менее важен при обучении языкам учет субъективных факторов: возраст, социальный статус, профессиональный опыт, социально-коммуникативная позиция, мотивы и потребности в изучении языков, индивидуальные личностные и коммуникативные возможности. В этом плане важно отметить, что многие осознают важность владения государственным языком как необходимого условия осуществления профессиональной деятельности.

С целью определения качества владения определенным уровнем владения языком и для перевода с одного уровня на другой необходимы четко разработанные параметры оценки уровня владения языком, содержащим качественные и количественные характеристики языковой и коммуникативной компетенции обучаемых. Важно обратить внимание на следующие моменты:

- расширяются коммуникативные потребности, тематика и набор ситуаций общения;
- усложняются коммуникативные задачи, стратегии и тактики общения;
- увеличивается набор жанров и типов текстов, объем языкового материала;
- совершенствуются коммуникативные навыки.

Особое внимание необходимо уделить такому важному моменту как тестовый контроль оценки знаний. В этом случае должны быть разработаны единые критерии оценки, в основе которых обязательно учтено:

- единообразие поставленных целей, задач и содержания тестирования;
- внедрение стандартизированной формы проведения оценки знаний;
- единые критерии разработки и оценки тестовых заданий, учитывающих коммуникативный принцип аутентичности (отражения реальных потребностей обучаемых в каждом отдельном виде речевой деятельности).

Говоря о средствах обучения и необходимости активного обращения к инноватике в процессе обучения, хотелось бы особое внимание обратить на дистанционную форму обучения языкам, в том числе и казахскому. Важность данной формы обучения определяется поставленными перед казаховедами задачами по активному обучению государственному языку, осознанию глобальности и значимости цели, с одной стороны, и занятостью желающих изучить язык, ограниченностью материальных возможностей. В этом случае дистанционная форма будет одной из наиболее удобных форм обучения.

Важнейшее достоинство данной формы обучения – гибкая модель обучения, предоставляющая возможность приспособления обучения к изменяющимся условиям и составляющим учебного процесса:

- самостоятельное, автономное дистанционное или с преподавателем (контактно);
- различная продолжительность курса;
- ориентация на различные группы обучаемых по национальному признаку, по возрасту, по специальностям.

Предполагаемые параметры представляют собой основу традиционно понимаемого универсального учебного курса, предполагающего определенную гибкость в организации учебного процесса.

Гибкость обучения выражается в отсутствии ограничения в объеме часов, возможности сочетать формы обучения (контактный, дистанционный), дифференциация обучения с учетом социально-психологических и других факторов. Немаловажно то, что данная форма позволяет преподавателю дифференцировать обучение с учетом языковых особенностей родного языка обучаемого в сопоставлении с изучаемым. Несомненно, это позволит качественно усовершенствовать процесс обучения, что особенно важно при изучении разноструктурных языков.

Дифференциация процесса обучения, как правило, требует дифференциации содержания языкового материала. Традиционная структура учебного комплекса включает ядерный компонент – это учебник и сопутствующие ему учебные пособия по развитию речи, грамматике, лексике, чтению, рабочая тетрадь, компьютерные тренажеры, аудио- и видео-материалы, составляющие данный курс дистанционного обучения. В тоже время дистанционное обучение позволяет разрабатывать курсы, обеспечивающие реализацию нескольких задач, нацеленных не только на поддержку конкретного учебного курса (обновление аутентичных материалов), но и возможность быть использованным в качества автономного курса.

В этом случае можно говорить об универсальности данного дистанционного учебного комплекса как одной из форм индивидуализации обучения, поскольку основной языковой материал

содержит как минимальный обязательный учебный курс, но и позволяет расширить обучение в системе дистанционного образования без ограничений.

Подобного плана дистанционные формы обучения предполагают равенство субъектов учебного процесса.

Например: учащегося и тьютора.

Так как они одинаковой располагают о процессе обучение курс ДО.

Цели обучения, обучающие материалы контроль и достижение заявленных цели.

Форма, процедуры, параметры оценки (это преимущество ДО, это гибкая модель)

Цели и контроль не когда не приставленные учащемся в данной виде и для преподавателей это программы, тестовые материалы и т.д. В контактным это нет. Это сужает возможность изучение материала и снижают мотивацию.

Преимущество гибкой модели обучение и одной из этих модели курсов ДО.

1) Наглядность, ясность, понятность для учащегося всех компонентов и этапов учебного процесса.

2) Исчерпанность учебного материала

3) Наличие методического аппарата позволяющегося, участником учебного процесса использовать представленные материалы ориентируясь на условие обучение и возможности учащегося.

Литература:

1. Макаревич И.Г. Использование Интернета на уроке ИЯ // ИЯШ, 2001. - № 5. - С. 40-43.

2. Полат Е.С. Некоторые концептуальные положения организации дистанционного обучения иностранному языку на базе компьютерных телекоммуникаций // ИЯШ, 1998. - № 5. - С. 6-1.

5.13. Қашықтықтан оқытуда коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру

Бақыт Манатовна Айтбаева
филология ғылымдарының кандидаты, профессор.
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(Қарағанды қ., Қазақстан)
Айнаш Табараковна Жармағанбетова
2 магистр, аға оқытушы. Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (Қарағанды қ., Қазақстан)

Қазіргі мультимедиалық дербес компьютерлер қазақ тілін оқытуда шектен тыс емес, бірегей мүмкіндіктерге ие. Мультимедиа жергілікті, аймақтық және жаһандық желілер бойынша дыбысты, бейнені, мәтінді тарата алады. Мұндайда бейне статикада және динамикада беріле алады, бұл кезде интерактивтік тәртіп қолданылады. Қазіргі мультимедиалық компьютер теледидармен бірге бірыңғай кешенге біріктіріле алады, бұл әр түрлі бейнежазбалардан, телехабарлардан кейбір фрагменттерді пайдалануға мүмкіндік береді. Ол белсенді стереофоникалық бағаналармен, микрофонмен, оптикалық компакт-дискілерге арналған дисководтармен жабдықталған. Интернеттің технологиялық мүмкіндіктері қазақ тілін меңгеретіндер үшін шынайы тілдік ортаны құруға мүмкіндік береді. Мұндай орта тіл иесімен кейінірек (электрондық почта, off-line-телеконференциялар) немесе сол мезетте (телеконференциялар, Chat, бейнеконференциялар) қарым-қатынасқа түсудің арқасында пайда болады. Бұдан басқа бұл жеке ақпаратты жариялау, жеке web-бетті құру, ақпараттық ресурстарға қолжетімділік, мықты іздеу жүйелері арқылы желіде жаңдандыру мүмкіндігі болып табылады. Аталған бірегей мүмкіндіктер шын мәнінде қашықтықтан оқыту формасында қазіргі оқу үдерісін ұйымдастыруға барлық жағдайды тудырып отыр.

Қашықтықтан оқыту нұсқасы, бір жағынан, білім алушыға оның жеке мүмкіндіктері мен қабілетіне сәйкес көлемде қажетті білімді ұсынады; бірақ, екінші жағынан, мұнда есту дағдысына сүйену, яғни білім алушылардың бір мезгілдегі кері байланысында ауызша практикаға сүйену шектеулі. Бұл заңдылықты практикада тек видеоконференциялар ғана іске асыруға мүмкіндік береді. Барлық ақпарат клавиатураның көмегімен, жеке жағдайларда дауыспен енгізіледі. Сол сияқты мәтін немесе дыбыс түріндегі ақпарат қабылданады. ҚО туралы сөз болғанда жаттығуларды ауызша орындау, жанды қарым-қатынас мәселесі әзірше желілік және басқа да ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерінен тыс қалып отыр. Сондықтан егер оқыту мақсаты тек грамматикалық және лексикалық дағдыларды ғана емес, сонымен қатар фонетикалық дағдыларды; сондай-ақ тек оқылым, жазылым, тыңдалым дағдыларын ғана емес, сонымен қатар айтылым дағдыларын да қарастырса, онда қашықтықтан оқыту модельдерін интеграциялау анағұрлым дұрыс болып табылады. Мұндай жағдайда дағдыны қалыптастыру, мәтінді оқу және басқа да жазбаша қызмет түрлерін қашықтықтан оқыту формасына ауыстырып, ал аудиторияда оқытушы мен білім алушылардың арасындағы тікелей көзбе-көз байланыста айтылымға (монолог, диалог, полилог) көп көңіл бөлу қажет. Егер оқыту мақсаты айтылым саласында елеулі нәтижелерге қол жеткізуді көздемесе, онда оқытудың өзге модельдерін, соның ішінде тек желілік модельдерді қолдануға болады. Егер қалыптастырылып отырған коммуникативтік құзыреттіліктің деңгейі жеткілікті дәрежеде жоғары болса, онда фонетикалық дағдыларды

қалыптастыру және оларды жетілдіру туралы айта кету керек. Мұның барлығы фонетикалық дағдыны, яғни операциялық бақылауды қалыптастырған жағдайда да жанды, тікелей байланысты талап етеді. Пәннің ерекшелігі осындай. Тілдік қызметтің басқа да түрлерін қатар меңгеру қажетті дағдыларды қалыптастыру тиімділігіне сөзсіз әсер етеді, дегенмен жазбаша қарым -қатынас қаншалықты қарқынды болғанмен, ол айтылым дағдысын сәтті қалыптастыруға көмектеседі, бірақ ауызша қарым-қатынасты толығымен алмастыра алмайды.

Қашықтықтан оқытудың кез келген түрінің тиімділігі төрт құрамдас бөлікке байланысты: а) оқытушы мен білім алушының географиялық жағынан қашықтықта орналасқанына қарамастан өзара тиімді әрекет етуі; б) сонымен қатар педагогикалық технологиялардың қолданылуы; в) әзірленген әдістемелік материалдардың және оларды жеткізіп беру тәсілдерінің тиімділігі; г) кері байланыстың тиімділігі. Сонымен қатар интернет білім алушыларға пікірталастарға қатысу, өз мақаласын, пікірін ұсыну, басылымға репортаж ұсыну арқылы белсенділік танытуға және өз күшін сынауға мүмкіндік береді. Бұл – қандай да бір баспа ретінде көрінетін ашық форум, мұнда барлық тілек білдірушілер өз жұмыстарын жариялай алады. Барлық жұмыстардың соңында автордың электронды мекенжайы беріледі, бұл кері байланыс арқылы пікірталасқа түсуге мүмкіндік береді.

Қазіргі кезде ҚО мәселесін техникалық тұрғыда әр түрлі шешуге болады. Қазіргі ақпараттық технологиялар кез келген көлемдегі және мазмұндағы ақпаратты кез келген қашықтықта орналастыруда, сақтауда, өңдеуде және жеткізіп беруде шексіз мүмкіндіктерге ие. Бұл жағдайда ҚО жүйесін ұйымдастыруда бірінші орынға оны ұйымдастырудың педагогикалық, мазмұндық жағы шығады. Оқу материалының мазмұндық жағы ғана емес, құрылымдық жағынан ұйымдастырлуы да есепке алынады.

Қазақ тілін ҚО курстарын құруда тұжырымдамалық педагогикалық ережелері ерекше мәнге ие болуы қажет. Олар:

Оқыту үдерісінің орталығында білім алушының жеке танымдық қызмет (оқыту емес, үйрену); Тілдік қызметтің әр алуан түрлерін меңгеру, қажетті дағды мен білікті қалыптастыру;

Бір жағынан, білім алушыға өзіне қолайлы уақытта өзіне ыңғайлы жерден білім алуға мүмкіндік беретін білім берудің икемді жүйесі қажет.

Екінші жағынан, ҚО кезінде білім алушы тек компьютермен жұмыс істей білу дағдысын ғана меңгермей, сонымен бірге ол Интернеттің әр түрлі ресурстарында кездесетін аутентикалық ақпаратпен жұмыс істей білу қабілетіне де ие болуы керек. Демек, білім алушылар курсқа қажетті немесе әр түрлі серверлерде дербес қолданылатын оқылымның әр алуан түрін жақсы меңгеруге тиісті: үйренуші, ізденуші, танымдық, электрондық анықтамалықтармен және сөздіктермен жұмыс жасай білу. Сондықтан оқылымның осы ерекше түрін оқытуға, анықтамалық

электрондық материалдармен жұмыс жасауға бағытталған курстар болуы қажет.

Өз бетінше білім алу пассив сипатқа ие болмауы керек, керісінше, білім алушы басынан бастап білімді меңгеруге шек қойылмайтын, бірақ топтардағы бірлескен шығармашылық қызметтің әр алуан коммуникативтік міндеттерін шешуде тікелей қолданылатын белсенді танымдық қызметке жұмылдырылуы керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Егемен Қазақстан 31.01.2017 ж., № 20 (29001).

2. «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827. Дата обращения – 23-02-2019.

3. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі тарапынан 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығымен бекітілген «Қашықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары». - http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500010768 - дата обращения 23-02-2019.

4. Андреев А.А. Дидактические основы дистанционного обучения. – Москва: РАО, 1999. – 120 с.

5.14. Абай, Шәкәрім шығармалары арқылы сана ашықтығымен рухтану

Гүлжан Қажымұратқызы Тулекова
филология ғылымдарының кандидаты, доцент
«Мекеме «Тұран» университеті (Алматы қ., Қазақстан)
Гүлназ Қажымұратқызы Тулекова
филология ғылымдарының кандидаты, профессор.
Азаматтық авиация академиясы (Алматы қ., Қазақстан)
Аяжан Бимаханбет
"Аударма ісі" мамандығы. «Тұран» университеті
(Алматы қ., Қазақстан)

Түйіндеме

Мақалада Абай мен Шәкәрімнің өскелең ұрпақтың бойына адами факторлардың қалыптасуы: қоғаммен тығыз байланыста екендігі айтылады. Н. Назарбаевтың ұлттық код туралы ұғымы баяндалады.

Тірек сөздер: *кәсіби бағыт, бәсекелік қабілет, прагматик, заман ағымы, бүгінгі қоғам, нақты меже, шынайы мәдениет, сана ашықтығы.*

Прагматизм когнитивного поведения в произведениях Абая, Шакарима

Резюме
В этой статье рассматривается о выступлении Н. Назарбаева что национальный код Абай и Шакарима человеческие факторы для формирования молодого поколения: в тесном контакте с общественностью.
Ключевые слова: *профессиональное направление, прагматичность, конкурентоспособное, современное, современное общество, реальные масштабы поток прозрачности, истинная культура и сознание.*

Pragmatism of Cognitive Behavior in the Works of Abai, Shakarim

Summary
This article deals N. Nazarbayev`s speech about the national code, Abai and Shakarim's human factors for the formation of the younger generation: in close contact with the public.
Key words*: professional direction, pragmatic, competitively, modern, modern society, the extent of the transparency flow, true culture and consciousness.*

Қай ғасыр болмасын, ұлттық нышанды жырламаған ұлт ақыны жоқ. «Қазақтың рухани жаңғыруы – тарихыңды түгендеу, өшкеніңді жаңғырту, ұлттық құндылықтарымыздың қадіріне жету», - деген ойын жеткізген ақын Бақыт Беделханның ойы сана ашықтығының жемісі.

Өр тұлғалы ел азаматтарымыздың даналығы қашанда сана ашықтығына, мақсат тұтуға негіз болары сөзсіз. Мағжан Жұмабаев:

Құрбылар іске бет алсақ,
Ойламай қант қақпалық,
Анау жарық–алтын деп,

Көрінгенге шаппалық [1, 162 б.], – деп келетін өлең жолдарында кез-келген мақсаттың дұрыс орындалуы нақты ойдың айқын болуында екендігін алға тартады. Елбасымыз "Рухани жаңғыру" жаңа Қазақстанның ел саясатына ауадай қажеттігін: "Прагматизм – өзіңнің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағыңды жоспарлай алу, ысырапшылдық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердеңдікке жол бермеу деген сөз. Нақты мақсатқа жетуге, білім алуға, саламатты өмір салтын ұстануға, кәсіби тұрғыдан жетілуге басымдық бере отырып, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдалану – мінез-құлықтың прагматизмі деген осы. Бұл – заманауи әлемдегі бірден-бір табысты үлгі" [2], – деген сөздері бүгінгі таңның әр бір азаматына, дұрыс бағыт беріп, нақты шешім қабылдауға үшін қанатты жолбарыстай болуына негіз болып отыр. Әрине, сан ғасырлық төл туындыларымыз бен әлемдікдеңгейдегі ұлы даналарымыздың еңбектерінде түйінді ойлары қайта жаңғыртылып, жаңа буын оқу бағдарламасының өзегіне айналып отыр. Әл-Фарабидің дидактикасында оқытудың екі негізгі формасы бар: біріншісі, зерек шәкірттерге арналған дәлелдеу, абстракциялық қиялдау жәрдемімен сендіру, көз жеткізу; екіншісі: орташа оқушыларға арналған көрнекілік,

яғни бейнелеу. Сендіру, көз жеткізу әдісі, біздіңше, қазіргі жай әңгіме эвристикалық әңгіме, дәріс, проблемалы оқыту әдістеріне жақын келеді. Әл-Фараби осыған байланысты практикалық өнер, қол өнерін үйрету методикасы мәселелеріне де тоқталып, мұнда ауызша сабақты шәкірттің жаттығу, машықтану әрекеттерімен ұштастыра жүргізуді ұсынады [2]. Әл-Фарабидің педагогикалық ілімі бойынша тәрбие мен тәлім, білім беру мәселелері өзара тығыз байланысты бір-бірін толықтыра жүргізілуі тиіс. «Философияны үйрену үшін алдын-ала нені білу қажет?» деген еңбегінде ол ғылым мен философияны жетік меңгеру үшін бірінші алғы шарт етіп адамның жан тазалығын, ар тазалығын, әдеп-тәрбиелігін қояды. Басқа ғылымдарда оқып үйренуде ғұлама ең әуелі тіл мен логиканы біліп алуды ұсынады. Әл-Фараби ғылым, білімді қалай болса солай жаппай жүйесіз үйрене бермей, адамның ақыл-парасатына, мінез-құлқына әсер етіп, практикалық іс-әрекетіне пайдалы болатын жақтарына баса көңіл бөлуді ұсынады [2]. Міне, осы тұрғыда әр мамандықтың өзіндік талабына сай рухани жаңғырту жолдары сараланып елімізде жасалып жатқан бағдарламалар мен атқарылып жатқан ауқымды жаһандық мәселелер өзінідік орындарға ие. Ғұламаның тіл мен логиканы үйреніп алу деген жеріне тоқталып өтсек, "Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі", – деп Ахмет Байтұрсынұлы тілді адам санасындағы ойдың күрделі иірімдері мен әр түрлі психофизиологиялық құбылыстар арқылы қабылданатын ақпараттардың күрделі таңбалық көрінісі ретінде де тануға негіз жасады. "Біз бүгінгі жаңа атаулы ертең-ақ ескіге айналатын, жүрісі жылдам дәуірге аяқ бастық. Бұл жағдайда кәсібін неғұрлым қиналмай, жеңіл өзгертуге қабілетті, аса білімдар адамдар ғана табысқа жетеді. Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керектік",– деп Н. Назарбаев жолдауында ұмтылғыш жастарға ұлы идеологияны арқау етті [3]. Рас, үлгеретін жас, "прагматик" бол деп үндеу жолдап отырған елбасымыздың әр қазақстандыққа қайта жаңғыртып, осынау ақпараттық заманда түйсікке түйіп, ойдың етегінде күнде жаңғыртып отыруға дағдылану қажеттігін әркім "міндетім"– деп сезінсе, жүзеге асары сөзсіз, солай болып та отыр. "Білімнің салтанат құруы білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет", – деп атап өткендей біздің "Тұран" университетінде студенттер үшін түрлі кәсіпорындармен байланыса отырып, арнайы студенттер үшін курстар мен тренингтер ұйымдастырылып отырғаны біздер үшін де, студенттер үшін де осы алаңның ертеңге – азық, бүгінгі жаңалықтардың жаршысы болып отыр. Айталық, елбасымыз "Прагматизм" – өзінің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағыңды жоспарлай алу, ысырапшылдық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердеңдікке жол бермеу деген сөзді жастарымызға, қоғамға паш етіп отыр. Әрине, иманды болу, иман жүзді болу, сыпайылық пен адамгершілік, қарапайымдылық бүгін ең жетіспейтін

адами қасиеттердің асылы болып отыр. Абай айтқан жүректі азаматтарымыздың өсіп жетілуіне, бұл жаңа жаңғыртуға ғашық, ынтық жандардың бойынан: Сұлулығын қояйын, мінезі артық, Ақылды, асыл жүрек, сөзі майда [4], – деп өзінің асыл жүректі жанды өлеңге қоса отырып, «асыл» сөзінің бойына келбеттің сұлулығын ғана емес, инабаттылық, ибалы жанның рухын, «жаны сұлудың, ақылы да сұлу» деген сабырлылығын, жалпы айтқанда, мінезге бай екендігін сыйғызып, өзі сенген жанның тек жақсы жағынан көре алатындығын және де мінезі мінсіз қазақ қыздарының бойын арқау етеді. Ал Шәкәрім: Сөз айта алмай бөгеліп, Дүрсіл қағып жүрегі. Тұрмап па еді сүйеніп, Тамаққа кіріп иегі? [5]. (Шәкәрім. «Жиырма үш жасымда»), – деген өлең жолдарында ақын енді басқа жүректі жырлайды. Бұл тіркестегі жүрек «Дүрсіл қаққан жүрек» – ғашықтықтың, албырт сезімнің көрінісі. Осы жердегі ғашықтық концентісінің мәні терең: ұмтылғыш, іс бастағыш, ғашықтыққа толы жастардың бойынан көрініс табатын, жігерге толы ұмтылғыш, үйренуге қабілетті жастарға тән қасиет, сөз айта алмай, ұялуы, «махаббат» сынды ұлы сезімнің әсерінен дірілдеген, ұяңдау, күйіп-жанған адам психикасының ақиқатын, жүрегінің қатты соғып, сезімге бой алдыруын білдіреді, олай болса, осы шақта жастардың бойында қалыптасатын уақытты дер кезінде орынды пайдаланған жөн.

Болашағыныңды жоспарлай біл, нақты меже белгіле, соған жет деп, елбасының жол көрсетуі түсінгеннің түйсігіне үлкен концепт. Себебі бұл бүгінгі қоғамда жоққа айналып бара жатқанын көпшілік ақпарат көздерімен, интернет желілерінен байқалып та жүр. Оның түрлі себебі де бар. Елбасымыз: "Күллі жер жүзі біздің көз алдымызда өзгеруде. Әлемде бағыты бұлыңғыр жаңа тарихи кезең басталды. Күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүниеде сана-сезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңіп қалған таптаурын қағидалардан арылмасақ, көш басындағы елдермен тереземізді теңеп, иық түйістіру мүмкін емес. Өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып, заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керек"[1], – деп тағы да санамызға сіңіреді. Жолдаудың әр жолын студенттермен талдай отырып, өз бойларындағы кемшіліктермен күресудің жоспарларын жасай отырып, өздеріне есеп берудің жолын тауып отырғаны бізді қуантады.

Ол дәурен өмір емес, бір көрген түс,
Ойға тойма, қызықты қиялдан күс.
Қарашы, өн бойыңа түгел ме екен,
Ыстық жүрек, өң-шырай, қуат пен күш? (Абай. «Ол дәурен өмір емес, бір көрген түс»). Назар аударайықшы, ыстық жүрек адам бойындағы жастықты, қарулылықты, бұлқынған, тасынған сезімді, жігерлілікті білдіреді. Сонымен қоса, есейген шақта өткен өміріне есеп бере отырып, бойда бар ыстық жүректі, қуат пен күшті білім мен ғылымға жұмсау қажеттігін ескертеді. Сөйтіп, Абай жастарға өмір тез-ақ өтіп кетеді, сондықтан күш-қайратың барда білім ал, еліңе еңбек еттетін

прагматик мінез қалыптастырған өсиетті қоса білдіреді. "Қазіргі қоғамда шынайы мәдениеттің белгісі – орынсыз сән-салтанат емес. Керісінше, ұстамдылық, қанағатшылдық пен қарапайымдылық, үнемшілдік пен орынды пайдалану көргенділікті көрсетеді". Әйтсе де, қоғамда белең алған ұстамдылық, қанағатшылдық пен қарапайымдылық, үнемшілдік пен орынды пайдалану көргендіктің орнын көлеңкелік басып жатқаны белең алғандығын жасыра алмаймыз. Өз кезінде Абай: «Қанағат, рахым ойлап қой, бес асыл іс көнсеңіз», - деп ойын атқан.

Нақты мақсатқа жетуге, білім алуға, салауатты өмір салтын ұстануға, кәсіби тұрғыдан жетілуге басымдық бере отырып, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдалану – мінез-құлықтың прагматизмі деген осы. Бұл – заманауи әлемдегі бірден-бір табысты үлгі. Ұлт немесе жеке адам нақты бір межеге бет түзеп, соған мақсатты түрде ұмтылмаса, ертең іске аспақ түгілі, елді құрдымға бастайтын популистік идеологиялар пайда болады", – деп баса айтады елбасы. Сонымен, әркім өз мақсатына деген сөзден елбасымыздың *меже* деген сөзіне тоқталып өтсек, Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігінде 1. тура мағынасында – Мөлшер, шама, шек. *Менің биылғы межем – жүз саулықтан жүз он қозы алу* [5, 485-б.]. 2. Мақсат – Бір нәрсеге(нәтижеге) жету үшін алға қойылған міндет [5, 449-б.]. 3. Міндет – Парыз, борыш. Міндет артты – қызмет жүктеу. Міндетіне алды –*мойнына алды.* [6, 474-б.]. Осы тұрғыда әркімді табысты үлгіні, ұлттық прагматизді заманауи келбетке сай болуына шақырады.

Өз кезінде Абай қағат, рахым ойлап қой, бес асыл іс білсеңіз ойын атқан. Ақынның «Ғылым таппай мақтанба» өлеңі мен Отыз сегізінші қарасөзіндегі аса үлкен мән бере айтатын жан мен тән, адамның ішкі, сыртқы сезім мүшелері, қанағат, еріншектік, надандық және жуан мәрттілік туралы тұжырымдары Дауанидың ойларымен сабақтас, үндес келеді. Абайдың:

«Шын сөз қайсы біле алмай,
Әр нәрседен құр қалма.
Мұны жазған білген құл,
Ғұламаһи Дауани,
Солай депті ол шыншыл,
Сезін оқы және ойла...», – деп, Дауани есіміне ерекше тоқталуында үлкен ой, терең сыр жатыр. Дауанидың пайымдауынша, баланы тәрбиелеуді ерте қолға алып, олардың дақ түспеген санасына ізгілікті нәрселерді еге білу қажет. Өйткені, олардың санасы, жас кезінде ете тұтқыр да алғыр келеді. Абай да осы пікір тұрғысында: «Тез үйреніп, тез жойма, Жас уақытта көңіл – гүл...», деп, бала санасының жылдам қабылдағыш қасиетін жас уақытта босқа жібермеу қажеттігін ескертеді. Адамның балалық шағында дүние тануға құштарлығы мен жан құмарының ерекше артатындығына ақын Жетінші сөзінде де тоқталып өтеді. Дауани баланың жақсы, жаман мінезге ие болуы, оның қандай адаммен қарым-қатынас жасауына, кімнен тәрбие алуына байланысты

екенін айта келіп, оларды теріс ықпал жасайтын жандардан аулақ ұстауға кеңес береді. Бұл пікір Дауанида жалпы айтылса, Абай елеңіңде қазақ болмысына сай одан әрі тереңдетіле, жетілдіре түскен. Ол өзі өмір сүріп отырған әлеуметтік ортада орын алған «бес дұшпаннан» бес түрлі зиянды мінез-құлықтан әрбір адам боламын деген жас өспірімнің сақтануы керектігін ашық айтады [4].

Нақты мақсатқа жетуге, білім алуға, саламатты өмір салтын ұстануға, кәсіби тұрғыдан жетілуге басымдық бере отырып, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдалану – мінез-құлықтың прагматизмі деген осы.

Н. Назарбаев: «Ұлттық жаңғыру» деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Оның екі қыры бар. Біріншіден, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту. Екіншіден, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту. Біз әркім жеке басының қандай да бір іске қосқан үлесі мен кәсіби біліктілігіне қарап бағаланатын меритократиялық қоғам құрып жатырмыз. Бұл жүйе жең ұшынан жалғасқан тамыр-таныстықты көтермейді. Осының бәрін егжей-тегжейлі айтып отырғандағы мақсатым – бойымыздағы жақсы мен жаманды санамалап, теру емес. Мен қазақстандықтардың ешқашан бұлжымайтын екі ережені түсініп, байыбына барғанын қалаймын. Біріншісі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншісі – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек." [3] – дейді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. А. Байтұрсынов Шығармалары: өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. (Құраст. Шәріпов Ә., Дәуітов С.) Жазушы, 1989, – 320 бет.
2. Пірімбек Сүлейменов. Әл-Фарабидің қоғамдық философиялық және педагогикалық ғылыми көзқарасы.
3. Нұрсұлтан Назарбаев. Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру. https://egemen.kz/.../nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghd...
4. Абай. Екі томдық шығармалар жинағы. Аудармалар мен қара сөздер. Алматы, 1986. – 199 б.
5. Шәкәрім Құдайбердиев шығармалары. Өлеңдер, дастандар, қара сөздер. Алматы, 1988. - 559 б.
6. Қазақ тілінің сөздігі. Алматы., 1999, Дайқ-Пресс – 774 б.

5.15. Көркем фильм мәтінін аудару лингвистикалық зерттеудің нысаны ретінде

Алима Укубаевна Ильясова
педагогика ғылымдарының магистрі, доцент.
Еуразия гуманитарлық институты
(Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан)
Гульжан Укубаевна Аренова
педагогика ғылымдарының магистрі, доцент.
Еуразия гуманитарлық институты
(Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан)
Лаззат Усмановна Алипбекова
педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы.
Еуразия гуманитарлық институты
(Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан)

Кинематография өзінің жүз жылдан астам уақыт бойы ой-пікірлері бір тұжырымға келетін ғылыми білімнің түрлі салаларындағы зерттеушілердің назарларында: кез-келген өнер сияқты, кино элементтері әртекті өзінің жеке айрықша тіліне ие, бірақ жиынтық түрде нақты кинематографиялық туындыда жанданып үйлесімді бүтіндікті құрады. Алдымен, «киномәтін» мен «кинодиалог» ұғымдарын анықтау керек.

Лингвистердің пікірінше, киномәтін – ауызша (лингвистикалық) және бейвербалды (иконикалық немесе индексалды) белгілердің көмегімен ұжымдасқан толықтай байланысқан, біртұтас және аяқталған мәтін. Ол кинематографиялық кодта тіркелген және көрерменнің дыбыстық-бейнелі қабылдауына сәйкес құрылады. Ал, кинодиалог семиотикалық таңбалар бойынша да, вербалды компоненттердің көмегі арқылы да, сонымен қатар дыбыстық-бейне мағынасының біртұтастығымен қамтамасыз етілуі нәтижесінде пайда болады. Осы жиі қолданылатын екі ұғымды салыстыру арқылы кино жұмысының түрлі анықтамалары, мақсат-міндеттері айқындалады. Бұл ұғымдар, құрылымдық вербалды және бейвербалды компоненттер фильмнің құрамдас бөлігі болып табылады. Әрбір вербалды немесе бейвербалды компоненттің жалпы міндеті – авторлық идеяларға тәуелді болатынын білдіреді. Бұл ұғымдар кино тілін тек зерттеу үшін ғана емес, сонымен қатар жұмыс істеу ерекшеліктері (белгілер және оларды ұйымдастыру) арқылы тәжірибе жинауға, лексика-грамматикалық, стилистикалық және лингва-мәдени аспектілерді пайдалану арқылы сөз мағынасының аясын кеңейтуге мүмкіндік береді [1, 28 б.].

Гуманитарлық ғылымдарды дамытудың қазіргі кезеңінің айрықша ерекшелігі лингвистика, риторика, психология және әлеуметтанудың жетістіктерін қарым-қатынастың жалпы теориясын құру жолындағы

біріктіру болып табылады, ал оның басты мақсаты - тіл, тұлға, қоғам, адам мәдениеті деңгейінде қарым-қатынас мәселесі. Аударманы процесс ретінде түсіну аударма стратегиясының ұғымымен тығыз байланысты. Осы екі тұжырымдаманың өзара әрекеті соншалықты үлкен, кейбір зерттеушілер оларды іс жүзінде синоним ретінде пайдаланады [2, 94 б.].

Кинодиалогты аударған кезде келесіні есте сақтаған жөн: біріншіден, көркем аудармаларды бағалаудың негізгі критерийі не біртұтас абстрактілі идеал емес, не бір пайда болатын аудармашылық нормасы емес, ал аудармашының өз алдына қойған міндеттеріне барынша сәйкес келетін стратегияны аудару арасындағы сәйкестік екендігін, екіншіден, көркем аудармадағы аудармашының негізгі стратегиялық мақсаты түпнұсқадағы көркемдік және эстетикалық құндылықтарды жеткізу болып табылады, ал оның аударма стратегиясын таңдауды анықтайтын негізгі факторлар – бастапқы мәтіннің түрі, аударма рецепторының (немесе реципиенттің) типі және аударма актісінің мақсаты болып табылады [3, 84 б.].

Соңғы жылдарда аудармашылық әдебиетте зерттеушілер аударылатын мәтіннің зерттеу бағытына және түріне қарай нақты стратегиялардың әртүрлі жиынтығын ұсынады. Мысалы, аударманың когнитивті моделінің негізі ретінде, әдеттегі үш тұрақты әмбебап аударма стратегиялар ерекшеленеді: басымдылық мағынаның құрылымын құру стратегиясы; түпнұсқа мәтінге барабар келетін эмоционалдық үстемдікті бөліп көрсету стратегиясы; авторлық мағыналарды өз нұсқаларымен ауыстыру стратегиясы. Жарамды-когнитивтік тәсіл шеңберінде қазіргі фрагментті аударудың бір жағынан, аударылған мәтіннің барабарлығына қол жеткізу ұмтылысы және екінші жағынан, оны барынша жарамдылықпен қамтамасыз ету арасындағы ымыралы шешімді іздестірумен ілесіп келетін жалпы ретроспективті стратегиясы ұсынылады [4, 23 б.].

Екі мәтіннің функционалды баламалылығына қол жеткізу түпнұсқа мәтіннің үстем функцияларына (сипаттамалық функциялар, білдіру функциялары, айналым функциялары) байланысты стратегиялардың қолданылуын қарастырады. Олардың ішінде мәтіннің тиісті жанрлық стилінің мазмұнын айқындау, басымдылық тығыздықты, ықтималдық болжауды, сынақтар мен қателіктерді, өзгерістердің орнын толтыратын компрессия мен декомпрессияны анықтау, сөзбе-сөз аударманың дүниені сезінуін жеткізу стратегияларын атайды. Көрсетілген жіктемеге сәйкес, формаға бағдарланған мәтіндерге (білдіру функциясының басым болуымен) аудару кезіндегі сынақтар мен қателіктер және ықтималдық болжау стратегиялары іс жүзінде қолданылмайтын көркемдік проза мен поэзия жатады [2, 113 б.].

Кинодиалогты аудару дегеніміз - ол, бір жағынан, шет тіліндегі рецепторға фильмнің кейіпкерлері не жайлы айтып тұрғандарының мағыналық құрамын жеткізу, екінші жағынан, тиісті прагматикалық

әсермен қамтамасыз ету үшін дыбыстық мәтіннің өзіне тән сипаттамалық ерекшеліктерін мүмкіндігінше сақтау. Кинодиалог мәтінінің ең маңызды сипаттамаларының бірі оның ауызша жаңадан өндіруге деген назарын ұмытпау керек, бұл дегеніміз келесіні білдіреді. Біріншіден, тіпті егер, кинодиалогты алдын-ала жазылған мәтін ретінде және кенет сөзбе-сөз әңгіме ретінде арасында белгілі бір айырмашылық бар деп ойласақ та, көпшілік басым жағдайларда, кинодиалог мәтіні табиғи әңгіме схемасын өзгертпейді. Екіншіден, аудармашы аударылған мәтінді сөйлеушілер мен актерлердің пайдалануына арналғандығын ескеру керек, сондықтан аударма кинодиалогының репликалары дыбысталу және табиғи дыбыс шығару оңайлығымен ерекшеленуі керек [3, 86 б.].

Тиісінше, кинодиалог аудармашысының алдында өте нақты міндеттер тұрады:

1) қолданылатын аударма техникасына тікелей байланысты дыбыс сөзінің ерекшеліктерін жеткізу;

2) қажетті прагматикалық әсерге қол жеткізу;

3) кинодиалог мәтінінің материалды тасымалдаушысы ретінде фильмнің өзіндік ерекшелігімен байланысты кеңістіктік-мерзімдік факторларының қажетті ескерілуі.

Осыған байланысты, сондай-ақ, тональдық санаттағы кино категориясының үстем жағдайын ескере отырып, оны аударғанда келесі стратегияларды қолдану орынды деп есептейміз:

1) мәдени құндылықтарды көрсету стратегиясы;

2) аударылған кинодиалог мәтінінің дыбысталу жарамдылығы мен табиғи қасиеттеріне қол жеткізуде пайда болатын жалпыға бірдей «үндестікті» сақтап қалу стратегиясы [3, 89 б.].

Кино аударманың негізгі құраушылары:

Дубляждау (дубль сөзінен – екінші нұсқа) немесе «қайталама аударма» (қысқаша түрде дубляж) – дыбыстық-бейне жұмыстардың (фильмдер, мультфильмдер, телехикаялар) аудармасы, түпнұсқа тілінде сөйлемейтін елдерде сол туындыны көрсету мақсатымен актерлердің шет тілінде сөйлеуін толығымен басқа тілге ауыстыру. В.Е. Горшкова, осы терминнің анықтамаларына көптеген талдаулар жасады. Нәтижесінде келесі тұжырымға келді: дубляждау жазудың ерекше техникасы бола отырып, түпнұсқадағы диалог жазбаларымен, фильмнің дыбысталған жолын аударма тіліндегі дыбыстық жолға ауыстыруға мүмкіндік береді.

Дубляждауды қолданудың оң және теріс жақтары бар. Оң жақтары:

- үлкен әлеуметтік аудитория, соның ішінде халықтың сауатсыз топтары, көру қабілеті нашар адамдар, балалар және т.б.;

- аударама тілдегі адамдарға қабылдау үшін көп күш-жігерді талап етпейді;

- дыбыстық-бейне мәтін бастапқыда аударатын тілде орындалды деген елес құрылады, яғни, тілдік кедергілерді жеңу болады;

- дубляждау кейіпкерлердің диалектілік және әлеуметтік сөйлеу ерекшеліктерін өтеуге мүмкіндік береді. Ал, субтитрлеу кезінде ол мүмкін емес;

- дубляждау кезінде түпнұсқаның дыбыстық жолына оған аудармасы бар дыбыстық жол салынғанда басып тасталады.

Теріс жақтары:

- актерлік құрамға және жабдыққа кететін үлкен материалдық шығындар;

- дыбыстау, мәтінді аудару және оны түзету кезінде кететін үлкен уақыттық шығындар;

- реципиентке түпнұсқадағы актерлердің дауысы естілмейді. Ал, дубляж актерлері әрқашан мәтінді түпнұсқа актеріндей мәнерлеп оқи алмайды [5, 30-43 бб.].

Фильмді дубляждау екі кезеңнен тұрады:

1) фильм мәтіні бейнесімен сихрондықты жасау;

2) сөйлеу тонировкасы кезінде режиссердің актерлермен жұмысы барысында осы мәтінді іске қосу.

Дубляждалған аудармада аударма тіліндегі актерлердің сөйлеуі толығымен ауыстырылады, сонымен қатар актерлердің мимикасымен, ал негізгісі олардың артикуляциясымен синхрондалуы сақталады. Аудармашыға көбінесе кейіпкерлердің артикуляциясын олардың мәтінімен қажетті сәйкестендіру үшін мәтінді бұрмалауына тура келеді. Осыған байланысты, аударма дубляж ба, әлде еркін бейімделу ме екендігі туралы сұрақ туындайды [6, 243-246 бб.].

Дубляждың үш түрі бар: Дубляждың бірінші түрі – көп дауысты, яғни фильмдегі әрбір кейіпкерді жеке актёр немесе актриса дыбыстайды. Егер фильм кинотеатрларда прокатқа шығаруға дайындалса, онда дубляждың тек осы деңгейі ғана рұқсат етіледі. Алайда, кейде бірнеше рөлдерді бір актер-дублер дыбыстайды, және дауыстарын ажырату тек мамандардың қолынан келеді.

Дубляждың екінші түрі фильмдегі барлық ерлерді тек бір актер, ал әйелдерді тек бір актриса дыбыстаумен сипатталады. Дубляждың мұндай деңгейі тек теледидар фильмдерінде немесе телехикаяларда болуы мүмкін.

Дубляждың үшінші түрінің ерекшелігі, бір актер фильмнің барлық кейіпкерлерін дыбыстайды. Мұндай аудармалар пираттық және төмен сапалы кино өнімдерге тән.

Әдетте, фильмдер экранда сөйлейтін кейіпкерлердің бет әлпетіне және артикуляциясына сәйкес келетін етіп дубляж жасайды. Түпнұсқа жас пен темпераментті және орналасуымен сәйкес болуы да (мысалы, дауыстың жер астынан естілуі) жоғары сапалы дубляж жасауға қажет [7].

Дубляждау кезіндегі ең маңызды және шешуші кезең – сөйлеу тонировка процессі барысында актер және режиссер сөйлеу суретін түпнұсқа фильмдегі актердің өміріндегі барлық ерекшеліктерімен біріктіруге ұмтылады. Дубляждау кезінде фильмнің түпнұсқа дыбысы алынып тасталғандықтан, көрерменде актерлік және режиссерлік түпнұсқа түсінігін бағалау мүмкіндігі жоғалады. Дегенмен, жылдамдық, көлем, энергетикалық, уақыттық және ресурстық шығындар тұрғысынан нақты қайталама аударма ең тиімді болып табылады [6, 243-246 бб.].

Дубляж актерлерінде кәсіби білім мен актерлік жұмыста тәжірибесі болуы керек. Кейде бір актер бірден бірнеше кейіпкерді дыбыстай алады, бірақ оны тек кәсіпқой маман ғана айыра алады. Жиі белгілі бір актерге оны үнемі дыбыстайтын бір дубляж-актері тағайындалады.

Дыбыстық жазбалар студияда әр актермен жеке-жеке, шектеулі уақыт аралығында жүргізіледі. Уақыт бойынша әр актердің сөзі түпнұсқа фильмімен сай болуы керек. Фильмнің акустикалық әсерлері дубляж кезінде сақталуы тиіс. Мысалы, ваннада немесе бос бөлмеде жаңғырық қалуы керек. Фильм барысында шулар мен дыбыстар бөлек жазылады. Содан кейін дыбыс режиссері бөлек жазылған дыбыстар мен шуларды алдын-ала монтаждан өткен актердің сөздерімен келтіреді де, бүкіл фильмді қайта жазады [6, 243-246 бб.].

«Субтитрлер – фильмнің диалогтарының қысқартылған аудармасы болып табылады, олардың негізгі мазмұнын көрсететін және басылған мәтін түрінде экранның төменгі жағында орналасқан түпнұсқа фильмнің бейнесімен қатар жүреді». Кейіпкердің реплика мазмұнын жеткізетін субтитрлер, ол дыбыстала бастаған кезде бір уақытта пайда болуы керек. Бұл шарттың орындалуы әсіресе жылдам диалог немесе полилог кезінде, көрермен қай субтитр нақты қай репликаға жататынын түсіну үшін өте маңызды [5, 39 б.].

Есту қабілеті нашар адамдар үшін субтитрлер фильмдегі кейіпкерлердің репликаларын ғана емес, сонымен қатар дыбыстық эффектілерді де (жауын-шашынның шуы, күн күркіреуі, кернеу пленканың тарқауы, есік қоңырауының шығуы) көрсетеді. Көптеген адамдар тілдік қабілеттерін жақсарту мақсатында түпнұсқа тіліндегі фильмдерді субтитрлермен көреді. Еуропалық елдер үшін бұл әдеттегі тәжірибе, олар тек балалар фильмдерін дубляждайды, себебі субтитрлерге қарағанда дубляждың құны әлдеқайда көп [7].

Субтитрлер 1929 жылдан бастап кинофильмдерді аударуда тұрақты түрде пайдаланылады. Бұл аударманың көне түрі, себебі ұзақ уақыт бойы техникалық тұрғыдан қол жетімді болатын. Сонымен қатар, бұл фильмнің түпнұсқалық дыбысын, демек, оның көркемдік құндылығын жеткізудің жалғыз амалы. Аударманың бұл түрі түпнұсқа тілін бұрмаламайды және тілдің базалық білімі бар көрерменге диалогтың мазмұнын өз еркімен бақылауға мүмкіндік береді. Субтитрлермен аудару коммерциялық тұрғыдан тиімді, себебі ол техникалық тұрғыда орындауға жеңіл және аз адамдардың қатысуын

талап етеді. Субтитрлер арқылы аударылған фильм білім беру мақсаттарында пайдаланылуы мүмкін. Алайда, бұл кино аударманың бір кемшілігі бар – бұл бір мезгілде суретке және субтитрлер мәтініне қарау қажеттілігіне байланысты қабылдау қиындығы [3, 97 б.].

Субтитрлаудың кино аудармасының басқа түрлерінен айырмашылығы – бұл субтитрлар мәтіннің жазбаша аудармасы болып табылуы. Ауызша және жазбаша сөйлеу бір-бірінен стилистикалық және синтаксистік түрде ерекшеленетіндіктен, ауызша кодтан жазбаша кодқа өтуде қиындықтар туындайды.

Сонымен, киномәтін – ауызша және бейвербалды белгілердің көмегімен бірге толықтай байланысқан, біртұтас және аяқталған мәтін болғандықтан, оны аудару барысында аудармашылардың алдында күрделі мәселе тұрады, яғни, аудармашылар сурет пен аударманың ара қатынасын белгілеу керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Нұрмышева Ш.А. Кинодискурс аудармасының коммуникативтік-прагматикалық сипаты. филол.ғ.к. ... дисс. – Алматы, 2009. – 126 б.

2. Алексеева И.С. Введение в переводоведение: Учебное пособие. - М.: ИЦ Академия, 2004. - 352 с.

3. Матасов Р.А. Перевод кино/видео материалов: лингво-культурологические и дидактические аспекты. - М.: МГУ, 2009. - 211 с.

4. Казакова Т.А. Практические основы перевода. - Спб.: Союз, 2001. - 320с.

5. Горшкова В.Е. Техника перевода в кино: дублирование // Вестн. Иркут. гос. лингвист. ун-та. Серия: Лингвистика, 2005. - № 7. С. 30-43.

6. Жилисбаев Т.Б. Дубляж фильмов на русский и казахский языки и их продвижение // Казахская национальная академия искусств им. Т. Жургенова, Алматы. - № 3 (149). - 2014. - С. 243-246.

7. http://www.kinonews.ru/culture_330/.

5.16. Визуальный язык как основа построения пространств

Динара Алиевна Ембергенова
Магистр искусствоведческих наук, докторант, факультет дизайна,
Казахская головная архитектурно-строительная академия
(Алматы, Казахстан)
Айжан Тимуровна Ахмедова
